| | бөліп орналастыру. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | естіріп береді.Балалар үлгіге қарап, гүлдерді құрастырады. **(Құрастыру, жапсыру)** | міз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. *(саусақтарын ашып, жұмады)* **(Дене шынықтыру, сенсорика)** | **Ойынның барысы:** Балаларға әр түрлі пішіндерден балықтарды құрастырып «су асты патшалығына» орналастыру керек.**(Құрастыру, сенсорика, жапсыру)** | **Көше бойын аралап. Кім алманы табады, Сол ойыннан шығады** Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатынын көрсетуін сұрайды. **(Музыка, сенсорика, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Нұрлан Гүлім қарқынды өзгертіп жүруді, жүгіруді үйрету. | Еркінбек Парасат жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. | Аманбек Ақсезім түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруды үйрету. | Темірбай Айсезім қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жыр-ту, бүктей) білуді үйре-ту. | Ахылбек Тамирис өс-імдіктер мен жануар-ларға қамқорлық таны-туды: оларды жақсы кө-руді, сипауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.**(Сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдысы, үлкен және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бақшадағы көкөністерді бақылау (қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ).<br>**Мақсаты:** Көкөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағамғақолданылуы, құ- | **Бақылау:** Гүлдерді бақылау (георгин, астра, календула).<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). | **Бақылау:** Түскен жапырақты бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштардағыжапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, | **Бақылау:** Шалшық суды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын жаңбырдансоң жиналатын шалшық суларғааударy.Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне | **Бақылау:** Аула сыпырушының жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) жә- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рамындағы дәрумені; күзде көкөністерді жинау; көкөністердің пісіп - жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйрету.<br>**Еңбек:** Бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау.<br>**Мақсаты:**Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.<br>**Қимылды ойын:** «Бақшашылар».<br>**Мақсаты:**Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ.**<br>Көкөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік, | Күзгі гүлдердің сұлулығынақызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Бақшада жұмыс (жер қазу).<br>**Мақсаты:**Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Бақшадағы тауықтар».<br>**Мақсаты:**Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.**<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл)<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>**Тәжірибе:** Құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br>**Қорытынды:** Жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br>**Еңбек:** Түскен жапырақтарды жинау.<br>**Мақсаты:**Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Тыныш жүгіріп өт».<br>**Мақсаты:**Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын | мән бергізу.<br>**Тәжірибе:** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>**Мақсаты:** Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Еңбек:** Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау.<br>**Мақсаты:** Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Бір аяқпен жолдан секіру».<br>**Мақсаты:**Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Көркем сөз.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | не оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Аула сыпырушығакөмектесу.<br>**Мақсаты:**Балаларды ересектергекөмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).<br>**Мақсаты:**Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Мақал -мәтел.**<br>Еңбексіз өмір<br>– сөнген көмір.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көктемде еккен көкөніс<br>Күзде берді көп өнім.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | жүріп өту. Ережені<br>сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.**<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары.<br>(Жапырақ)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Серуеннен оралу** | Тез киіну және шешіну қабілетін арттыру.<br>Гардеробыңызда тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін күшейтіңіз.<br>Әңгімелесу: «Біз гардеробта заттарды қалай ретке келтіреміз. Маған көмек керек емес.<br>Мен курткамды шешіп аламын.<br>Мен аяқ киімімді шешемін.<br>Мен оны суреті бар шкафқа саламын.<br>Мұқият тыңдау: Мен тәуелсізбін! **( Көркем сөз )** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел** | **Баяу қимылды ойын:** «Епті бол».<br>**Мақсаты:** Балаларды | **Сөздік ойындар:**<br>**Мақсаты:** «Ненің дыбысы?» балалардың | **«Шарды ұста»** жәй қимылды ойыны:<br>**Мақсаты:** Балалар- | **Сөздік ойын:** «Добым».<br>**Мақсаты:** Заттардың түс қасиеттеріне зейінін | **Сөздік ойын:**«Марғау»<br>**Мақсаты:** Балалардың ересектермен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | ептілікке жылдамдыққа баулу. **(Физикалық дамыту)** | сөздік қорын ойлау қабілетін дамыту. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | дың ойлауын , зейінін, жылдамдыққа баулу және дамыту. **(Шығрмашылық дағдыларды қалыптастыру)** | Дамыту. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | қарым қатынас жасауға тәрбиелеу. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Кім болам?» ата – аналармен әңгімелесу. **(Сөйлеуді дамыту)** | Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | «Туған жерге саяхат» ата – аналарға балаларына туған жер туралы қосымша мағлұматтар беруін сұрау. **(Сөйлеуді дамыту)** | Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. **(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** | Ата аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша /мектепке дейінгі шағын орталық):** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»

**Топ:**«Балапан» кіші тобы

**Балалардыңжасы:**2 жастағы балалар
**Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 2023 жыл, желтоқсан айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 04.12.2023 ж | Сейсенбі 05.12.2023 ж | Сәрсенбі 06.12.2023 ж | Бейсенбі 07.12.2023 ж | Жұма 08.12.2023 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:** «Сәлеметсің бе, балабақша!».<br>**Мақсаты:** Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. **(Гигиеналық іс – шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** «Бұл қай мезгіл?».<br>**Мақсаты:**Қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.Ой-ын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту.<br>**Көрнекіліктер:**Қыс мезгілінің суреттері.<br>**Ойын шарты:**Қыс мезгіліндегі суреттерді қарай отырып, қысқы ойындар туралы айта отырып, шана, шаңғы, аққала суреттерін құрастыру.<br>**Көркем сөз:**<br>Ауыл алды ақшақар, | **Дид/ойын:** «Отбасы мүшелерін орналастыр».<br>**Ойнаушылар саны:** 7-8 бала.<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, оларды құрметтеуге үйрету. Есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру.<br>**Құрал-жабдықтары:** Отбасы мүшелерінің суреттері, ұяшықтар.<br>**Ойынның барысы:** Балалар отбасы мүшелерінің аттарын, олардың жанұядағы орны мен атқаратын қызметін атаулары керек. | **Дид/ойын:** «Қыстап қалған құстар?».<br>**Мақсаты:**Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.<br>**Көрнекіліктер:**Қыстап қалған құстардың суреттері.<br>**Ойын барысы:** Жүргізуші қарға мен торғайдың суреттерін балаларға көрсетіп, әр қайсының ерекшелігін суреттеп беруді ұсынады. Мыс: Қарға қара, торғайдан үлкен, т.б. | **Дид/ойын:** Мысықай анасын қалай тауып алды?<br>**Мақсаты:** Әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Мысықай анасынан адасып қалады. Мысықай анасын іздеп жолға шығады. Келе жатып, әтешті көреді.<br>-Сен менің анамсың ба? – деп сұрайды.<br>**Әтеш:** - Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, дейді. Мысықай ешкіге келеді.<br>-Сен менің анамсың ба? | **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын:**<br>Орамжапырақ.<br>Орамжапырақты аламыз (*саусақтарын сәл бүгіп, беттестіреді)*<br>Пышақпенен тураймыз (*қолдың қырымен турайды)*<br>Оны қатты қысып ап, *(қолдарын сәл бүгіп, қысады)*<br>Дәміне қарай тұздаймыз.*(тұз себеді)*<br>Суын әбден сығамыз (*жұдырықта ашып, жұмады).* **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақша қарда балалар.<br>Соғып жатыр аққала,<br>Жалқауы жоқ жұмыс-<br>қа. **(Қоршаған орта-<br>мен танысу, сөйлеуді<br>дамыту, құрастыру)** | **(Көркем әдебиет, сөй-<br>леуді дамыту)** | **Көркем сөз:** Тақпақ.<br>Торғай , торғайсың<br>Жақын келіп қонғай-<br>сың<br>Жем берейін тойып ал<br>Сонда торғай тоңбай-<br>сың. **(Қоршаған ор-<br>тамен танысу, сөй-<br>леуді дамыту)** | – деп сұрайды.<br>**Ешкі:** - Ме – ме – ме.<br>Мен сенің анаң емеспін,<br>дейді. Мысықай сиырға<br>келеді.<br>-Сен менің анамсың ба?<br>– деп сұрайды.<br>**Сиыр:** - Мө – мө – мө.<br>Мен сенің анаң емеспін,<br>дейді.<br>Мысықай анасын таба<br>алмай, мұңайып келе<br>жатқанда.<br>-Мияу-мияу...деген дау-<br>ысты естіді. Мысықай<br>қуанып, міне менің анам<br>деп анасын құшақтады.<br>**(Музыка, көркем әде-<br>биет)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Желтоқсан айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br><br>**Жүру:** Бір – бірінің қолдарынан ұстап жүру.<br><br>**Тепе – теңдік сақтау жаттығулары:** Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.<br><br>**Жүгіру:** Заттардың арасымен жүгіру.<br><br>**Еңбектеу, өрмелеу:** Доғаның астынан еңбектеу.<br><br>**Домалату, лақтыру:** Отырып және тұрып домалату.<br><br>**Секіру:** 10 – 15 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.<br><br>Жегеніміз нан болсын! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтарымыз ән болсын!<br><br>Тамақ берген апайға,<br><br>Айтарымыз оң болсын!<br><br>Әумин!**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау. | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қимылды ойын:** Допты ұста.<br><br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға онымен ойнауды ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезекдоп лақтырып: «Ұста» - | **Дид/ойын:** Көңілді музыканттар.<br><br>**Міндеті:** Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Шарты:** Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.<br><br>Домбыраны қолға алып, | **Қимылды ойын:** «Торғай мен мысық».<br><br>**Міндеті:** Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.<br><br>**Ойнаушылар саны**: 10 бала.<br><br>**Құрал-жабдықтар:** Торғай мен мысық атрибуттары. | **Дид/ойын:** Аққала мен шыршаны құрастыр.<br><br>**Міндеті:** Дөңгелек пішіннен аққаланы, ал үшбұрыштан шыршаны құрастыруды үйрету. Үлгіге қарай отырып пішіндердің көлемін әртүрлі етіп (үлкен, орташа, кішкентай) орналастыруға үйрету. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғасты- | **Қимылды ойын:**Допты қақпаға түсіру.<br><br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады.<br>**(Дене шынықтыру)** | Әнайтамыз толғанып.<br>Дан – диги дан.<br>Қобыз аспап киелі,<br>Оны бәрі сүйеді.<br>Пара – ри, пара – ри.<br>Сыбызғыны үрлейміз,<br>Жалқаулықты білмейміз<br>Ду – ду – ду.<br>Трам – та соқса барабан,<br>Қызыға жұрт қараған.<br>Трам – та – та.<br>**(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Ойынның барысы:**<br>Жерге шеңбер сызылады. Балалардың біреуі мысық болады,<br>өзге балалар торғай болады. Торғайлар шеңбердің ішінде отырады.<br>**Тәрбиеші:** «Торғайлар ұшыпты, қанаттарын қағыпты» - дегенде торғайлар ұшады. Мысық торғайларды ұстайды. Мысыққа шеңбердің ішіне кіруге болмайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Дене шынықтыру)** | ру. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекі құралдар:** Әр түрлі көлемді (үлкен, орташа, кішкентай) дөңгелек, үшбұрышты пішіндер. Аққаланың қалпағы т.б.**(Құрастыру, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. Бала допты домалатып, қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға тәрбиеші енді дем алуды, басқалардың қалай өткізетінін көруді ұсынады.<br>Қақпаны ірі құрылыс материалынан жасауға немесе оның орнына балалардың орындығын пайдалануға болады. Олардың аяғының арасынан балалар доп өткізеді. **(Дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Маусымдық өзгерістерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн | **Бақылау:**Бақшаны бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныcты- | **Бақылау:**Торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықты- | **Бақылау:**Қардың түсуін бақылау.<br>**Мақсаты:**Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қар- | **Бақылау:**Ауладағы ағаштарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқарады, түн ұзара-ды); Қыс мезгілінің бас-ындағы қысқа тән белгі-лерді көре білу және өл-ең жолдарынан таба бі-лу.<br><br>**Еңбек:** Ағаштар түбін қармен көму.<br><br>**Мақсаты:** Тірі табиғат-қа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** Қар лақтырып ойнау.**Мақсаты:** Затты лақ-тыру дағдыларын бекі-ту. Бір аяқпен секіру. ***Жеке жұмыс:* Халық болжамы**. Егер тауық ерте қонақтаса, аяз бол-ады.<br><br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынық-тыру, сөйлеуді дамы-ту)** | ру; — зерттеу қызметі-не деген қызығушылық-тарын арттыру.<br><br>**Еңбек:** Қардан құрыл-ыс тұрғызу.<br><br>**Мақсаты:** Қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Қу түлкі».<br><br>**Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа, алғыр-лыққа баулу, тапсырма-ны дұрыс орындаулар-ын бақылау.<br><br>***Жеке жұмыс:*** Ермек-саздан бақшадағы ағаш-тарды мүсіндету.<br><br>**Мақсаты:** Мүсіндеу технологиясын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынық-тыру, мүсіндеу)** | ру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құл-ықтарындағы өзгеше-ліктер туралы түсінік-терін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Еңбек:**Құстар қонақ-тайтын, жем шашат-ын жерді қардан таза-лау.<br><br>**Мақсаты:** Еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Нысанаға тигіз». **Мақсаты:**Ұшып бара жатқан заттың бағыт-ын бақылау, қозғал-ыстың дұрыс орын-далуын есептей білу. ***Жеке жұмыс:*Көр-кем сөз:** Торғайларды қорға. Ө.Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен тор-ғайды<br><br>Қорғамасаң болмайды Кіп-кішкене торғай-лар<br><br>Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғай- | дың түсуі туралы білім-дерін молайту; әдемілік-ке деген сезімдерін тәр-биелеу.<br><br>**Еңбек:** Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен кө-му.<br><br>**Мақсаты:** Бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағ-дыларын дамыту.**Қимылды ойын:** «Ыс-тық-суық».<br><br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.<br><br>***Жеке жұмыс:* Көркем сөз:** «Қыс».<br><br>Т. Молдағалиев.<br><br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br><br>Шұқырларға толады. Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады. Жауып бітер қарды тос-ып,<br><br>Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін | жалғастыру.<br><br>**Еңбек:**Жолды қардан тазалау.<br><br>**Мақсаты:** Аула қарау-шыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жете-ді?».<br><br>**Мақсаты:** Доға астын-ан еңбектеп өту дағды-ларын жетілдіру.<br><br>***Жеке жұмыс:* Көркем сөз:** «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтар-ым<br><br>Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын.<br><br>**Мақсаты:** Сөйлеу дағ-дыларын бекіту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынық-тыру, сөйлеуді дамы-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ды,<br><br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбай-ды.<br><br>**Мақсаты:** Тіл бай-лықтарын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шын-ықтыру, сөйлеуді да-мыту)** | Басуға да қимайсың.<br><br>**Мақсаты:** Сөздік қор-ларын жаңа сөздермен толықтыру.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен та-нысу, дене шынықты-ру, сөйлеуді дамыту)** | **ту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br><br>Мәдени-гигиеналық талаптардың орындауларын қадағалау . **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Астан кейін ауыз қуыстарын шайғызу, беті-қолдарын жуғыздыру; ұйқыға жатқызу, жағымды әуен қою.<br>**((Мәден – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,**<br><br>**сауықтыру шаралары** | «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу.<br><br>(**Дене белсенділігі).** | | | | |
| **Бесін ас** | Асқа отырғызу. Асты ұқыпты жеуге дағдыландыру.<br><br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Дид/ойын:**«Алақай, қыс келді». | **Дид/ойын:** «Үй жан-уарлары». | **Қимылды ойын:** | **Дид/ойын:**«Отбасы».<br>**Мақсаты:** Отбасы мү- | **Ұсақ қол моторикасы-на арналған ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Мақсаты:** Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Қыс мезгілінде болатын табиғат құбылыстары туралы түсіндіру.<br>**Ойын шарты:** (суреттер мен қиындылар)<br>Балаларды топқа бөлу, әр топқа қиынды суреттер таратып беру. Суреттерді құрастыру арқылы шыққан суретке сөйлем құрау.<br>Мыс: Мен дөңгелектен аққала құрастырдым. Аққаланы қардан жасаймыз т.б. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру, жапсыру)** | **Ойын мақсаты:** Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.<br>**Ойын шарты:** Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін<br>атату, олар туралы мейірімді сөздер айту.<br>Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.)<br>Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.)<br>Төлдер қалай ойнайды? (секіреді, жүгіреді.)<br>Балалар әжелерің, аталарың еркелеткенде қандай сөздер айтады?- құлыншағым, қошақаным, ботақаным т.б. | Торғайлар мен автомобиль.<br>**Мақсаты:**Балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Балалар бөлменің немесе алаңның бір жағында отырады. Олар ұяларында отырған торғайлар.Бір бала автомобиль бейнелейді (аланның қарама-қарсы жағында).<br>**Тәрбиеші:** «Жол жүріп ұшып кеттік,торғайлар»-деген сөзіне,балалар жүгіреді,құстар сияқты қанаттарын қағып.<br>Біраз уақыт өткен сон: «Байқандар,автомобиль келе жатыр»-дейді.Балалар(торғайлар) ұяларына ұшып барады.<br>**(Дене шынықтыру)** | шелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу.<br>**Балалармен жеке жұмыс:**<br>Тақпақ жаттау.<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар —<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар…<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін, еремін!<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Тасбақа.<br>Асықпайтын тасбақа *(жұдырықты үстел үстімен жайлап жылжытады)*<br>Тас ішінде тұрады<br>Басын жайлап шығарып, (*сұқ саусағын шығарып, қайтадан жасырады)*<br>Қайтадан оны тығады. (*бірнеше рет қайталайды).* **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Шохан Сафия қарқынды өзгертіп | Сержан Томирис | Айдар Айғаным түрлі көлемдегі гео- | Нұржігіт Ерқанат кесе, тостаған, табақты мүсін- | Бисен Әмір дәмі, сыртқы белгілері бой- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүруді, жүгіруді үйрету. | қара-пайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту-ды үйрету. | метриялық фигура-ларды негізгі қасиет-тері бойынша салыс-тыруды үйрету. | деуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді үйрету. | ынша көкөністер мен жемістерді ажыратуды және атауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Маусымдық өзгерістерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс басын-дағы табиғаттағы өзгер-істер туралы түсініктер-ін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзара-ды); Қыс мезгілінің бас-ындағы қысқа тән белгі-лерді көре білу және өл-ең жолдарынан таба бі-лу.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбін қармен көму.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат-қа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** Қар лақтырып ойнау.<br>**Мақсаты:** Затты лақ-тыру дағдыларын бекі-ту. Бір аяқпен секіру.<br>**Жеке жұмыс: Халық** | **Бақылау:**Бақшаны ба-қылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіл-індегі бақшада болатын өзгерістермен таныстың-ру; — зерттеу қызметі-не деген қызығушылық-тарын арттыру.<br>**Еңбек:** Қардан құрыл-ыс тұрғызу.<br>**Мақсаты:** Қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету; Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қу түлкі».<br>**Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа, алғыр-лыққа баулу, тапсырма-ны дұрыс орындаулар-ын бақылау.<br>**Жеке жұмыс:** Ермек-саздан бақшадағы ағаш- | **Бақылау:**Торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыстап қа-латын құстар жайлы білімдерін толықты-ру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құл-ықтарындағы өзгеше-ліктер туралы түсінік-терін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:**Құстар қонақ-тайтын, жем шашат-ын жерді қардан таза-лау.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Нысанаға тигіз».<br>**Мақсаты:**Ұшып бара жатқан заттың бағыт-ын бақылау, қозғал- | **Бақылау:**Қардың түсу-ін бақылау.<br>**Мақсаты:**Қардың қаси-еттері туралы түсініктер-ін қалыптастыру; Қар-дың түсуі туралы білім-дерін молайту; әдемілік-ке деген сезімдерін тәр-биелеу.<br>**Еңбек:** Өз алаңындағы ағаш түптерін қармен кө-му.<br>**Мақсаты:** Бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағ-дыларын дамыту.**Қимылды ойын:** «Ыс-тық-суық».<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:** «Қыс». | **Бақылау:**Ауладағы ағаштарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштар ту-ралы білімдерін молай-ту; — ағаштардың қыс-қы бейнесін бақылауды жалғастыру.<br>**Еңбек:**Жолды қардан тазалау.<br>**Мақсаты:** Аула қарау-шыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жете-ді?».<br>**Мақсаты:** Доға астын-ан еңбектеп өту дағды-ларын жетілдіру.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:** «Қыс» Р.Сәбитұлы Қар жамылды бақтар-ым<br>Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **болжамы**. Егер тауық ерте қонақтаса, аяз болады.<br><br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тарды мүсіндету.<br><br>**Мақсаты:** Мүсіндеу технологиясын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, мүсіндеу)** | ыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>**Жеке жұмыс:Көркем сөз:** Торғайларды қорға. Ө.Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br><br>Қорғамасаң болмайдыКіп-кішкене торғай-лар<br><br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br><br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br><br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар.** | Т. Молдағалиев.<br><br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br><br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br><br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың.<br><br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br><br>**Мақсаты:** Сөйлеу дағдыларын бекіту.<br><br>**Еркін ойындар.**<br><br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу.<br><br>Шешіну кезінде балаларды шкафқа колготки, шортиын салуға шақырыңыз. Оқуды жалғастырыңыз, көмек сұрауды сыпайы түрде білдіріңіз.<br><br>Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету.<br><br>Суреттерді қарау: "Балалар қолдарын жуады". Олар бойынша әңгіме. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу** | **Үстел үсті ойыны:** | **Қимылды ойын:** «Аю- | **Дидактикалық ойын** | **Баяу қимылды ойын:** | **Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Суреттер құрастыру». **Мақсаты:**Ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрену. Әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыта алады. **(Физикалық дамыту*)*** | дың апанында». **Мақсаты:** Балалардың ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. **«Физикалық дамыту»** | «Пирамиданы жинау» **Мақсаты:** Берілген пирамиданы үлкенін кішісіне қарай дұрыс жинауға дағдыландыруды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | «Өз үйіңді тап». **Мақсаты:** Балалардың ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. **«Физикалық дамыту»** | « Мен бастаймын сен аяқта». **Мақсаты:** Сөздегі дыбыстарды, сөздерді дұрыс айту. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту»** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». **(Дене шынықтыру)** | **Психологтің кеңесі:** | Балалар отбасында өздері не істей алуы туралы әңгімелесу. **(Сөйлеуді дамыту)** | **Кеңес:** «Құқық дегеніміз не?». | **Жобаны таныстыру:** «Менің отбасым» тақырыбына көрме ұйымдастыру.**(Мүсіндеу)** |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Желтоқсан айы

| Күн | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|

| тәртібінің үлгісі | 11.12.2023 ж | 12.12.2023 ж | 13.12.2023 ж | 14.12.2023 ж | 15.12.2023 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:** «Саламат па, Жаңа күн!».<br>**Мақсаты:** Топта көтеріңкі көңіл – күй орнату. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Менің Отаным-Қазақстан»**<br>**Мақсаты:** Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүюге тәрбиелеу.<br>(**Қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** Құстың даусын тап.<br>**Мақсаты:** Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** Үлкен, кіші құстардың суреті.<br>**Шарты:** Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку – ку деп құстар сияқты әндетеміз. Үлкен құстар – жуан әндетеді, кішкентай құстар – жіңішке дыбыста әндетеді. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:**«Кілтті тап».<br>**Мақсаты:**Балаларды түстерді, геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету, көру , ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойыншылар саны:** 5-10 бала.<br>**Керекті құралдар:** Түрлі – түсті құлып суреттері және геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның барысы:** Балаларға қызғылт көк, сары, жасыл құлыптарды тарату, балалар олардың кілттерін, яғни кілттерді түстеріне сәйкестабуы керек.**(Сенсорика, сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:**«Қоянға көмектес».<br>**Ойын мақсаты:** Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.<br>**Ойын шарты:** Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар сендер көздеріңді жұмыңдар, қоян мына жерден қандай көкөністі алып қойғанын кім бірінші байқайды.Қоянға көкөніс сыйлаймыз.<br>**Шарты:** Көкөністерді ыдысқа айырып жинау. Қоянға өзі жақсы көретін көкөністі сыйға беру.**(Сөйлеуді дамыту, сенсорика, сурет салу)** | **Қимылды ойын:** Жел көбік ойыны.<br>**Мақсаты:**Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.<br>**Тәрбиеші:** «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. | **Қимылды ойын:**Автобус.<br>**Мақсаты:**Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.<br>**(Дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **(Дене шынықтыру,музыка)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Желтоқсан айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br><br>**Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу.<br><br>**Арқаның бұлшықеттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.<br><br>**Іштің және аяқтың бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Таяныштан ұстап отыру.<br><br>**(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке**<br><br>**Дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау. | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған**<br><br>**іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қимылды ойын:**Допты кәрзеңкеге түсір (дәл көзде).<br><br>**Ойын шарты:**Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір- | **Дид/ойын:** Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс.<br><br>**Міндеті:** Есту қабілетін дамытып, дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі. | **Қимылды ойын:**Бақшадағы тауықтар.<br><br>**Ойын шарты:**Рейканы немесе жіптің көмегімен аздаған жер қоршалады.<br><br>Ол – бау-бақша. Одан | **Дид/ойын:** «Не жоқ?».<br><br>**Міндеті:** Балаларға киіз үйдің бөлшектерін атап, естерінде сақтауға үйрету.<br><br>**Ойыншылар саны:**8 бала | **Қимылды ойын:** Автомобильдер.<br><br>**Ойын міндеті:** Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үлкен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады.Егер бала межені дәл көздемесе, допты жер-ден(еденнен) көтереді де басқалар сияқты шең-берге тұрады.Ойын қай-тадан басталады. Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады.**(Дене шынықтыру)** | **Шарты:** 1 – бала ду-у-у соза әндетеді, екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | қашық емес жерге орындық қойылады, бұл күзетшінің күркесі.Күзетшінің ролін алғашқыда тәрбиеші орындайды, ал кейін тәрбиешінің белгілеуімен белсенді балалар атқарады. Қалған балалар тауықтар.Күзетші орындыққа отырған бойда тауықтар бақшаға түседі, қорғанның астынан өтіп, бақшада жүреді, жерді шұқиды, қытқылайды.Күзетші тауықтарды байқап оларды бақшадан қуа бастайды – алақанын шапалақтайды, «Қыш – қыш» деп дауыстайды.Тауықтар қашып кетеді<br><br>Қорықшы бақшаны бір айналып шығады да қайтадан отырады.Ойын қайта басталады.Одан кейін басқа күзетші тағайындалады. Ойын осылайша4-5 рет қайталанады. | **Құрал – жабдықтар:**Киіз үй бөлшектерінің суреттері.<br>**Ойынның барысы:** Балаларға киіз үйдің бөлшектерінің суреттерін ұсынады. Балалармен бірге атауларын атайды. Балалардан көздерін жұмуларын өтінеді де заттың біреуін жасырады. Балалар қандай заттың жасырынғанын табады.**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>**Ойынның барысы:** Балалар үш -үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-ші бала «бампер», 2-ші бала «мотор», 3-ші бала «жүргізуші» болып, қолдарының шынтақтарынан ұстап тіркеледі.<br><br>Тәрбиеші сигнал бергенде, топтың ішіне «автомобильдерін» бірбіріне соғылыстырмай жүргізеді.Ал «бампер» және «мотор» (көзін жұмып) «жүргізушінің нұсқауымен жүреді.<br><br>Ойын барысында балалар орындарынан кезектестіріп ауыстырып отырады. Оның соңында әр бала «бампер», «мотор», «жүргізуші» қызметін атқарудағы ойларын ортаға салады. Қай рөлде бала өзін жақсы сезінгені туралы әңгімелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(Дене шынықтыру)** | | **(Дене шынықтыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Аула тазалаушының еңбегін бағалау.<br>**Мақсаты:** Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құрмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Еңбек:** Қуыршақ үшін қардан құрылыс тұрғызу.<br>**Мақсаты:** Бірлесе жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Екі аяз».<br>**Мақсаты:** Жүгіруге жаттықтыру; Ойын ережесін сақтай білулерін | **Бақылау:** Ауладағы ағаштарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштар туралы білімдерін бекіту; Салыстыру, сараптау, қорытынды жасай білулерін дамыту.<br>**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты:** Ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>**Мақсаты:** Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; Сөздік қорларын байыту; Табиғатқа қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Көркем сөз: «Ағаштар» М.Әлімбаев.<br>Қысында да шырайлы, | **Бақылау:**Қара қарғаны бақылау.<br>**Мақсаты:**Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**Еңбек:** Аланды қардан тазалау.<br>**Мақсаты:** Ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>**Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**Көркем сөз: Құстар қыста тоңады. Ө. Ақыпбеков. Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. | **Бақылау:**Желді бақылау.<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Еңбек:** Сырғанақ төбешік соғу.<br>**Мақсаты:** Бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** Ең мерген кім?<br>**Мақсаты:** Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап»<br>**Мақсаты:** Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-** | **Бақылау:**Көпшілік көліктерін бақылау.<br>**Мақсаты:** Көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>**Мақсаты:** Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Жүргізушілер және жаяулар».<br>**Мақсаты:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Балаларға әр түрлі көліктердің бейнелерін көрсетіп, бояту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау.<br>**Жеке жұмыс:** Аула тазалаушы әпкейге арнап өлең айтып, би билеу.<br>**Мақсаты:** Аула тазалаушы әпкейдің көңілін көтеру.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, құрастыру, дене шынықтыру, музыка)** | Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>**Мақсаты:** Ағаштарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Түстерді атай білу, тани білу біліктерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сурет салу)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру. (**Гигиеналық шаралар)** | | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>**((Мәден – гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | Балаларға әр түрлі қимылды жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,** | **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын:** | **Дид/ойын:** «Айырмашылығын тап».<br>**Мақсаты:** Балаларға екі | **Дид/ойын:** «Ненің төлі жоқ?».<br>**Мақсаты:** Үй жануар- | **Дид/ойын:** Біз қайда бардық, не көрдік?<br>**Мақсаты:** Буындап әндету | **Қимылды ойын:** Машиналар.<br>**Ойын мақсаты:** Бала- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Жаңбыр.<br>Таң атқаннан тоқтамастан<br>Жаңбыр жауды себелеп (*барлық саусақтарымен жайлап «жаңбыр жауғызады»)*<br>Сондықтан да жасыл желек *(саусақтарын түрлі бағытта қозғайды)*<br>Суға қанды, не керек? *(саусақтарын жазып, алақандарын жаяды).* **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл - ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. **Мазмұны:**Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | ларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын ережесі:** Ойыншық үй жануарлары үстел үстінде тұру керек.Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларын бір төлін тығып тастайды.Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп сұрайды?Балалар жауап беру керек.Ойын бірнеше рет жалғастырылады.<br>**(Сөйлеуді дамыту)** | ерекшеліктеріне үйрету.<br>**Шарты:** Жетекші әнмен сұрақ қояды. Балалар әндете жауап береді.<br>-Біз орманға бардық, не көрдік?<br>-Аю, қоян, түлкі, қасқыр, т.б.<br>-Біз циркке бардық, не көрдік? **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | ларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады.**(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айдар Айғаным<br>белгілі бір ретпен киінуді және шешінуді үйрету. | Сержан Томирис кітаптардағы иллюстрацияларды қарауды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету. | Шохан Сафия түс-сі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуді және салыстыруды үйрету. | Айдар Айғаным<br>бей-нелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюды және құрастыруды үйрету. | Бисен Әмір<br>заттарды және олармен әрекет ете білуді, оларды суреттен тануды үйрету. |

| Серуенге дайындық | **Киіну:** серуенге шығу.**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:** Аула таза-лаушының еңбегін ба-ғалау.<br><br>**Мақсаты:** Аула таза-лаушының еңбегін ба-қылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байы-ту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік жә-не құрмет сезіміне тәр-биелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктер-ін арттыру.<br><br>**Еңбек:** Қуыршақ үшін қардан құрылыс тұрғы-зу.<br><br>**Мақсаты:** Бірлесе жұ-мыс істеуге үйрету; ең-бексүйгіштікке тәрбие-леу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Екі аяз».<br><br>**Мақсаты:** Жүгіруге жаттықтыру; Ойын ере-жесін сақтай білулерін тиянақтау. | **Бақылау:** Ауладағы ағ-аштарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштар тура-лы білімдерін бекіту; Са-лыстыру, сараптау, қоры-тынды жасай білулерін дамыту.<br><br>**Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю.<br><br>**Мақсаты:** Ағаштарға де-ген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Аула-да қандай ағаштар өсе-ді?».<br><br>**Мақсаты:** Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; Сөздік қорлар-ын байыту; Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Көркем сөз: «Ағаштар» М.Әлімбаев.<br><br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар, | **Бақылау:**Қара қарға-ны бақылау.<br><br>**Мақсаты:**Қарғалар-дың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстар-дан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br><br>**Еңбек:** Аланды қардан тазалау.<br><br>**Мақсаты:** Ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәр-биелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Бәйге».<br><br>**Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын, ептілі-гін, қызығушылығын дамыту.<br><br>**Жеке жұмыс:**Көркем сөз: Құстар қыста то-ңады. Ө. Ақыпбеков.<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады, | **Бақылау:**Желді бақылау.**Мақсаты:** Өлі табиғат ту-ралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>**Еңбек:** Сырғанақ төбешік соғу.<br><br>**Мақсаты:** Бір-біріне деген жағымды көзқараста бол-уға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** Ең мер-ген кім?<br><br>**Мақсаты:** Заттарды лақ-тыруға жаттықтыру; Көз-бен мөлшерлей білулерін дамыту.<br><br>**Жеке жұмыс:** «Затты тап»**Мақсаты:** Балабақша ау-ласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру,** | **Бақылау:**Көпшілік көліктерін бақылау.**Мақсаты:** Көпшілік көліктері туралы білім-дерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br><br>үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызы-ғушылыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Аула тазалау-шыға көмектесу.<br>**Мақсаты:** Еңбекке де-ген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен ор-ындауға баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Жүргізушілер және жаяулар».<br><br>**Мақсаты:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәр-биелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Балалар-ға әр түрлі көліктердің бейнелерін көрсетіп, бояту.<br><br>**Мақсаты:** Түстерді ат- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жеке жұмыс:** Аула тазалаушы әпкейге арнап өлең айтып, би билеу.<br><br>**Мақсаты:** Аула тазалаушы әпкейдің көңілін көтеру.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, құрастыру, дене шынықтыру, музыка)** | Салбырады сәнді тал.<br><br>**Мақсаты:** Ағаштарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Қарды көзге ұшырып.<br><br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **сөйлеуді дамыту)** | ай білу, тани білу біліктерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сурет салу)** |
| **Серуеннен оралу** | Тез киіну және шешіну қабілетін арттыру.<br><br>Гардеробыңызда тазалық пен тәртіпті өз бетінше сақтау қабілетін күшейтіңіз. Әңгімелесу: «Біз гардеробта заттарды қалай ретке келтіреміз».<br><br>Маған көмек керек емес.<br><br>Мен курткамды шешіп аламын.<br><br>Мен аяқ киімімді және аяқ киімімді шешемін.<br><br>Мен оны суреті бар шкафқа саламын. Мұқият тыңдау: Мен тәуелсізбін! **( Көркем сөз )** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дидактикалық ойын:**<br><br>«Мұнара және доп».<br><br>**Мақсаты :** Заттарды түсі бойынша реттеуді үйрету. Сөйлесу қабілетін арттыру.<br><br>**(Сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын:**<br><br>«Пирамиданы жинау».<br>**Мақсаты:** Берілген пирамиданы үлкенін кішісіне қарай дұрыс жинауға дағдыландыру.<br>**(Сенсорика)** | **Дидактикалық ойын**<br><br>«Қызықты төртбұрыш».<br><br>**Мақсаты:** Төртбұрыш туралы баланың түсінігі, олардың өлшемі бойынша кезек- | **Дидактикалық ойын:**<br><br>«Қайсысы артық?».<br><br>**Мақсаты:** Тағамдардың ішінен ұннан жасалған<br><br>тағамды белгілеп, тани білуге қалыптастыру.<br>**(Қоршаған ортамен та-** | **Дидактикалық ойын:**<br><br>«Көліктер қандай түсті?».<br><br>**Мақсаты:** Басты түстердің күнделікті айтылуын қалыптастыру; түсі бойынша көліктер- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | теп қоюға үйрету, есте сақтау, назар аудару қабілеттерін арттыру. **(Сенсорика)** | **нысу)** | ді айыра білу; аталған түсті басқа үш түстерден айыра білу.<br>**(Сурет салу)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:**<br>«Баланың бақшадағы киімі». | **Дербес еркін ойын әрекеттері.**<br>**Кеңес:** Қыс мезгілі болған-ықтан аяздан қорғану. | **Дербес еркін ойын әрекеттері.**<br>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Балаларға жақсы демалыс тілеп, ата – аналарымен шығарып салу. | «Демалыстарың сәтті өтсін балалар!». |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Желтоқсан айы

| **Күн**<br>**тәртібінің** | **Дүйсенбі**<br>**18.12.2023 ж** | **Сейсенбі**<br>**19.12.2023 ж** | **Сәрсенбі**<br>**20.12.2023 ж** | **Бейсенбі**<br>**21.12.2023 ж** | **Жұма**<br>**22.12.2023 ж** |
|---|---|---|---|---|---|

<table>
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті,** | **Дид/ойын:** «Қуыршақтар ұйықтайды және билейді». **Ойын шарты:** Ортаға ән – күй жетекшісі қуыршақты шығарады, қуыршақ балалармен | **Қимылды ойын:** «Айдаһардың құйрығы». **Мақсаты:**Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу. **Ойын шарты:** Ойынға қа- | **Сюжетті – рөлдік ойын:** «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана». **Мақсаты:** Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу | **Дид/ойын:** «Құстар мен аңдарды құрастыру». **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын дамыту. **Ойнаушылар саны:** 10 - 15 бала. | **Дид/ойын:** «Үйлерге орналастыр». **Мақсаты:** Балаларда түстер туралы түсінік қалыптастыру. Оларды салыстырып, сәйкестендіруге үйрету. Ойлау қабілетін да- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптарды қарау және басқалар)** | би билейді, егер де қуыршақ ұйықтап қалса балалар қуыршақпен бірге ұйықтап қалады. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | тысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам –«айдаһардың басы».Ең соңғысы - «құйрығы» болады.Ойын кезінде көңілді музыка қойылады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты – ұстатпау, қайткенде де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады. **(Дене шынықтыру, музыка)** | және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін – өзі ұстау ережелерін бекіту. **(Көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | **Құрал-жабдықтары:** Құстар мен аңдардың қиындылары. **Ойынның барысы:** Тәрбиеші құстардың және аңдардың суреттерін, қиындыларын балалардың алдына үлестіреді. Балалар осы суреттерге қарап отырып құстарды, аңдарды ажыратып құрастырады. **(Құрастыру, қоршаған ортамен танысу)** | мыту. **Әдіс-тәсілі:** Түстерді көрсету. **Қажетті құралдар:** Қатты қағаздан жасалған түрлі -түсті үйлер, мысықтар. **Ойынды жүргізу барысы:** Балалардың назарына 6-8 түсті үйлерді ұсыну. Олардың түстерін таныстырып, қайталап сұрау. Содан кейін сол үйлердің түсіне сәйкес мысықтарды көрсетіп, таныстыру. Мысықтардың түстеріне сәйкес үйлерге орналастырып көрсету. Балалардан көргендерін өздеріне қайталап, жасату. Білмеген балаларға көмектесу. **(Сенсорика, сурет салу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қаңтар айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға баулу.<br>**Мәдени – гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, ормал, тарақ, түбек) үйрету.<br>**(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | «Су тамшылары» жуыну процедурасы. Беті – қолын өз сүлгілерімен сүртуді қадағалау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-** | **Шаттық шеңбер: «Мен шыншыл баламын»** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ған іс-әрекетке дайындық** | Арым таза, ақ көңіл,<br>Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақ ниет,<br>Адамдыққа сенемін!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қимылды ойын:** «Қар-лығаш».<br>**Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа әрі шы-дамдыққа, ұйымшыл-дыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Бұл ой-ынды өткізу үшін мін-детті түрде дөңгелек қа-жет. Одан кейін «қарлы-ғашты» және «күзетші-ні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында от-ырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуы-лынан қорғап жүреді.<br>«Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тыр- | **Дид/ойын:** «Музыкалық қапшық».<br>**Ойын шарты:** Ән – күй жетекшісі балаларға му-зыкалық қапшықты алып келеді. Ол қапшықтың ішінде музыкалық аспап-тар, ән – күй жетекшісі сол аспаптарда кезек – ке-зек ойнап балаларға үнде-рін естіртеді, ал балалар қандай аспаптың үні ек-енін ойлап табулары ке-рек. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Қимылды ойын:**«Аң-шы».<br>**Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, ұйым-<br>шылдыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Балалар-дың қалауы бойынша<br>ортаға аңшы н/е кез – келген жануарлардың<br>біреуі аталады.Балалар шеңбер құрып тұрады.<br>Аң қашады,ал аңшы со-ңынан қуып ұстап алуға тырысады.Балалар қол-дарын көтеріп, аңды шеңбер ішіне кіргізіп | **Дид/ойын:** Ботқа жасай-мыз.<br>**Мақсаты:** Балаларға сурет салудың әр түрлі әдістерін көрсете отырып, ой қиялын дамыту.<br>**Керек материалдар:** Ұн-тақ жарма; блалар санына сәйкес тарелкалар.<br>**Ойын шарты:** Балалар, бүгін таңғы асқа жарма болды. Бұл өте дәмді, пай-далы және оны жеу керек. Сіздер жарма жеп қана қоймай, оның көмегімен ерекше суреттер жасалаты-нын білесіздер. | **Қимылды ойын:**«Жа-яу көкпар».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа үйрету, өзара достық қарым-қа-тынаста болуға тәрбие-леу.<br>**Ойын шарты:** Бақыл-аушы таңдалады, ол ой-ын ережесінің дұрыс жүрілуін бақылайды және ойын барысында тәртіп бұзбауын қадаға-лайды; ол ойыншылар-ды бір сапқа тұрғыза-ды, сыйлықтан 30 қа-дам жерде финиш ан-ықталады. Саптағы әр ойыншының міндеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ысады.Егер ол тырыс-ып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.**(Дене шынық-тыру, қоршаған орта-мен танысу)** | | алып,ал аңшыны кіргіз-беуге тырысу қажет.<br>Ойын балаларды алмас-тырып отыру арқылы<br>жалғаса береді.**(Дене шынықтыру, қорша-ған ортаментанысу)** | Педагог осындай суреттер салғысы келетіндерді ша-қырады. Балалар үстелге отырады, ал педагог сау-сақпен жарманы күн, жаң-быр, дөңгелек, шөп, сәнді өрнектер және т.с.с. сурет салуға болатындығын көр-сетеді.<br>Ойын аяқталады:<br>• Алынған суреттерді суретке түсіру.<br>• Тазартуда мұғалімге көмектесу. **(Сурет салу, сөйлеуді да-мыту)** | қалған ойыншыларды жығып, сыйлыққа дейін жүгіріп жетіп, оны ұс-тап алып, онымен бірге финишке жету керек. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге шығуға дайындау. Жылы киімдерін кигізіп, сапқа тұрғызып, далаға серуенге алып шығу.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)**. | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райының жайсыз жағдайын бақыл-ау.<br>**Мақсаты:**Балаларға ауа райының жағдайын бай-қап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар ауда-ру. Қатты жел әсіресе ақ-пан айында жиі болады,<br>ұйтқыған боран мен бұр- | **Бақылау:** Қыстың не-гізгі белгілерін бақыл-ау.<br>**Мақсаты:** Балаларды қыстың белгілерін ажы-рата білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>**Мақсаты:**Күрекпен | | **Бақылау:** Ауыл көше-лерін бақылау.<br>**Мақсаты:**Тәрбиеші кө-шеде тәртіп сақтау тура-лы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көп-теген түрі туралы білім-дерін анықтап, толықты-ру.<br>**Еңбек:**Балабақшаның | **Бақылау:** Өзен, көл, су то-ғандарына саяхат.<br>**Мақсаты:** Балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыс-тағы өзгерістерімен таныс-тыру. Мұздың қасиетімен, қалпымен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арнал-ған ережелермен танысты-ру?<br>**Еңбек:** «Сүмелек мұз» та- | **Бақылау:** Қардың қаси-етін бақылау.<br>**Мақсаты:**Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа си-якты, күн нұрына шағыл-ысып жылтырайды.<br>**Еңбек:** Қарды күреу.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлық- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңікіліп жүреді.<br>**Еңбек:**Ауланы қардан тазалау.<br>**Мақсаты:**Күректі пайдалана білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Үшінші артық».<br>**Мақсаты:**Шапшандыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:Жаңылпаштар:**<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Аяз».<br>**Мақсаты**:Тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:**<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | маңын қардан тазарту.<br>**Мақсаты:**Күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Жанады, жанбайды» ойыны.<br>**Мақсаты:**Тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс:** Мұздың үстімен сырғанай білу.<br>**Мақсаты:** Балаларды спортпен шұғылдануға баулу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | қырыбына сурет салу.<br>**Мақсаты:** Сурет салу технологиясын дамыту.<br>**Қимылды ойын:** «Шортан мен табан балықтар».<br>**Мақсаты:**Тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**Денеңді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу.<br>**Мақсаты:** Тепе – теңдікті сақтай білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сурет салу, дене шынықты-ру)** | қа бақылау.<br>**Қимылды ойын:** «Ұстап ал».<br>**Мақсаты:**Белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:**Аққала.<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Мақсаты:** Аққала туралы қосымша түсінік беру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін қолдарын сабынмен жууын қадағалау.<br><br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың орындарына отыруын қадағалау, түскі астың түрлерімен таныстыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақ ішіп болған соң, беті – қолдарын жуып, жатын бөлмеге апарып, төсектеріне жатқызып, жақсы ұйықтауларына тілек білдіру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,**<br><br>**сауықтыру шаралары** | «Найзағай» ұйқыашар жаттығуы. Бір қалпында арқасымен жату, аяқтары бірге, аяғының бойымен тіке тұрады.<br><br>Аяқтарын кеудеге жеткізу.(**Дене белсенділігі).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ұйқыдан сергек оятып, жуындырып, бесін асқа отырғызу, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу керектігін ескерту.<br><br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Балаларға сергіту жаттығуын жасату.**Орнымыздан тұрайық,<br><br>Қолды белге қояйық.<br><br>Жоғары,төмен қарайық,<br><br>Қос аяқтап секіріп,<br><br>Бойымызды жазайық.<br>**(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | **Дид/ойын:**«Әдептілік».<br><br>**Мақсаты:**Балаларды «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.<br><br>**Ойын шарты:** Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып | **Дид/ойын:**Аспапты үнінен тап.<br><br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамытып,аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру.<br>**Көрнекіліктер:**Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар,домбыра..т.б.<br>**Шарты:**Шымылдықтың артындағы бала өзіне ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса,сол жеңімпаз болады. | **Дид/ойын:** Кім шапшаң?<br><br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.<br><br>**Ойын барысы:** «Бақа аюдың үйіне секіріп келіп терезенің алдында тұрып бақылдайды, бақ – бақ мен саған қонаққа келдім. Тышқан жүгіріп келіп, пипи-пи тәтті иіс шығып жатыр. Қаз га-га-га дән шоқуға келдім. Сиыр мө-мөмө су ішуге келдім. Бір кезде аю үйден шығып р-р-р деп ырылдағанда, бар- | **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын:**Найзағай қатты жарқы-рап *(ауада найзағайды бейнелейді)*<br><br>Күркілдеді көк аспан (*жұдырықпен үстелді тырсылдатып, алақандарын соғады)*<br><br>Кенет бұлтты ысырып *(қолдарымен жан жаққа сырады)*<br><br>Шықты күн де жайнаған («күн» жасайды).**(Дене шынықтыру, музыка)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады.**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | лығы қашып кетеді.<br>Қорқақтар неге қашып кеттіңдер мен сендерге қош келдіңдер деп айтқым келді ғой! Кіріңіздер, төрлетіңдер!».**(Сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құралбай Ұлдана<br>бұр-ын естіген әндерін тану-ын дамыту. | Жұпарбек Раяна заттарды және олармен әрекет ете білуін, оларды суреттен тануын дамыту. | Парасат Ғазизқызы қарқынды өзгертіп жүруін, жүгіруін дамыту. | Аманбек Ақсезім қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуын дамыту. | Темірбай Айсезім үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киіндіріп, серуенге шығару. Бақылау, ойнау кездерінде бір – біріне соқтығыспай, ойыншықпен таласпай ойнату. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау.<br>**Мақсаты:**Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады,<br>ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>**Еңбек:**Ауланы қардан тазалау. | **Бақылау:** Қыстың негізгі белгілерін бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>**Мақсаты:**Күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Аяз». | **Бақылау:** Ауыл көшелерін бақылау.<br>**Мақсаты:**Тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру.<br>**Еңбек:**Балабақшаның маңын қардан тазарту.<br>**Мақсаты:**Күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты ор- | **Бақылау:** Өзен, көл, су тоғандарына саяхат.<br>**Мақсаты:** Балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен, қалпымен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>**Еңбек:** «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.<br>**Мақсаты:** Сурет салу технологиясын дамыту.<br>**Қимылды ойын:** «Шортан | **Бақылау:** Қардың қасиетін бақылау.<br>**Мақсаты:**Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>**Еңбек:** Қарды күреу.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа бақылау.<br>**Қимылды ойын:** «Ұстап ал».<br>**Мақсаты:**Белгі берілісі- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Күректі пайдалана білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Үшінші артық».<br>**Мақсаты:**Шапшандыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:Жаңылпаштар:**<br>Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ....<br>Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты**:Тез жүгіруге жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:**<br>Аппақ, аппақ ақшақар<br>Бірін ұстап алайын...<br>Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар,<br>Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ындауға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Жанады, жанбайды» ойыны.<br>**Мақсаты:**Тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс:** Мұздың үстімен сырғанай білу.<br>**Мақсаты:** Балаларды спортпен шұғылдануға баулу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | мен табан балықтар».<br>**Мақсаты:**Тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**Денеңді тепе тең ұстап, мұз үстімен сырғанай білу.<br>**Мақсаты:** Тепе – теңдікті сақтай білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сурет салу, дене шынықтыру)** | мен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Жеке жұмыс: Көркем сөз:**Аққала.<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Мақсаты:** Аққала туралы қосымша түсінік беру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау. **(Көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | **Жәй қимылды ойын:** | **«Үлкен- кіші»** дидак- | **«Пойыз»** қимылды | **«Кетті, кетті орамал»** | **"Не артық?"** дидакти- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Кішкентай және үлкен аяқтар».<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлауын, зейінін жылдамдыққа баулу.<br>**(Коммуникативтік, танымдық қызмет)** | тикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларды үлкен кіші ұғымымен таныстыру, кішіден үлкенге қарай айтқыза отырып көрсету. **(Әлеуметтік- эмоционалды, дағдыларды дамыту)** | ойыны.<br>**Мақсаты:** Қозғалыс бағытын өзгерте отырып саппен журуді жетілдіруді жалғастыру. **(Физикалық дамыту)** | қимылды ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, қолдың ұсақ қимыл - қозғалысын жетілдіру, заттарды қолдана білу. **(Әлеуметтік-эмоционалды, дағдыларды дамыту)** | калық ойыны.<br>**Мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, дұрыс айтуға жаттықтыру. **(Коммуника тивтік, танымдық қызмет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Кім болам?» ата – аналармен әңгімелесу. | «Қыс қандай?» көрмені тамашалау. | «Ән айтамыз, би билейміз». Баланың өнерін тамашалау. | «Лего» ойыншықтарын құрастыру.<br>Еркін ойындар. | Демалысты жақсы өткізулеріне тілек білдіру. |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қаңтар айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 29.01.2024 ж | Сейсенбі 30.01.2024 ж | Сәрсенбі 31.01.2024 ж | Бейсенбі 01.02.2024 ж | Жұма 02.02.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңғы жиын:**«Амансың ба, достарым!».<br>**Мақсаты:** Балалардың бір – біріне жақсы көңіл – күй сыйлауын үйрету.**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата – аналарға балаларын балабақшаға алып келерде жылы киіндіріп, қосымша дәрумендер беріп тұруына кеңес беру. Өйткені, қазір күн аяз, ауру өршіп тұр. Сондықтан балаларға көбірек көңіл бөлу керек екенін айтып түсіндіру. (**Дәрігерлік кеңес)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын:** Бақшада.<br>Бақшаға жер дайындап, *(үстел үстін тыр-малайды)*<br>Дәнді сеуіп тастайық. *(саусақ ұштарымен себеді)*<br>Шелекпен су құяйық, *(жұдырықтарын түйіп, су құйғандай білез-* | **Дид/ойын:** «Қай жерде шырылдады?».<br>**Мақсаты:** Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын – ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>**Ойын барысы:** Балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып | **Дид/ойын:** Бізге келген қонақтар.<br>**Мақсаты:** Кейіпкердің мінезіне сай, әуенді ажырата білуге үйрету.<br>**Көрнекіліктер:** Аңның, құстың, қоянның бет пердесі.<br>**Шарты:** Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып, аңның немесе құстың бет перде- | **Дид/ойын:** Сиқырлы суреттер.<br>**Мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Әр түрлі сурет бөліндiлері.<br>**Ойын барысы:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөліндiлерден сурет құрай- | **Балаларға сергіту жаттығуын жасату:**<br>Алау болып жанамыз<br>Құлыншақ боп шабамыз,<br>Балапандай талпынып,<br>Көкке қанат қағамыз.<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *іктерін қимылдатады)*<br>Арам шөбін жұлайық, *(саусақтарын жинап, шөп жұлады)*<br>Күн астында бақшамыз, *(алақандарын жаяды)*<br>Жылдамдатып өссін деп,<br>Қарап, қарап қояйық. *(қолдарын қабақтарына апарып, айналаны қарайды.* **(Дене шынықтыру, музыка)** | көзін жұмады. Тәрбиеші бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. **(Сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | сін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- жуан дыбыстар, қоян келсе- секіртпелі дыбыстар, торғай келсе-жіңішке дыбыстарды соғу керек. **(Музыка, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | ды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. (**Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қаңтар айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br><br>**Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:** Үстел басында дұрыс отыру.<br><br>**Сауықтыру – шынықтыру шаралары:** Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын жаттығу:** «Таза қолдар». Үстел үстінде дұрыс отыруын қадағалау.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Жүректен жүрекке».**<br><br>Біздің топта ұл - қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ған<br><br>**іс-әрекеттер** | **Қимылды ойын:** "Орныңды тап".<br><br>**Ойын мақсаты:** Балалардың ой-өрісін кеңейту, достыққа, ұжымдыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br><br>**Ойын барысы:** Бұл ойынға ойнағысы келгендердің бәрі қатынаса алады. Жүргізуші ойнаушыларды жұп- жұбымен шеңбер бойына тұрғызады. Әрбір жұптың ара қашықтығы 2-3 адым.<br><br>Жүргізуші жұбы жоқ, артық қалған ойыншыны қуа жөнеледі. Артық қалған ойыншы кез-келген жұптың біреуінің алдына тұра қалады да, үшінші артық қалған адам жүгіре жөнеледі. Осылай ойын жалғаса береді. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** Музыкалық үй.<br><br>**Мақсаты:** Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.<br><br>**Көрнекіліктер:** Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың бейнеленген суреттері.<br><br>**Шарты:** Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән, марш, күй суреттері бар. Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойынның ұзақтылығы 5 – 7 минут. **(Музыка, сурет салу)** | **Қимылды ойын:** «Үш орындық».<br><br>**Ойын мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.<br><br>**Ойын құралдары:** Орындықтар.<br><br>**Ойын шарты:** Ойын кең бөлмеде, спорт залдарында өтеді. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатынасушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын басқарушының берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда басқарушы "Отырыңдар" деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отыра қалады. Ал орындыққа отырып үлгіре алмағандар ойыннан шығады.<br><br>Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, | **Дид/ойын:** «Суреттерді дұрыс құрастыр».<br><br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>**Керекті құрал-жабдықтар:** Құстардың қиылған суреті.<br><br>Балалардың алдына үй құстарының қиылған суреттері беріледі. Ол суретте құстың басы, денесі, қанаты және аяқтары бөлек-бөлек қиылған болады. Балаларға берілетін тапсырма суреттерді дұрыс жинастыру. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | **Қимылды ойын:** "Соқыр теке".<br><br>**Ойын мақсаты:** Балалардың тілін дамыту, ойын шартын бұзбай ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**Ойын құралдары:** Орамал.<br><br>**Ойын шарты:**<br><br>Бұзау, Бота, Қозы, Лақ,<br><br>Тоқты, Серке, Құлыншақ,<br><br>Торпақ, Тана, Тай, Тайлақ,<br><br>Құнан, Дөнен, Бесті бар Бәрін біліп, естіп ал!<br><br>Сүзегенсің, тентек Теке аппақ,<br><br>Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ!<br><br>Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы тұргандардың әрқайсысын жеке-жеке мал атымен атап шығады. Ең соңғы аты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң, ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | аталған бала "Соқыр теке" болады. Далада ойналғанда жерге шеңбер сызылады. Ойын басқарушы ортаға көзі орамалмен таңылған "Соқыр текені" шығарады. Содан кейін балалар: Соқыр теке, бақ-бақ,<br><br>Қайдан бізді таппақ?!- деген өлеңді барлығы қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған «Соқыр теке»<br><br>балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады. "Соқыр теке" ұстаған бала оның орнына тұрады, ойын әрі қарай жалғаса береді. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**Аспанды бақы- | **Бақылау:** Бұрқасынды | **Бақылау:** Қар жауып | **Бақылау:** Терезедегі өр- | **Бақылау:** Ағаштардағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лау.<br><br>**Мақсаты:** Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқынкөк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту.<br><br>**Еңбек:** Бақшаның қатарларын қармен толтыру.<br>**Мақсаты:**Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын). Еңбек ету талабына тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Ұйымдастырушылар».<br><br>**Мақсаты:** Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бой- | бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жау-ып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар құйындатса – бұл та-биғат құбылысы бұрқас-ын болып аталады.<br><br>**Еңбек:** Балаларды балабақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру<br><br>**Қимылды ойын:** «Қарлы әткеншек».<br><br>**Мақсаты:** Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа жаққа және т.б.) Ойында жинақылық | тұрған құбылысты бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады, қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br><br>**Еңбек:** Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br><br>**Мақсаты:** Жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар».<br><br>**Мақсаты:** Жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге | нектерді бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br><br>**Еңбек:** Қардан бекініс жасауды үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br><br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі».<br><br>**Мақсаты:** Оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br><br>**Мақсаты:** Қол моторикаларын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сурет салу)** | қырауларды бақылау.<br><br>**Мақсаты:** Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әр түрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br><br>**Еңбек:** Жолға су төгу үшін қарды нығыздату.<br><br>**Мақсаты:** Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысу-ға ынтасын тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** «Жұмбақ-ты шешу».<br><br>**Мақсаты:** Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту, ой-лауды, шығармашылық белесті дамыту.<br><br>**Жұмбақ:**<br><br>Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,<br><br>Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.<br><br>Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,<br><br>Іші кең бәрін салса тол-майтұғын. (Аспан)<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | пен дербестілікті тәрбие-леу. **(**<br><br>**Жеке жұмыс:** Мақал.<br><br>Бұрқасын мен қарлы бо-ран ақпанға келіп қонды.<br><br>**Ырым.**<br><br>Қыста бұрқасын болса-жазда жауын-шашын бо-лады.<br><br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен та-нысу, дене шынықты-ру, сөйлеуді дамыту)** | өрмелеп шығуға жат-тықтыру.<br><br>**Жеке жұмыс:** «Адас-қан қар қиыршықта-ры» тақырыбына шы-ғармашылық әңгіме құ-растыру.<br><br>**Жұмбақ:**<br><br>Құм сияқты ұсақ бол-ғанымен,<br><br>Жер бетін жауып үлге-реді. (Қар)<br><br>**Мақсаты:** Ойлау қабі-леттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынық-тыру, көркем әдеб-<br><br>иет)** | | үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету.<br><br>**Қимылды ойын:**: «Бірін-ші бол».<br><br>**Мақсаты:** Белгі бойын-ша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) жә-не қосымша жаттығулар-ды орындау (шанаға оты-ру, 5 рет отырып-тұру жә-не т.б) жылдам және еп-пен іс-әрекет жасау.<br><br>**Жеке жұмыс:** Ырымдар.<br><br>Желтоқсанда қырау мол болса, қар көп түседі, су-ықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қы-рау тұрса аспан көк бола-ды. Түнде қырау болса-күндіз қар жаумайды.<br><br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .<br><br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>**((Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br><br>сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары.<br><br>Аяққа арналған массажды жолмен жүру.<br><br>**(Дене белсенділігі).** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.<br><br>**(Мәдени-гигиеналық  дағдылар).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сюжетті – рөлдік ойын:** «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» .<br><br>**Мақсаты:** Берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру. Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеуметтік маңыздылығ- | **Қимылды ойын:** «Кім баяу?».<br><br>**Ойын мазмұны:** Балалар тәрбиешімен бірге жүгіріп келе жатыр. Күтпеген жерден тәрбиеші: «Ал, қане көрелік». Сендердің іштеріңнен кім өте баяу аяқтың ұшымен жүре алады. Міне былай, - дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе | **Дид/ойын:** «Жоғарыда–төменде, биік-аласа».<br><br>**Мақсаты:** Жоғары-төмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.<br><br>**Көрнекілік:** Көгілдір аспан, жасыл алқап, өз-ен бейнеленген сюжет-ті суретті плакат тақта-да. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық | **Дид/ойын:** Түлкі мен қаздар.<br><br>**Мақсаты:** Кейіпкер роліне еніп, музыкалық дыбыстарды мәнерлеу құралдарын жетілдіру.<br><br>**Көрнекіліктер:** Түлкінің, қаздың бет пердесі.<br><br>**Ойынның шарты:** Түлкінің бет пердесін киген бала әндете, музыка әуеніне сай билей қазға келеді. Қаз бейнесіне енген бала, әнде- | **Балаларға сергіту жаттығуын жасату.**<br><br>Желменен ағаштар,<br><br>Тербеледі әрдайым.<br><br>Бір иілді,екі иілді,<br><br>Сыңғырлады жапырақтар<br><br>**(Дене шынықтыру, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ын көрсету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін – өзі ұстау ережелерін бекіту. **(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Содан кейін тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрінде маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар тәрбиеші апайға жүгіреді. Тәрбиеші кімнің жақсы орындағанын айтып мадақтайды. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>**Барысы:** Тақтаға бір бала шақырып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. **(Сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | те жауап береді. Түлкі қазды қуады. Ұсталған қаз әнмен, тақпақпен айыбын өтейді.<br>Түлкі: - Қаңқ, қаңқ қалың қаз,<br>Ұстап жеймін қарным аш!<br>Қаздар: - Қой, қой түлкі, сұм түлкі,<br>Балалапандар әлі жас! **(Музыка, көркем әдебиет)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сержан Томирис кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуін дамыту. | Айдар Айғаным өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытуын: оларды жақсы көруін, сипауын дамыту. | Нұржігіт Ерқанат заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. | Бисен Әмір жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуын дамыту. | Шохан Сафия түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу.**(Мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Аспанды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттар- | **Бақылау:** Бұрқасынды бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жау- | **Бақылау:** Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.<br>**Мақсаты:** Қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде | **Бақылау:** Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. | **Бақылау:** Ағаштардағы қырауларды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту.<br><br>**Еңбек:** Бақшаның қатарларын қармен толтыру.<br>**Мақсаты:**Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және накты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын). Еңбек ету талабына тәрбиелеу<br><br>**Қимылды ойын:** «Ұйымдастырушылар».<br><br>**Мақсаты:** Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** «Жұмбақты шешу».<br><br>**Мақсаты:** Қыста жансыз | ып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар құйындатса – бұл табиғат құбылысыбұрқасын болып аталады.<br><br>**Еңбек:** Балаларды балабақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Қарлы әткеншек».<br><br>**Мақсаты:** Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа жаққа және т.б.) Ойында жинақылық пен дербестілікті тәрбиелеу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Мақал.<br><br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br><br>**Ырым.**<br><br>Қыста бұрқасын болса- | қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады.<br><br>**Еңбек:** Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br><br>**Мақсаты:** Жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br><br>**Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар».<br><br>**Мақсаты:** Жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br><br>**Жеке жұмыс:** «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. | **Еңбек:** Қардан бекініс жасауды үйрету.<br><br>**Мақсаты:** Күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br><br>**Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі».<br><br>**Мақсаты:** Оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу.<br><br>**Жеке жұмыс:** Трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br><br>**Мақсаты:** Қол моторикаларын дамыту.<br><br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сурет салу)** | басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады.<br><br>**Еңбек:** Жолға су төгу үшін қарды нығыздату.<br><br>**Мақсаты:** Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету.<br><br>**Қимылды ойын:**: «Бірінші бол».<br><br>**Мақсаты:** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға оты- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту, ойлауды, шығармашылық белесті дамыту.<br>**Жұмбақ:**<br>Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,<br>Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.<br>Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,<br>Іші кең бәрін салса толмайтұғын. (Аспан)<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жазда жауын-шашын болады.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жұмбақ:**<br>Құм сияқты ұсақ болғанымен,<br>Жер бетін жауып үлгереді. (Қар)<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | | ру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br>**Жеке жұмыс:** Ырымдар.<br>Желтоқсанда қырау мол болса, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады. Түнде қырау болса-күндіз қар жаумайды.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(Дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Ертегі кейіпкерлерін ата»** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Ертегі әлемі туралы танымдарын кеңейту, ертегі кейіп- | **«Қай мезгіл?»**<br>дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінің белгілерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**(Әлеуметтік- эмоцион-** | **"Ауладағы ағаштар"** бейнелеу әрекеті, боямақ.<br>**Мақсаты:** Салынған пішіндерді бояу, дәстүрден тыс әдістерді пайдалану.<br>**(Коммуникативтік,** | **«Не жоқ?»** дидактикалық ойын. (Жасырынған ойыншықты табу)<br>**Мақсаты:** Балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданыла- | **«Бөлме гүлдері»**<br>дидактикалық ойын.<br>**Мақсаты:** Балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту. **(Әлеуметтік- эмоц-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керлерін атай білуге үйрету. **(Әлеуметтік- эмоционалды, дағдыларды дамыту)** | **алды, танымдық және зияткерлік дағдылар-ды дамыу)** | **танымдық қызмет)** | тынын түсін айтып береді. (**Коммуникативтік, дағдыларды дамыту)** | **ионалды, коммуникативті дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың мінез құлқы туралы ата-аналарға ескерту. | Балабақшаға кешіктермей алып келуді сұрау. | Төлемақыларын кешіктірмей төлеулерін ескерту. | Балабақша мен күн тәртібі жөнінде сөйлесу. | «Демалысың жақсы өтсін, балақай!». |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Ақпан айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 05.02.2024 ж | Сейсенбі 06.02.2024 ж | Сәрсенбі 07.02.2024 ж | Бейсенбі 08.02.2024 ж | Жұма 09.02.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:**«Саламат па, Әлихан!».<br>**Мақсаты:** Достық шеңберінде көтеріңкі көңіл – күй сыйлау. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Таңертеңгілік шеңбер:** «Біз біргеміз!».<br>Дастархан мәзірін дайындау. (**Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** «Кім ережені бұзды?».<br>**Мақсаты:** Балаларды жолдағы жағдайлар мен оларды талдау арқылы жол ережесін сақтауға үйрету. Тәрбиеші балаларға жол қозғалысының инспекторы болуды ұсынады. Барлық балаларға жол- | **Дид/ойын:** «Бізге кім келгенін тауып ал».<br>**Мақсаты:** Айтылу мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кейбір заттардың аттарын бекіту.<br>**Ойын барысы:** «Мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Бибінұр?» дейді тәрбиеші. | **Ұсақ қол моторикасына арналған ойын:**<br>«Орындық» жаттығуы.<br>Оң алақанымызды ашамыз,<br>Сол қолымыздың жұдырығын жұмамыз.<br>Енді екі қолымызды түйістіреміз.<br>Осы жаттығуды сол қолымызбен қайталаймыз. | **Дид/ойын:** «Бұл мен, бұл мен, бұл менің барлық достарым».<br>**Мақсаты:** Жолда және көшеде жүру ережелері туралы білімдерін бекіту.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды, егер олар тұжырыммен келісетін болса, онда «Бұл мен, бұл мен, бұл менің барлық достар- | **Балаларға сергіту жаттығуын жасату.**<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Жиналамыз бәріміз.<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Секіреміз бәріміз.<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Отырамыз бәріміз. **(Дене шынықтыру, музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағы түрлі жағдайлардың суреті бейнеленген карточкалар ұсынылады. Ал балалар суреттегі бейнелерді сипаттап берулері қажет. **(Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | «Мяу, мяу Көзайым саған келіп тұрған не?». «Айдынға біреу келді де пи-пи деді. Ол не?». «Ал, қазір Алинұр одан не тығылып тұрғанын айтады». Тәрбиеші өз дауыс ырғағын өзгертіп, үлкен әлде кішкентай тышқанның даусы шықты ма деп сұрайды. Ойын осылай жалғаса береді. **(Сөйлеуді дамыту, музыка)** | **(Дене шынықтыру, музыка)** | ым?» деп жауап береді, ал егер келіспесе, онда – үндемейді. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Ақпан айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br><br>**Жүру:** Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.<br><br>**Тепе – теңдік сақтау жаттығулары:** Тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу.<br><br>**Жүгіру:** Белгі бойынша тоқтап жүгіру.<br><br>**Еңбектеу, өрмелеу:** Әр түрлі заттардың арасымен еңбектеу.<br><br>**Домалату, лақтыру:** Доптарды бір – біріне домалату.<br><br>**Секіру:** Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішкен кезде біз,<br><br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br><br>Астан басқа өзгені,<br><br>Елемейміз, білмейміз.<br><br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Тату-тәтті отбасы».**<br>Сенде де бар жанұя,<br>Үлкендер де кіші де,<br>Жанұя бары шуақ қой,<br>Қуаныш пен қуат қой!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қимылды ойын:** Доп кімде?<br>**Жүрісі:** Бір бала жүргізу-ші болады. Бір бала орта-да көзін жұмып тұрады. Қалған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу кер-ек).<br>Сыртта жүрген бала сез-дірмей, шеңбердің сыр-тын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстата-ды да өзі алысқа барып тұрады да «болды» дейді. | **Дид/ойын:** Шортан.<br>**Мақсаты:** Музыка әуені-мен еркін билеуге баулу.<br>**Көрнекіліктер:** Шортан мен кішкентай балықтар-дың бет пердесі.<br>**Шарты:** Шеңбер құрып тұрған балалар – аквар-иумдағы тастар. Үлкен балық – шортан тастар-дың арасымен кішкентай балықтарды қуалайды. Кішкентай балықтар: бүл-бүл-бүл деп әндетіп қаш-ады. Ұсталған балық тақ-пақ немесеән орындай-ды. **(Музыка, дене шын-ықтыру)** | **Қимылды ойын:** Қазан доп.<br>Ойыншылар шеңбер жа-сап тұрып, әрқайсысы аяғының астынан диа-метрі 0,5 кішкентай шұңқыр жасап немесе шеңбер сызып алады да, сол шеңбердің ортасына қолындағы таяқтың бір ұшын тигізіп ұстап тұр-ады. Шұңқырлардың арақашықтығы 1-2 м бо-лады. Ойын бастаушы балалар айнала тұрған шеңбердің ортасынан диаметрі 1 метр болат-ын үлкен шұңқыр неме-се шеңбер сызып алып, | **Дид/ойын:** «Шаршы құр-астыр»<br>**Мақсаты:** Балаларды бөл-шектерден бүтін бір зат құ-растыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөл-іктерге бөлінген түрлі-түс-ті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбие-ші оларға көмектеседі.<br>Шаршының қанша бөлік-тен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.<br>**1-нұсқа:** әрбір бала өзі же-ке жинайды. | **Қимылды ойын:** Айгөл-ек.<br>Ойын көгалда, алаңда өт-еді. Ойыншылар көп бол-са, ойын соншалықты қы-зық өтеді. Ойнаушылар тең болып екі топқа бөлі-неді де арасы 15-20 адым-дай қарама – қарсы екі сызықтың бойымен қат-арға тұрады. Екі жаққа кере созылған бірінің қолдарынан бір ұстайды. Ойын жүргізуші екі топ-тың біреуіне кезек береді. Олар барлығы бірге көте-рiңкі дауыспен өлеңдетіп:<br>Айгөлек – ау, айгөлек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата – аналарымен қайтару. | Балалардың әнін тыңдау. Еркін ойындар. | Ата – аналармен әңгімелесу. | Демалыстарың сәтті өтсін! | |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Наурыз айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 11.03.2024 ж | Сейсенбі 12.03.2024 ж | Сәрсенбі 13.03.2024 ж | Бейсенбі 14.03.2024 ж | Жұма 15.03.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:** «Саламат па, Ерсұлтан!».<br>**Мақсаты:** Достық шеңберінде көтеріңкі көңіл күй сыйлау. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Алда келе жатқан Наурыз мерекесі туралы әңгімелесу.<br>**«Наурызым, армысың!»** өлеңін жаттату.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілетін дамыту. **(Сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Өлең айтып беру.**<br>**Мақсаты:** Баланың зейінін дамыту.<br>**(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>**Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Көңілді – мұңды» (музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін).<br>**Ойын материалы:** Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері сал- | **Дид/ойын:** «Пішіндерден шырша құрастыру».<br>**Мақсаты:** Балаларды пішіндерді ажыратып, атауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту<br>**Ойнаушылар саны:** 10 -15 бала.<br>**Құрал-жабдықтары:** Геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның барысы:** Үстел | **Дид/ойын:** Алыста ма, жақында ма?<br>**Мақсыты:** Затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қарандар, біздің иттер біреулерді көріп қалыпты. Балалардың назары пингвинге (үйрекке, бақаға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ынған бірнеше кішкентай карточкалар.<br>**Ойын барысы:** Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды. Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.<br>Көңілді жылқы жағалауда жүр екен<br>Жасыл желек үстінде.<br>Ол басын шұлғып,<br>Қара жалын желпілдетіп<br>Алтын жүгенін сылдырлатып<br>Сыңғыр, сыңғыр ете<br>Тағып алған қоңыраулары,<br>Жорғалап ол жүреді<br>**Мұңды.**<br>Мұңды, көңілсіз жануарлар,<br>Олар ауырып қалған шығар.<br>Қоянның аяғы ауырып тұр,<br>Тұнжырап мұңайып тұр.<br>Сондықтанда олар,<br>Иттің басы ауырып тұр.<br>**(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | үстінде көлемі әр түрлі пішіндер қойылған. Балалар сол пішіндердің арасынан үшбұрыштарды тауып, шырша құрастырады. Пішіндердің атын атайды. Геометриялық пішіндерді салыстырады.<br>**(Құрастыру, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | т.б. ойыншыққа ауады.) Бір пингвин келе жатыр. Өзінің кеудесі ақ, денесі қара көргілерің келе ме? Онда жақынырақ келсін деп айтыңдар. «Жақынырақ келші» пингвин келе жатып тоқтап қалады.<br>Енді пингвинді орындықтарында отырып алып көріндерші. Ала-алдындар ма?<br>Неге? Өйткені алыста тұр. Онда алыста тұрсын деп айтыңдар! т.с.с.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Наурыз айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>**Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Саусақтарды бүгу және ашу.<br>**Арқаның бұлшықеттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға – солға бұрылу.<br>**Іштің және аяқтың бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Аяқтың бақайларын қимылдату (отыр- | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ып). **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын жаттығу:**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің маңдайың. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Сәлемдесу»**<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Жасыл қияр.<br>**Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын дамыту, ұйымшылдыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала жүреді. Ал ортада орындықта тышқан ұйықтаған болып бір бала отырады. Балалар төмендегі өлең жолдарын айтады:<br>Қияр, қияр, қиярлар<br>Алысқа кетіп қалмандар<br>Ұйықтап жатыр дәу тышқан<br>Оятып қәне алмаңдар!<br>Оянған тышқан балаларды қуа жөнеледі, кім ұсталса сол тышқан болады.<br>**(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** Ән салған кім?<br>**Мақсаты:** Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау, есту қабілетін дамыту.<br>**Көрнекіліктер:** Аспаптар.<br>**Шарты:** Бір бала шымылдықтың артында тұрады, ал екінші бала ән орындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып, есімін атап беру керек.<br>**(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** Айдаһардың құйрығы.<br>**Мақсаты:** Балалардың дене қимылдарын жетілдіре отырып бірлесе қимылдауға, ауызбіршілікке жетелеу.<br>**Ойын шарты:** Ойынға қатысушылар бірінің артынан бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған адам –«айдаһардың басы». Ең соңғысы - «құйрығы» болады. Ойын кезінде көңілді музыка қойылады.«Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты – ұстатпау, қайткенде де қа- | **Дид/ойын:** «Гүлдерді күтеміз».<br>**Мақсаты:** Балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.<br>**Ойын шарты:** Гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** «Қарлығаш».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.<br>**(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады. **(Дене шынықтыру, музыка)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға киінуге көмектесу. Сапқа тұрғызу, серуенге шығару. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді, су тамшылайды, бірақ үнемі бірдей, жылы емес; күн суық болғанда су тамшылары қатады, мұздақ төмен қарай өседі. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.<br>**Еңбек:** Аула сыпырушыға қар жинасуға көмектесу.<br>**Мақсаты:** Балаларды салыстыруға үйрету: қай жердің қарын күреу қиындау-майлы қар немесе борпылдақ қар. Өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу. | **Бақылау:** Өзендегі мұздың еруін бақылау.<br>**Мақсаты:** Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Балалармен мұздағы жарықтардың пайда болуын қарау. Мұз ластанады, өйткені жағадағы сулар жылғалар арқылы құйыла бастайды. Мұз үстімен адамдар жүрмейді. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорды байыту.<br>**Еңбек:** Балықтарға күтім жасау. (Қажеттілікпен жұмыс).<br>**Мақсаты:**Аквариумдағы судың тазалығын қадағалау. Ондағы шөптер мен судың жағдайын қарап, күтім жасау. Балықтарды күтуге деген ықыласты | **Бақылау:** Қар бетінің төмен түсуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті құртіктеніп, асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру. Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>**Еңбек:** Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу.<br>**Мақсаты:** Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Қимылды ойын:** «Жолды тап».<br>**Мақсаты:** Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі). Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін, қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Еңбек нәтиже- | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызығушылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**«Орман дақтары». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** «Үйсіз қоян».<br>**Мақсаты:** Аланда жалғыз аяқпен секіре білуді бекіту; белгі бойынша үйлерге кіру (шеңбер үйлер), бірақ бір ойыншыға үй жетпейді, ол ойын бастаушы болып қалады. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.**<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (Мұз)<br>**Болжам:** Сүңгілер ұзын болса-көктем ұзақ болады.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | дамыту.<br>**Қимылды ойын:** «Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны).<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді, бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ.**<br>«Көктемгі су» Н.Айытов.<br>Қаусатып қар боранды,<br>Сарқырады бұлақтар,<br>Көктем қайтып оралды,<br>Құлпырды сай қыраттар.<br>Таулар тастап ақ тонын,<br>Сағым ойнап, көзді алып,<br>Көк торғынға оранды,<br>Жақын тартты жырақтар.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | финишқа дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Болжам:** Егер қар тез еріп, жылғадағы су жылдам ақса, жаз жаңбырлы болады.<br>**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ырым – тыйымдарымен таныстыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | сін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.<br>**Қимылды ойын**: «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту (кімде-кім аз секірсе сол жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу.<br>**Жеке жұмыс:** «Біздің үй қайсы, тап?».<br>**Мақсаты:** Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау.<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; эдеп ережесі.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтарын ішіп болған соң, төсектеріне жатқызу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ұйқыдан сергек ояту үшін ұйқыашар жаттығуларын жасату. **(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Бесін асқа отырғызу, тамақ түрімен таныстыру. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** Үйдің есігін жабайық. **Ойынның мақсаты:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. **Ойынның құрал-жабдықтары:** Үйдің, есіктің суреттері. **Ойынның мазмұны:** Қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Негізгі және қосымша түсті тап». **Мақсаты:** Түстер мен олардың реңктерін анықтауға, негізгі және қосымша түстерді ажыратуға үйрету. Суық және жылы түстерді ажырату дағдыларын бекіту. **Шарты: 1 вариант:** Суық және жылы түстерді жеке орналастыру. **2 вариант:** Арифметикалық амалдар арқылы негізгі түстерден «қосу, азайту» көмегімен қосымша түстерді шығару. **(Сурет салу, сенсорика)** | **Дид/ойын:** «Үнінен таны» **Ойын материалы:** Дабыл, сылдырмақ, ысқырық, кселафон, керме (ширма). **Ойын барысы:** Музыка! Музыка!<br>Бұл не екен өзі?<br>Мүмкін бұл,<br>Көгілдір аспан шығар!<br>Мүмкін бұл,<br>Таңғы арай шығар?<br>Ал, мүмкін, музыка –<br>Тек қана дыбыстар шығар!<br>Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Су асты патшалығы». **Мақсаты:** Пішіндерден үлкен компазиция құрай білуге үйрету. **Ойнаушылар саны:** 5-6 бала. **Құрал-жабдықтары:** Әр түрлі пішіндер. Су асты патшалығының суреті . **Ойынның барысы:** Балаларға әр түрлі пішіндерден балықтарды құрастырып «су асты патшалығына» орналастыру керек. **(Құрастыру, сенсорика)** | **Дид/ойын:** Сиқырлы қап. **Мақсаты:** Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен дейді. Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады. **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бисенбай Жанкелді түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. | Құралбай Ұлдана педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отыр-ып, жекелеген | Еркінбек Парасат дәмі, сыртқы белгілері бойынша көкөністер мен жемістерді ажыратуын және атауын дамыту. | Аманбек Ақсезім бел-гілі бір ретпен киінуін жә-не шешінуін дамыту. | Темірбай Айсезім ересектердің сөзін тыңдауын және түсінуін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздер мен буындарды қосып айтуын дамыту. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Жылы киімдерін кигізіп, серуенге шығарып, бақылату. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау. **Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді, су тамшылайды, бірақ үнемі бірдей, жылы емес; күн суық болғанда су тамшылары қатады, мұздақ төмен қарай өседі. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. **Еңбек:** Аула сыпырушыға қар жинасуға көмектесу. **Мақсаты:** Балаларды салыстыруға үйрету: қай жердің қарын күреу қиындау-майлы қар немесе борпылдақ қар. Өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттана білу сезімін қалыптастыру. Еңбектенуге деген құштарлықты тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Үйсіз қоян». **Мақсаты:** Аланда жалғыз аяқпен секіре білуді | **Бақылау:** Өзендегі мұздың еруін бақылау. **Мақсаты:** Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Балалармен мұздағы жарықтардың пайда болуын қарау. Мұз ластанады, өйткені жағадағы сулар жылғалар арқылы құйыла бастайды. Мұз үстімен адамдар жүрмейді. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорды байыту. **Еңбек:** Балықтарға күтім жасау. (Қажеттілікпен жұмыс). **Мақсаты:** Аквариумдағы судың тазалығын қадағалау. Ондағы шөптер мен судың жағдайын қарап, күтім жасау. Балықтарды күтуге деген ықыласты дамыту. **Қимылды ойын:** «Өзенге, жағаға» (Эстон халық ойыны). | **Бақылау:** Қар бетінің төмен түсуін бақылау. **Мақсаты:** Қардың төмен түсуі күн сайын арта түседі, түсі сұрғұлт тартып, қар беті күртіктеніп, асты борпылдақ қар болатынын түсіндіру. Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. **Еңбек:** Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. **Мақсаты:** Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. **Қимылды ойын:** «Жолды тап». **Мақсаты:** Бағыт бойынша аулада кеңістікті бағдарлай алуды бекіту. Аулада ойын мәресінен финишқа дейін жүгіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту. **Жеке жұмыс: Болжам:** | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау. **Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі). Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін, қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. **Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. **Мақсаты:** Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру. **Қимылды ойын**: «Ағаш- | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. **Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатынерітінді. Балалардың қызығушылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. **Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. **Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. **Қимылды ойын:**«Орман дақтары». **Мақсаты:** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бекіту; белгі бойынша үйлерге кіру (шеңбер үйлер), бірақ бір ойыншыға үй жетпейді, ол ойын бастаушы болып қалады. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.**<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (Мұз)<br>**Болжам:** Сүңгілер ұзын болса-көктем ұзақ болады.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауды үйретуді жалғастыру (бастаушы бұйрық береді, бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру, жағаға секіру (жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда күш пен жігерлікті дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ.**<br>«Көктемгі су» Н.Айытов.<br>Қаусатып қар боранды,<br>Сарқырады бұлақтар,<br>Көктем қайтып оралды,<br>Құлпырды сай қыраттар.<br>Таулар тастап ақ тонын,<br>Сағым ойнап, көзді алып,<br>Көк торғынға оранды,<br>Жақын тартты жырақтар.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу** | Егер қар тез еріп, жылғадағы су жылдам ақса, жаз жаңбырлы болады.<br>**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ырым – тыйымдарымен таныстыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту (кімде-кім аз секірсе сол жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу.<br>**Жеке жұмыс:** «Біздің үй қайсы, тап?».<br>**Мақсаты:** Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау.<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен шешінуі. Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.<br>**(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау** | **Дидактикалық ойын:** «Ғажайып қалта».<br>**Мақсаты:** Заттарды табу және атау, сойлеу қабілеттерін арттыру, көктем мезгілінің ерекшеліктерін айта өту.<br>**(Физикалық дамыту)** | **Қимылды ойын:** «Бұл ненің дауысы?».<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **Үстел үсті ойыны:** «Атын тап».<br>**Мақсаты:** Балалардың есту қабілетін дамыту, дыбыстау дағдыларын жетілдіру, зейінділікке тәрбиелеу. **(Коммуникативтік дағды)** | **"Шарлар»** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларға түстерді араластыруға, түстерді атауға үйрету.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **Үстел үсті ойыны:** «Үй жиһаздары».<br>**Мақсаты:** Үй жиһаздарын атай білу.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалар)** | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Ата – аналарға балаларына әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Тексерілді**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Наурыз айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 18.03.2024 ж | Сейсенбі 19.03.2024 ж | Сәрсенбі 20.03.2024 ж | Бейсенбі 21.03.2024 ж | Жұма 22.03.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Шаттық шеңбері:** «Қайырлы таң, балақай!». **Мақсаты:** Балаларға бір – біріне жақсы көңіл – күй сыйлауға үйрету, балабақшада көңілді жүруін ұйымдастыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата – аналармен Наурыз мерекесіне балаардың дайындығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Шағын топпен ойындар /құрастырғышпен/. **(Құрастыру, дене шынықтыру)** | Қолдың ұсақ моторикасына арналған ойындар. **(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Өрмекші мен шыбын». **Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыс, бақылағыштығын дамыту. **Ойын шарты:** Әуен ойнағанда шыбындар ызылдап ұша бастайды Әуен тоқтағанда шы- | **22 – наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі.** | **22 – наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бындар қатып қалады, ал өрмекші қозғалған шыбындарды аңдып ұстауға шығады. **(Дене шынықтыру, музыка)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Наурыз айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Қимылды ойындар:** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>**Велосипед тебу:** Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын-жаттығу:**<br>Күнге қолды созамыз,<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Күн нұрына толамыз.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Қайырлы күн!»**<br>Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** «Аңшы».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. | **Дид/ойын:** Қақпан.<br>**Мақсаты:** Байқампаздыққа, ептілікке баулу.<br>**Көрнекіліктер:** 3 – 4 аң- | **Қ/ойын:** «Жаяу көкпар»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа үйрету, өзара достық қарым-қа- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын шарты:** Балалардың қалауы бойынша ортаға аңшы н/е кез – келген жануарлардың біреуі аталады. Балалар шеңбер құрып тұрады. Аң қашады, ал аңшы соңынан қуып ұстап алуға тырысады. Балалар қолдарын көтеріп, анды шеңбер ішіне кіргізіп алып, ал аңшыны кіргізбеуге тырысу қажет. Ойын балаларды алмастырып отыру арқылы жалғаса береді. **(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | дардың бет пердесі. **Шарты:** Балалар шеңбермен қол ұстаса «Қақпан» болып музыка әуенімен жүреді. Ал аңдар осы шеңбер бойымен ішіне кіріп, сыртына шығып ербеңдеп билеп жүреді. Музыка аяқталғанда шеңбер жасап, тұрған балалар отыра қалады. Шеңбер ішінде қалған бала айыбын ән орындап өтеуі тиіс. **(Музыка, дене шынықтыру)** | тынаста болуға тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Бақылаушы таңдалады, ол ойын ережесінің дұрыс жүрілуін бақылайды және ойын барысында тәртіп бұзбауын қадағалайды; ол ойыншыларды бір сапқа тұрғызады, сыйлықтан 30 қадам жерде финиш анықталады. Саптағы әр ойыншының міндеті қалған ойыншыларды жығып, сыйлыққа дейін жүгіріп жетіп, оны ұстап алып, онымен бірге финишке жету керек. **(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. **Мақсаты:** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. **Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар ерiдi, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жас- | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау. **Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Ағаш түбін әктеу. **Мақсаты:** Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу. **Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар». **Мақсаты:** Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық, ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту. **Жеке жұмыс:** «Орманшы». **Мақсаты:** Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. **Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау. **Мақсаты:** Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей». **Мақсаты:** Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету. **Жеке жұмыс:** Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу. **Мақсаты:** Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | **Мақсаты:** Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Гүлдер». **Мақсаты:** Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады); ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады). **Жеке жұмыс:** «Тұқымның саяхаты». **Мақсаты:** Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады). **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен та-** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | нысу, дене шынықты-ру) | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, гигиеналық шаралар, дербес ойын әрекеті. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық шаралар. Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>«Жеті лақ», «Бауырсақ» ертегілерін айтып беру. **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Ойын-жаттығу:**<br>Бір, екі, үш,<br>Бойға жинап күш.<br>Жаттығуды жасаймыз,<br>Шынығуды бастаймыз.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Бесін асқа отырғызу, тамақ түрімен таныстыру.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** «Әшекей бұйымдарды ата».<br>**Мақсаты:** Әшекей бұйымдармен таныстыру, сөздік қорын дамыту, ермексаздан мүсіндету.<br>**Ойнаушылыр саны:** 8 бала.<br>**Құралдар жабдықтар:** Әшекей бұйымдардың суреттері.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші үстелдің үстілеріне ұлттық әшекей бұйымдарды қояды. Балалар заттарды атап, сол бұйым туралы білгендерін айтып береді.<br>**(Көркем әдебиет, мүсіндеу)** | **Дид/ойын:** Үй жануарлары және олардың төлдері<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар алдымыздағы тақтада әр түрлі түстермен берілген ұяшықтар бар. Осы ұяшықтардың түсі дұрыс тауып айтылса, оның артынан жасырылған үй | **Қ/ойын:** Орныңды тап.<br>**Ойын мақсаты:** Балалардың ой-өрісін кеңейту, достыққа, ұжымдыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынға ойнағысы келгендердің бәрі қатынаса алады. Жүргізуші ойнаушыларды жұп-жұбымен шеңбер бойына тұрғызады. Әрбір жұптың арақашықтығы 2-3 адым. Жүргізуші жұбы жоқ, артық қалған ойыншыны қуа жөнеледі. Артық қалған ойыншы кез-келген жұптың біреуінің ал- | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарлары шығады. Үй жануарларын дұрыс тауып, төлдерін дұрыстап атап, көрсету керек . **Қажетті көрнекіліктер:** Үй жануарлары бейнеленген суреттер. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | дына тұра қалады да, үшінші артық қалған адам жүгіре жөнеледі. Осылай ойын жалғаса береді. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Серік Көзайымның үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауын дамыту. | Тұрғымбек Ахмедиярдың өз бетінше құрастыруға тырысуын дамыту. | Тұрсынбай Кәусардың есімін атағанда жауап беруін, өзін айнадан және фотосуреттерден тануын дамыту. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киімдерін дұрыс киіну ретін үйретуді жалғастыру. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. **Мақсаты:** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу. **Еңбек:** Ағаш түбін әктеу. **Мақсаты:** Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. **Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету. **Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау. | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау. **Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту. **Мақсаты:** Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.<br>**Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар».<br>**Мақсаты:** Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра дөңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық, ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Орманшы».<br>**Мақсаты:** Бірнеше ағаштың түр-тұлғасын, бөліктерін: діңі, жапырағы, жемісі мен дәні болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізе білу.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей».<br>**Мақсаты:** Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.<br>**Еркін ойындар.** | тәр-биелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Гүлдер».<br>**Мақсаты:** Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады); ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).<br>**Жеке жұмыс:** «Тұқымның саяхаты».<br>**Мақсаты:** Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады). **Еркін ойындар.** | | |
| **Серуеннен оралу** | Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,** | **Үстел үсті ойыны:** «Жартылай суреттер».<br>**Мақсаты:** Ұқсас суреттерді тауып, бір бірімен салыстыра білуге жат- | **Қимылды ойын:** «Доп шеңберде».<br>**Мақсаты:** Балалардың ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бой- | **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр».<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | тықтыру. **(Құрастыру)** | ынша қимыл- қозғалыс жасауға дағдыландыру. **(Дене шынықтыру)** | **(Дене шынықтыру)** | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналармен жұмыс.** Балалардың тазалығы жөнінде. Балалардың өз еріктері-мен ойындар. | **Ата-аналармен жұмыс.** Баланы еңбекке баулу, кеңес беру. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | | |

**Тексерілді:**

**Тәрби елеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Наурыз айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 25.03.2024 ж** | **Сейсенбі 26.03.2024 ж** | **Сәрсенбі 27.03.2024 ж** | **Бейсенбі 28.03.2024 ж** | **Жұма 29.03.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:** «Көңілді топқа кел, қосыл!».<br>**Мақсаты:** Балалардың демалыстан соң балабақшаға көңілді күймен келуін қамтамасыз ету.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде әңгімелесу». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | **Дид/ойын:** Вгондарға дөңгелек таңдау.<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның мазмұны:** Ба- | **Дид/ойын:** «Жыл мезгілінің түстерін ата».<br>**Мақсаты:** Боялмаған суреттерге жақын бояу түстерін табуға үйрету. Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты:** Жыл мезгілдерінің суреттеріне байланысты бояу түрлерін өз беттерімен таңдау.<br>**(Сурет салу, қоршаған** | **Дид/ойын:** «Музыкалық сағат».<br>**Ойын материалы:** Қатты картоннан істелінген сағат.<br>**Ойын барысы:** Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші | **Дид/ойын:** Әдемі кілемшелер.<br>**Мақсаты:** Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Қажетті құралдар:** Қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>**Ойын барысы:** Балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | лалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табу. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | **ортамен танысу)** | болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр», «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. **(Музыка, сенсорика)** | геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. **(Құрастыру, сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Наурыз айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Мәдени – гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:** Белгілі бір ретпен киіну және шешінуді үйрету.<br>**Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:** Тамақты ауызды жауып шайнау керектігін үйрету.<br>**Сауықтыру – шынықтыру шаралары:** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Түзу, дұрыс отыруын қадағалау. Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Жүректен жүрекке».**<br>Балдырған баламыз,<br>Досты көп табамыз.<br>Қашан да, қайда да,<br>Достар бір-біріне<br>Сенімді боламыз.<br>2 деген 2 дос,<br>Бірін-бірі қимайтын.<br>Артық-кемді етпей сөз,<br>Бірін-бірі сыйлайтын.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | | **Дид/ойын:** Аспаптарды топтастыру.<br>**Мақсаты:** Аспаптарды тани, топтастыра білуге | **Қ/ойын:** «Қаздар».<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаз- | **Дид/ойын:** «Ойлан , тап!»<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын молайту , тілін дамыту.<br>**Ойнаушылыр саны:** | **Қ/ойын:** «Үш орындық».<br>**Ойын мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету.<br>**Көрнекіліктер:** Ойыншықтар, аспаптар соқпалы, үрлемелі, шертпелі.<br>**Шарты:** Ойыншықтар мен аспаптар үстел үстіне қойылады. Балалар үш топқа бөлінеді де, аспаптарды топтастырып қоюы керек.<br>**(Музыка, құрастыру** | дардың тіршілігімен таныстыру.<br>**Керекті құралдар:** Сырнай немесе сылдырмақ.<br>**Ойын мазмұны:** Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады.<br>**(Дене шынықтыру, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | 8 бала.<br>**Құралдар - жабдықтар:** Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттері<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларды бір – бірлеп ортаға шығарады , содан кейін кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұрады, соны сипаттап айтып беру керек, ал қалған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын табу керек.<br>**(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **Ойын құралдары:** Орындықтар.<br>**Ойын шарты:** Ойын кең бөлмеде, спорт залдарында өтеді. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатынасушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын басқарушының берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда басқарушы "Отырыңдар" деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отыра қалады. Ал орындыққа отырып үлгіре алмағандар ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң, ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады.<br>**(Дене шынықтыру, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың сырт киімдерін кигізіп, сапқа тұрғызып, далаға серуенге шығару. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:** Бұталарды бақылау (итмұрын, көгіс, қаражеміс, шетен, қызыл мойыл). **Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту (көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс, екеуі бірге өседі) қолайлы шарттармен байланысын көрсету (көп жарық, жылу, ылғал). **Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту. **Мақсаты:** Қураған бұтақтарды кесу үшін балаларды қатыстыру (қураған бұтақтарды белгісі бойынша анықтау), өз еңбегінің мәнін түсіну. Үлкендерге көмектесу ықыластарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Шегіртке». **Мақсаты:** Алға қарай екі аяқтап секіруді бекіту. Шапшаңдықты дамыту, тепе-теңдікті сақтауды үйрету. **Жеке жұмыс: Жұмбақ:** Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ, | **Бақылау:** Шырша және қарағайды салыстыра бақылау. **Мақсаты:** Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру;Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр, қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады. **Еңбек:** Қылқан жапырақты ағаштарды күту (қажетті жағдайда) балаларды діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру. **Мақсаты:** Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды, іскерлік мәдениетті тәрбиелеу. **Қ/ойын:** «Бүршіктен атта». **Мақсаты:** Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау, жүгіру(оң және сол жақпен), жүру-тоқтамау, | **Бақылау:** Құстардың ұшып келуін бақылау. **Мақсаты:** Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу. **Еңбек:** Алаңдағы құстарды тамақтандыру. **Мақсаты:** Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік –әрекеттілікті тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Лашын мен ұябасар». **Мақсаты:** Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту. Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажеттілігін дамыту. | **Бақылау:** Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау. **Мақсаты:**Қараторғайдың үйшігінде немен шұғылданып жатқанын бақылау; үйшіктен ескілерін лақтырып тастайды, қай кезде үйшіктегі торғайларды қуады. Қараторғайдың өз үйшігі алдында қалай ән салғанын қарау. **Еңбек:** Гүлзардағы топырақты қопсыту. **Мақсаты:** Гүлзардағы көктемгі топырақты қопсытуға балаларды қатыстыру. Еңбек етуге не қажеттігін балалардың өз бетімен шешуін үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай, бірігіп еңбек етуге машықтандыру. **Қимылды ойын:** «Қарлығаш». **Мақсаты:** Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп, қарлығашты босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ бағалай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. **(Бұлт)**<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | кідіріссіз. Шыдамдылықтарын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Бұтағына қарай ағашты табу».<br>**Мақсаты:** Бөліктерден бүтін құрау. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** | **Жеке жұмыс:** «Сауысқан да , қарға да емес».<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әр түрлі құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету.**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Жеке жұмыс:** «Құсқа үйшік тап».<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әр құсқа сай үйшік табу. Құстардың қылығы, олардың қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | | Киімдерін шешіп, орнына қойдыру. Қолдарын, бетін жылы сумен жуғызу.<br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | |
| **Түскі ас** | | Астарыңыз дәмді болсын! Нан қоқымын жерге түсірмеуге тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтандыруға үйрету.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Ертегі айтып беру. **(Көркем әдебиет)** | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | | **«Велосипед тебу».** Орнымыздан тұрамыз. Кедір жолдардан өтеміз. Мәдени – гигиеналық дағдыларын орнату. **(Дене белсенділігі)** | | | |
| **Бесін ас** | | Балалардың назарын тағамға аудару: мәдениетті тамақтануға баулу. Астарыңыз дәмді болсын!<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | Балаларға бөлме өсімдіктерінің аттарын дұрыс атауды үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>«Көктем» (сурет құрастыру).<br>**Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | «Көктем гүлдері» туралы әңгімелесу, суретін қағаз бетіне салуға дағдыландыру.<br>**Мақсаты:** Қарапайым сұрақтарға жауап бере отырып, көркемдеп бейнелейді.<br>**(Сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** "Соқыр теке".<br>**Ойын мақсаты:** Балалардың тілін дамыту, ойын шартын бұзбай ойнауға тәрбиелеу.<br>**Ойын құралдары:** Орамал.<br>**Ойын шарты:**<br>Бұзау, Бота, Қозы, Лақ, Тоқты, Серке, Құлыншақ, Торпақ, Тана, Тай, Тайлақ Құнан, Дөнен, Бесті бар - Бәрін біліп, естіп ал! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Сүзегенсің, тентек Теке аппақ,<br>Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ!<br>Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы тұрғандардың әрқайсысын жеке-жеке мал атымен атап шығады. Ең соңғы аты аталған бала "Соқыр теке" болады. Далада ойналғанда жерге шеңбер сызылады. Ойын басқарушы ортаға көзі орамалмен таңылған "Соқыр текені" шығарады.<br>Содан кейін балалар:<br>Соқыр теке, бақ-бақ,<br>Қайдан бізді таппақ?!- деген өлеңді барлығы қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған"Соқыр теке« балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады. "Соқыр теке" ұстаған бала оның орнына тұрады, ойын әрі қарай жалғаса береді.<br>**(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Ахылбек Томирис заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. | Нұрлан Гүлім ересектердің сөзін тыңдауын және түсінуін дамыту. | Мият Айкөркем түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын | Мейірбек Әмір музыкалық аспаптарды ажыратуын (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дамыту. | дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну, серуенге шығу.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Бақылау:** Бұталарды бақылау (итмұрын, көгіс, қаражеміс, шетен, қызыл мойыл).<br>**Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту (көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс, екеуі бірге өседі) қолайлы шарттармен байланысын көрсету (көп жарық, жылу, ылғал).<br>**Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Қураған бұтақтарды кесу үшін балаларды қатыстыру (қураған бұтақтарды белгісі бойынша анықтау), өз еңбегінің мәнін түсіну. Үлкендерге көмектесу ықыластарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Шегіртке».<br>**Мақсаты:** Алға қарай екі аяқтап секіруді бекіту. Шапшаңдықты дамыту, тепе-теңдікті сақтауды үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ:** Бір халық аспанда ұшқан | **Бақылау:** Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру;Ұқсастығы мен айырмашылығы. Ағаш биік, діңгегі тік, тегіс, қабығы сұр, қатпарлы. Ол ағаштың ішкі бөлігінің кеуіп кетуінен, зиянкестерден, әр түрлі зақымданудан сақтайды. Қабығы өсу барысында пайда болады.<br>**Еңбек:** Қылқан жапырақты ағаштарды күту (қажетті жағдайда) балаларды діңгектің айналасын қопсытуға, қылқандарын жинауға қатыстыру.<br>**Мақсаты:** Еңбек құралдарына ұқыпты қарауды, іскерлік мәдениетті тәрбиелеу.<br>**Қ/ойын:** «Бүршіктен атта».<br>**Мақсаты:** Бұйрықты орындау біліктіліктерін пысықтау-бүршіктен аттау, жүгіру (оң және сол | **Бақылау:** Құстардың ұшып келуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын ең бірінші өз атамекеніне ұшып келетін құстың- ұзақ екеніне көңіл аударту. Олар суықтан қорықпайды, тамағын тауып алады. Жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айыра білу.<br>**Еңбек:** Алаңдағы құстарды тамақтандыру.<br>**Мақсаты:** Балаларды топ алаңына ұшып келген құстарды тамақтандыруға қатыстыру. Құстарға деген адамгершілік –әрекеттілікті тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Лашын мен ұябасар».<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артынан бірі сап түзей қозғалу біліктіліктерін бекіту. Келесі шарттарды орындату: бір-бірінен ажырап қалмау, лашын соңғы ойыншыны ұстайды, ұябасар лашынды қолымен ұстамайды. Ойынды өз бетімен ұйымдастыру қажетті- | **Бақылау:** Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау.<br>**Мақсаты:**Қараторғайдың үйшігінде немен шұғылданып жатқанын бақылау; үйшіктен ескілерін лақтырып тастайды, қай кезде үйшіктегі торғайларды қуады. Қараторғайдың өз үйшігі алдында қалай ән салғанын қарау.<br>**Еңбек:** Гүлзардағы топырақты қопсыту.<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы көктемгі топырақты қопсытуға балаларды қатыстыру. Еңбек етуге не қажеттігін балалардың өз бетімен шешуін үйрету. Бірбіріне кедергі жасамай, бірігіп еңбек етуге машықтандыру.<br>**Қимылды ойын:** «Қарлығаш».<br>**Мақсаты:** Балаларға ойын шартын сақтауды үйрету(ойыншылар шеңбердің ішіне жүгіре кіріп, қарлығашты босатуға тырысады, ал күзетші оны қорғайды) ойын барысында өз тәртіптерін әділетті де әділ бағалай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. **(Бұлт)**<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жақпен), жүру-тоқтамау, кідіріссіз. Шыдамдылықтарын дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Бұтағына қарай ағашты табу».<br>**Мақсаты:** Бөліктерден бүтін құрау. Бұтақтарға қарап ағашты атауды үйрету.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** | лігін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Сауысқан да , қарға да емес».<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әр түрлі құстарды балалардың тани білуі. Қыстайтын және жыл құстарын айыра білу біліктіліктерін бекіту. Балалардың назары мен тапқырлығының дамуына ықпал ету.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** «Құсқа үйшік тап».<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша әр құсқа сай үйшік табу. Құстардың қылығы, олардың қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | | Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.<br>Түскі асқа дайындық. | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | | **Сөздік ойындар**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Поезд»** қимылды ойыны.<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлауын , зейінін дамыту, жылдамдыққа баулу және дамыту.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **«Қолшатыр»** қимылды ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу мәнерін арттыру.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Сөздік ойын:** «Кімнің бас киімі?».<br>**Мақсаты:** Заттың қасиеттерін атау және сипаттау.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | «Сау болыңдар, балалар!». | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

**Тексерілді:**

## Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Сәуір айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 01.04.2024 ж** | **Сейсенбі 02.04.2024 ж** | **Сәрсенбі 03.04.2024 ж** | **Бейсенбі 04.04.2024 ж** | **Жұма 05.04.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Сәлеметсің бе, балабақша!».** **Мақсаты:** Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде әңгімелесу». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** Үй құрылысының ретін көрсет. **Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. **Құрал-жабдықтары:** Баланың саны бойынша әр түрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. | **Дид/ойын:** «Әтешті бояуға түс таңда». **Мақсаты:** Балаларға түстерді таңдау, салыстыру, ажырата білуге үйрету. **Шарты:** Берілген түрлі - түсті карточкалардан суреттегі бояу түріне сәйкестендіре түстерді таңдап алу. **(Сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Көңілді паровоз». **Ойын материалы:** Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар. **Ойын барысы:** «Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отыр- | **Дид/ойын:** Өз үйіңді тап. **Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Қажетті құралдар:** Түрлі-түсті дөңгелектер. **Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша | **Дид/ойын:** «Көкөністер мен жемістер». **Ойнаушылар саны:** 7-8 бала. **Мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету, ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. **Құрал-жабдықтары:** Көкөністер мен жемістер. **Ойынның барысы:** Кө- |

<table>
<tr><td></td><td>Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әр түрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br>(Сенсорика, сурет салу, сөйлеуді дамыту)</td><td></td><td>ып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады. Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар» ойындарын ретімен ойнайды.<br>(Музыка, көркем әдебиет, дене шынықтыру)</td><td>үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.<br>(Құрастыру, сурет салу)</td><td>көністер мен жемістерді атап, екі себетке бөліп орналастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</td></tr>
<tr><td>Таңертенгі жаттығу</td><td colspan="5">Сәуір айына арналған таңғы жаттығу кешені.<br>Негізгі қимылдар:<br>Жүру: Иректелген лентаның бойымен жүру.<br>Тепе – теңдік сақтау жаттығулары: Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (лента-лардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру.<br>Жүгіру: Бағытты өзгертіп, шашырап жүгіру.<br>Еңбектеу, өрмелеу: Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу.<br>Домалату, лақтыру: Әр түрлі тәсілдермен әр түрлі бастапқы қалыпта 0,5 – 1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру.<br>Секіру: Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10 – 15 сантиметр) секіруге үйрету. (Дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету.<br>Ас ішкенде тамақтану ережесін сақтау, төкпей шашпай ішуге үйрету.<br>Дастархан басында сөйлеуге болмайтынын айту.<br>Ас ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға баулу.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Жер анаға сәлем».**<br>Армысың шапағатты Күн Ана!<br>Армысың қайырымды Аспан Ана!<br>Армысың мейірімді ЖерАна!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Қуыршақтарға қонаққа.<br>**Шарты:** Кілемнің үстіндегі кішкентай орындықтарда қуыршақтар отырады (ойнаушылар санына қарай 8-10). Тәрбиеші балаларды ойынға шақырып, қазір олардың қуыршақтарға қонаққа баратынын айтып, олардың қайда отырғанын көрсетеді. Балалар тәрбиешімен біргекөрсетілген бағытта, жай ғана қуыршақтарға келеді де, олармен амандасады. Тәрбиеші қуыршақтарды алып, олармен билеуді ұсынады. Қуыршақтармен азғана секіріп ойнағаннан кейін балалар олардың орындарына отырғызады да үйлеріне оралады. Ойын қайталанғанда балалар қонжықтарға, қояндарға (тәрбиеші оларда алдын | **Дид/ойын:** Мысықай анасын қалай тауып алды?<br>**Мақсаты:** Әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Мысықай анасынан адасып қалады. Мысықай анасын іздеп жолға шығады. Келе жатып, әтешті көреді.<br>-Сен менің анамсың ба? – деп сұрайды.<br>**Әтеш:-**Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, - дейді.<br>Мысықай ешкіге келеді.<br>-Сен менің анамсың ба?- деп сұрайды.<br>**Ешкі:-**Ме-ме-ме. Мен сенің анаң емеспін, - дейді.<br>Мысықай сиырға келеді.<br>-Сен менің анамсың ба?- деп сұрайды.<br>**Сиыр:-**Мө-мө-мө. Мен сенің анаң емеспін, - дейді.<br>Мысықай анасын таба ал- | **Қ/ойын:** Қоңырау қайдан естіледі?<br>**Шарты:** Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші әйел бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.<br>**Тәрбиеші балаларға:** «Тыңдаңдар, қоңырау қайдан соғылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одан кейін балаларға тағы да қабырғаға беттерін беріп тұруды ұсынады. Күтуші әйел басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау соғады.<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** | **Дид/ойын:** «Отбасы».<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу.<br>**Балалармен жеке жұмыс: *Тақпақ жаттау*.**<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар —<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар…<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін, еремін!<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** Өз түсіңді тап.<br>**Шарты:** Балалар үш-төрт жалаушалар алады. Біріншісі – жасыл, екіншісі – көк, үшіншісі – сары жалауша алады да 4-6 адамнан бөлменің (алаңның) бұрыштарында топтасады. Әр бұрыштағы тұғырдың үстіне тәрбиеші әр түрлі жалаушалар (жасыл, көк, сары) қояды.<br>**Тәрбиешінің:** «Қыдыруға барыңдар», - деген сигналы бойынша балалар топтанып немесе жеке-жеке аланды (бөлмені) аралап кетеді. «Өз түсіңді тап» деген жаңа сигнал бойынша балалар өздеріне лайықты түстегі жалаушаға қарай жүгіреді.<br>**(Дене шынықтыру, сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - ала бөлменің басқа бір бөлігіне орналастырады) қонаққа бара алады. Бұл ойыншықтармен балалар үйіне қайтады да олармен қалағанынша ойнайды. **(Дене шынықтыру, музыка)** | май, мұңайып келе жатқанда. Мияу – мияу деген дауыс естіді. Мысықай қуанып, міне менің анам деп, анасын құшақтады. **(Музыка, көркем әдебиет)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ұяларды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту, бірақ ұя құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу, оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау (қауырсындар, жүн шүйкесі, бұтақшалар және т.б). Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың байқағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту.<br>**Еңбек:** Құстарға ұя жасауға көмектесу. | **Бақылау:** Суда жүзетін құстарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді.<br>**Еңбек:** Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру.<br>**Мақсаты:** Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау. Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Үйрек».<br>**Мақсаты:** Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді. | **Бақылау:** Жәндіктерді бақылау (қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз, солдатиктер, маса).<br>**Мақсаты:** Балалардың жәндіктердің тіршілік орны, қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету. Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау, байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.<br>**Еңбек:** Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. | **Бақылау:** Улы өсімдіктерді бақылау (жабайы итмұрын, меңдуана).<br>**Мақсаты:** Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін: жол жиегінде; сурет және белгілері, тәрбиеші сурет-темесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйрету. Меңдуананың сабағы жуан, тарам-тарам, жабысқақ, талшықтары жағымсыз исті, гүлдері сарғыш көгілдір жиектерімен; жаз бойы гүлдейді, күзге қарай жемістері піседі-қорабындағы тұқымдары қара-сұр көкнәрға ұқсас. Бұл өсімдіктің ең улы бөлігі. Жабайы итмұрынның сабақтары жіңішке, тегіс, жапырақтары қысаң, ашық-жасыл түсті, гүлдері ұсақ, сары түсті. Өсімдіктің жасыл-сұр түсті | **Бақылау:** Шоқыларды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен алыстан көрінген шоқыларды қарау. Шоқы –бұл дөңгеленген тау биіктігі екені туралы түсінік беру. Бұрынғы кезде шоқылардың орнында қатты шыңдар болған, бірақ уақыт өткен сайын табиғатта тастар бұзылады. Ол ауа райының өзгеруі, су мен өсімдіктердің өзгеруіне байланысты.Табиғат тудырған әр түрлі заттарды айыра білуді үйрету. Балалардың эстетикалық сезімдерін, отанға деген махаббаттарын дамыту.<br>**Еңбек:** Қажеттілігі бойынша.<br>**Мақсаты:** Балаларға тапсырмаларды өз бетімен орындауға үйрету. Бірікken еңбек іс-әрекетінде ат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығуышылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшу»<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету.<br>**Жеке жұмыс:** Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету (үй, кеме және т.б).<br>**Мақсаты:** Ойын барысында табиғи заттарды қолдану(құм, су және т.б) Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** | **Жеке жұмыс: Болжам.** Егер жабайы үйректер күндіз қопа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге.<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Қимылды ойын**: Көбелектер, бақалар, көкқұтан.<br>**Мақсаты:** Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру -көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>**Жеке жұмыс:** «Төртінші артық».<br>**Мақсаты:** Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | бұршаққа ұқсас тұқымыулы бөлігі болып табылады<br>**Еңбек:** Арам шөптерді жұлу.<br>**Мақсаты:** Арам шөптер туралы түсініктері кеңейту (қалуел, алабота, бидайық және т.б); шөпті отау (екпе шөпке кедергі жасамау, жарықты және ылғалды алмау үшін). Бастаған істерін аяқтау дағдыларын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Көтермек» (қазақ ұлттық ойыны)<br>**Мақсаты:** Балалардың күшін, шыдамдылығын дамыту (ойыншылар шынтақтарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады). Жарысқа қызығушылықтарын қолдау.<br>**Жеке жұмыс:** «Кім зерделі?».<br>**Мақсаты:** Өз ойларының қателігін таба білуге үйрету. Улы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту (мысалы: меңдуананың гүлдері сары, ал жабайы итмұрынның гүлі-кішкентай.Інжугүлдің жапырағы жалпақ, ал алқаныкі жасыл. Жабайы итмұрынның тұқымы домалақ, ал алқаныкі қара және т.с.с).<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен тан-** | салысу тілектерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Омпы».<br>**Мақсаты:** Асық соғуда балалардың көз мөлшерін дамыту, ұйымшылдық және дербестігін тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.** Жерде тұрып бөркіммен, Аспанға кебемін. (Шоқы)<br>**Мақал-мәтел:** Шынды жүрген жеңеді.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Асқа отырғызу. Балаларға ас ішу ережесін сақтауды дағдыландыру.<br>Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру.<br>Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Астан кейін ауыз қуыстарын шайғызу, беті-қолдарын жуғыздыру; ұйқыға жатқызу, жағымды әуен қою.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Баяу қарқынмен ертегі тыңдату. **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>«Қайық» - төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу.<br>«Тышқандар» - массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. **(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Асқа отырғызу,ұқыпты жеуге дағдыландыру.<br>Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Жеке баламен жұмыс:** «Нан қайдан шығады?» (сурет бойынша әңгіме құрау).<br>**Мақсаты**: Тілдік грамматикалық құрылымын дамыту.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **«Бұлт неге ұқсайды?»**.<br>**Мақсаты:** Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Тақпақ.**<br>Көркемдеген жер-көкті.<br>Көктем қандай тамаша!<br>Жерге әкеліп төсепті,<br>Алуан гүлді алаша.<br>**(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | **Жеке баламен жұмыс:** Нан қалай пайда болды?<br>**Мақсаты:** Қарапайым зерттеуге қызығушылық пен әуестік таныту дағдыларын жетілдіру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Жеке баламен жұмыс:** «Нан болса ән де болады».<br>**Мақсаты:** Нанның қадір-қасиеті және музыканың рухани азық екендігі туралы байланыстыра әңгімелеу. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сержан Томирис заттарды және олармен әрекет ете білуін, оларды суреттен тануын дамыту. | Айдар Айғаным заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. | Нұржігіт Ерқанат жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуын дамыту. | Бисен Әмір түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерт-теуін және салыстыруын дамыту. | Шохан Сафия бұр-ын естіген әндерді тану-ын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгімелесу.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ұяларды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларға көктемде көптеген құстар ұя салатынын айту, бірақ ұя | **Бақылау:** Суда жүзетін құстарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұш- | **Бақылау:** Жәндіктерді бақылау (қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз, солдатиктер, маса).<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Бақылау:** Улы өсімдіктерді бақылау (жабайы итмұрын, меңдуана).<br>**Мақсаты:** Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік | **Бақылау:** Шоқыларды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен алыстан көрінген шоқыларды қарау. Шоқы –бұл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | құсқа үй болмайтынын естеріне салу. Ұя жұмыртқа салу, оны басу және балапандарын өсіру үшін қажет. Құстарға биік шөптер, ағаштың басы пана бола алады. Ұя жасау үшін құстардың қандай материал қолданатынын бақылау (қауырсындар, жүн шүйкесі, бұтақшалар және т.б). Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың байқағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту.<br>**Еңбек:** Құстарға ұя жасауға көмектесу.<br>**Мақсаты:** Балаларға құстарға көмектесуді ұсыну, жемсалғышқа тамақ қана емес, әр түрлі жүн-жұрқаларды салғызу. Құстар оған қуанады, жұмысқа деген жауапкершілік пен ұйымшылдықты тәрбиелеу. Балалардың құстарға деген қызығуышылықтары мен сүйіспеншілігін дамыту.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшу»<br>**Мақсаты:** Сапқа тұру біліктіліктерін бекіту; ойынның шартын орындап бір аяқтан екінші аяққа | ып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді.<br>**Еңбек:** Суда жүзуші құстарды көпірде тұрып тамақтандыру.<br>**Мақсаты:** Жем мен өсімдік тұқымдарын жемдеу үшін алдын ала дайындау. Суда жүзуші құстарға өз бетімен жем беру әдеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Үйрек».<br>**Мақсаты:** Алаң бойында қозғалыста жүріп белгі бойынша «ұяға кіру» алаңқайдағы бар балалар үйрек болып жеңіл ұшып жүреді.<br>**Жеке жұмыс: Болжам.** Егер жабайы үйректер күндіз қопа жағалауына кетсе-жаңбырға не желге.<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | жәндіктердің тіршілік орны, қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету. Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау, қорытынды жасау, байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау.<br>**Еңбек:** Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**: Көбелектер, бақалар, көкқұтан.<br>**Мақсаты:** Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру -көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>**Жеке жұмыс:** «Төртінші артық».<br>**Мақсаты:** Балалардың | беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін: жол жиегінде; сурет және белгілері, тәрбиеші суреттемесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйрету. Меңдуананың сабағы жуан, тарам-тарам, жабысқақ, талшықтары жағымсыз иісті, гүлдері сарғыш көгілдір жиектерімен; жаз бойы гүлдейді, күзге қарай жемістері піседі-қорабындағы тұқымдары қара-сұр көкнәрға ұқсас. Бұл өсімдіктің ең улы бөлігі. Жабайы итмұрынның сабақтары жіңішке, тегіс, жапырақтары қысаң, ашық-жасыл түсті, гүлдері ұсақ, сары түсті. Өсімдіктің жасыл-сұр түсті бұршаққа ұқсас тұқымы-улы бөлігі болып табылады<br>**Еңбек:** Арам шөптерді жұлу.<br>**Мақсаты:** Арам шөптер туралы түсініктері кеңейту (қалуел, алабота, бидайық және т.б); шөпті отау (екпе шөпке кедергі жасамау, жарықты және ылғалды алмау үшін). Бастаған істерін аяқтау дағдыларын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Көтермек» (қазақ ұлттық ойыны)<br>**Мақсаты:** Балалардың күшін, шыдамдылығын да- | дөңгеленген тау биіктігі екені туралы түсінік беру. Бұрынғы кезде шоқылардың орнында қатты шыңдар болған, бірақ уақыт өткен сайын табиғатта тастар бұзылады. Ол ауа райының өзгеруі, су мен өсімдіктердің өзгеруіне байланысты.Табиғат тудырған әр түрлі заттарды айыра білуді үйрету. Балалардың эстетикалық сезімдерін, отанға деген махаббаттарын дамыту.<br>**Еңбек:** Қажеттілігі бойынша.<br>**Мақсаты:** Балаларға тапсырмаларды өз бетімен орындауға үйрету. Біріккен еңбек іс-әрекетінде ат салысу тілектерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Омпы».<br>**Мақсаты:** Асық соғуда балалардың көз мөлшерін дамыту, ұйымшылдық және дербестігін тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ.**<br>Жерде тұрып бөркіммен,<br>Аспанға кебемін.<br>(Шоқы)<br>**Мақал-мәтел:**<br>Шыңды жүрген жеңеді.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен тан-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіру. Ойынға барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ету.<br>**Жеке жұмыс:** Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету (үй, кеме және т.б).<br>**Мақсаты:** Ойын барысында табиғи заттарды қолдану(құм, су және т.б) Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** | | топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | мыту (ойыншылар шынтақтарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады). Жарысқа қызығушылықтарын қолдау.<br>**Жеке жұмыс:** «Кім зерделі?».<br>**Мақсаты:** Өз ойларының қателігін таба білуге үйрету. Улы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту (мысалы: меңдуананың гүлдері сары, ал жабайы итмұрынның гүлі-кішкентай.Інжугүлдің жапырағы жалпақ, ал алқаныкі жасыл. Жабайы итмұрынның тұқымы домалақ, ал алқаныкі қара және т.с.с).<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөздік ойын:** «Сақинаны ал».<br>**Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа баулу.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **Дидактикалық ойын:** «Қай көлік қайда жүреді?».<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Үстел-үсті ойыны:** «Ғажайып қоржын».<br>**Мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **Дидактикалық ойын:** «Қуыршақ қонаққа келді».<br>**Мақсаты:** Қуыршақты сипаттай білуге үйрету.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Сақинаны айналдыру»** ойын-жаттығуы.<br>**Мақсаты:** Сақинаны екі қолмен ұстап, оңға, солға айналдыру, саусақ және білек бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | **Психологтің кеңесі:** Мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Ата – аналардың балаларды үйге алып қайтуы. | **Жобаны таныстыру.** «Менің отбасым тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

**Тексерілді:**

## Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Сәуір айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 08.04.2024 ж** | **Сейсенбі 09.04.2024 ж** | **Сәрсенбі 10.04.2024 ж** | **Бейсенбі 11.04.2024 ж** | **Жұма 12.04.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сәлемдесу.**<br>Дене қызуларын мен тазалығын тексеру.<br>Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналарға балаларын таңғы жаттығуға кешіктірмей алып келулерін сұрау».<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ненің дауысы?**<br>**Мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін бек іту, жануарлардың дауысын ажыратуға үйрету. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Сенде не бар?**<br>**Мақсаты:** Сұрақты түсініп, затты дұрыс атап, жауап беруге үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **«Кім қандай?».**<br>**Мақсаты:** Балаларды жәндіктердің сыртқы кейпіне, дағдыларына, мекеніне, қозғалыс тәсіліне анықтама беруге ынталандыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қ/ойын:** Жолмен (жалғыз аяқ жолмен).<br>**Шарты:** Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы 20-30 см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де | **Дид/ойын:** Бет орамалға лайық жамауларды табу.<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетерін дамыту.<br>**Құрал-жабдықтары:** Бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.<br>**Мазмұны:** Балаларға бет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліңдер деп ұсынған жақсы болады. Бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді. **(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну. **(Сенсорика, жапсыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Сәуір айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>**Қодың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру.<br>**Арқаның бұлшықеттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Алға және екі жаққа еңкею.<br>**Іштің және аяқтың бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Орнында жүру. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін үйрету.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Жүректен жүрекке».**<br>Күніміз ашық болсын!<br>Түніміз тыныш болсын!<br>Ауамыз таза болсын!<br>Суымыз мөлдір болсын!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекеттер** | **Қ/ойын:** Кішкене өзен арқылы.<br>**Шарты:** Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. **(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | **Дид/ойын:** Көңілді музыканттар.<br>**Мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру.<br>**Шарты:** Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек.<br>Домбыраны қолға алып,<br>Ән айтамыз толғанып.<br>Дан – диги – дан.<br>Қобыз аспап киелі,<br>Оны бәрі сүйеді.<br>Пара – ри, пара – ри.<br>Сыбызғыны үрлейміз,<br>Жалқаулықты білмейміз.<br>Ду – ду – ду.<br>Трам – та соқса барабан,<br>Қызыға жұрт қараған.<br>Трам – та – та. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** Поезд.<br>**Шарты:** Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады, ақырында тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады.<br>**(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** Сиқырлы суреттер.<br>**Мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Әр түрлі сурет бөліндiлері.<br>**Ойын барысы:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөліндiлерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>**(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** Жел көбік.<br>**Шарты:** Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге дайындау. Жылы киімдерін кигізіп, далаға серуенге шығару.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Наурыз шешектерін бақылау (өгейшөп, інжугүл).<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемнің алғаш гүлдері туралы түсініктерін бекіту. Бұл көпжылдық өсім- | **Бақылау:** Топырақты бақылау.<br>**Мақсаты:** Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру:құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жер- | **Бақылау:** Балықтарға бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Өзен жағасында отырған балықшыларға балалардың назарын аудырту. Олар немен айналысып жат- | **Бақылау:** Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында тү- | **Бақылау:** Үй құрылысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын құрылыс алаңына аудару. Үй құрылысында түрлі құрылыс машиналары қолданылады; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | діктер, яғни олар көп жыл бойы өседі және гүлдейді. Олар қыстың күні қардың астында сақталады, күн жылына олар оянады да олардың тамырынан сабағы және жапырақтары өседі. Ерте гүлдеуші өсімдіктерді ерекшеліктеріне сай анықтауды және атауды үйрету; өсімдіктердің ұқсастығын және ерекшелігін салыстыра білуді үйрету.<br>**Еңбек:** Гүлзарда, бақшада атыз қазу.<br>**Мақсаты:** Балаларды атыз қазуға қатыстыру ,бұл жұмыстың маңыздылығын түсіндіру, әр баланың жұмысқа қатысуы жүйелі болуын қадағалау.<br>**Қимылды ойын:** «Көктемгі гүлдер».<br>**Мақсаты:** Екі топқа бөліне білу; гүлдердің атауын бекіту (ойыншылар өздеріне ат таңдайды-гүл атауын); ауызша белгіні сезіне білу (бірінші топтың балалары гүлдердің атауын атайды; аталған «гүлдер» жан-жаққа қашады); ойын шартын сақтау (барлық гүл атаулары аталғаннан кейін топтар орындарымен ауысады).<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ:** | лерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді, ал құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату, соны көре білу.<br>**Еңбек:** Топырақты құнарландыру.<br>**Мақсаты:** Балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқыпты құнарландыруға үйрету; белгілі мөлшерде нәрлі ерітінділерді құю. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** Балалар таңдауымен.<br>**Мақсаты:** Қимыл әрекетін дамыту; бірлескен ойыннан қанағат алу.<br>**Жеке жұмыс: Болжам.** Сәуірдің суы болса, көк көп болар,<br>Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар.<br>**Мақал-мәтел.**<br>Мал баққандыкі, жер баптағандыкі .<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ыр? (Балық аулап жатыр). Балықшының құрал-сайманын қарап алу (қармақ, балыққа арналған шелек, құрттар салынған бәнкі).<br>**Еңбек:** Гүлзарға гүл тұқымын отырғызу.<br>**Мақсаты:** Тұқым туралы түсінігін бекіту, өздерінің тұқымды еге білуін жетілдіру (тұқымды бармақтай шұңқырға арақашықтығын 3 см етіп қайта топырақпен көму, су құю. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қармақ».<br>**Мақсаты:** Шыр айналған жіптен секіре білуді бекіту, жіп ұшына құм салынған қап байланады. Зейінді дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ.** Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағыңды қап балық!<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | сінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру.<br>**Еңбек:** Гүлзарға гүл отырғызу.<br>**Мақсаты:** Гүл отырғызатын орынды таңдап алып оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза, ұқыпты ұстау).<br>**Қимылды ойын: «**Арқан тартыс».<br>**Мақсаты:** Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту.<br>**Жеке жұмыс:** «Бауда не өседі, бақшада не өседі?».<br>**Мақсаты:** Өсімдікті өсу орнына байланысты топтастыру. Балалардың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Экскаваторлар, бульдозерлер, қада қағу жұмысында крандар, бетондық жұмыста бетон араластырғыш. Құрылыс алдында жерді қазып тұғыр орнатады. Құрылыс материалдары жоғарыға кран машиналары арқылы көтеріледі. Кран машинасының үлкен қолы бар, ол стрела деп аталады. Краншы кран машинасында отырып жұмыс басқарады. Ауыр жүкті қалың трос сымымен көтереді. Еңбекке деген құрметті тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Алаңдағы құм мен қоқысты жинау<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаны күнделікті мезгілмен жинап, жан-жағына пайдасын тигізу.<br>**Қимылды ойын:** «Бояушы мен бояулар».<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау (ойын барысында гимнастикалық орындықта тұру); жүгіру, тез қимылдау, оқу іс-әрекетінен алған дағдыларын жүзеге асыру. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс:** «Ауылға үй құраймыз».<br>**Мақсаты:** Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасыл жіпте-ақ қоңырау-шалар,<br>Жасыл түйінде-ақ бұр-шақтар. **(Інжугүл)**<br>**Мақсаты:** Логикалық ой-лау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | құрастыру дағдыларын дамыту, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, қиялын, жұмыс барысында құмды қолдана білу, құрылыс жиынын, безендіру элементтерін еңгізу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды шешіндіріп, киімдерін шкафтарына ілгізіп үйрету. Аяқ киімдерін жинатқызу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың қолдарын сабындап жуғызып, түскі асқа отырғызу. «Астарың дәмді болсын балалар!».<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Астан кейін ауыз қуыстарын шайғызу, беті-қолдарын жуғыздыру; ұйқыға жатқызу, жағымды әуен қою.<br>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Баяу қарқынмен ертегі тыңдату. **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ұйқыларынан біртіндеп тұрғызып, дене жаттығуларын орындатқызу.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларды бесін асқа отырғызу. Ас мәзірімен таныстыру.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Тақырыбы:** «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»<br>**Мақсаты:** Айналадағы кішкентай тіршілік иелерінің табиғаттағы орны туралы мағлұмат беру.<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **«Жұмбақтар» жасыру.**<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін арттыру.<br>«Мультфильмдер көрсету». **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Көрме ұйымдастыру:** Балалардың бүгінгі жасаған жұмыстарын көрмеге қойып, тамашалату. **(Мүсіндеу, жапсыру)** | **«Табиғаттағы қауіпсіздік».**<br>**Мақсаты:** Қауіпсіздік ережесін сақтауды, өздеріне таныс емес саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді теріп жемеу керектігін, жәндіктерден сақтану керектігін, табиғат аясында тыныштық сақтау туралы әңгімелесу. (**Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Музыкадағы үш кит».<br>**Ойын материалы:** Қатты картоннан жасалынған үш кит.<br>**Ойын барысы:** Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауымен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды. **(Музыка, дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Еркімбек Айнамкөздің заттарды және олармен әрекет ете білуін, оларды суреттен тануын дамыту. | Жексенбек Жансеріктің қарқынды өзгертіп жүруін, жүгіруін дамыту. | Жексенбек Мансұрдың қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуын дамыту. | Жақаш Шұғыланың үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауын дамыту. | Қайратбек Айарудың кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге шығуға дайындау. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Наурыз шешектерін бақылау (өгейшөп, інжугүл). **Мақсаты:** Балалардың көктемнің алғаш гүлдері туралы түсініктерін бекіту. Бұл көпжылдық өсімдіктер, яғни олар көп жыл бойы өседі және гүлдейді. Олар қыстың күні қардың астында сақталады, күн жылына олар оянады да олардың тамырынан сабағы және жапырақтары өседі. Ерте гүлдеуші өсімдіктерді ерекшеліктеріне сай анықтауды және атауды үйрету; өсімдіктердің | **Бақылау:** Топырақты бақылау. **Мақсаты:** Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру:құмды жер ме,әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді, ал құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату, соны көре білу. **Еңбек:** Топырақты құнарландыру. **Мақсаты:** Балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқ- | **Бақылау:** Балықтарға бақылау жасау. **Мақсаты:** Өзен жағасында отырған балықшыларға балалардың назарын аударту. Олар немен айналысып жатыр? (Балық аулап жатыр). Балықшының құрал-сайманын қарап алу (қармақ, балыққа арналған шелек, құрттар салынған бәнкі). **Еңбек:** Гүлзарға гүл тұқымын отырғызу. **Мақсаты:** Тұқым туралы түсінігін бекіту, өздерінің тұқымды еге бі- | **Бақылау:** Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. **Мақсаты:** Балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру. Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру. **Еңбек:** Гүлзарға гүл отырғызу. **Мақсаты:** Гүл отырғызатын орынды таңдап алып оны суару. Еңбек мәден- | **Бақылау:** Үй құрылысын бақылау. **Мақсаты:** Балалардың назарын құрылыс алаңына аудару. Үй құрылысында түрлі құрылыс машиналары қолданылады; Экскаваторлар, бульдозерлер, қада қағу жұмысында крандар, бетондық жұмыста бетон араластырғыш. Құрылыс алдында жерді қазып тұғыр орнатады. Құрылыс материалдары жоғарыға кран машиналары арқылы көтеріледі. Кран машинасының үлкен қолы бар, ол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқсастығын және ерекшелігін салыстыра білуді үйрету.<br>**Еңбек:** Гүлзарда, бақшада атыз қазу.<br>**Мақсаты:** Балаларды атыз қазуға қатыстыру ,бұл жұмыстың маңыздылығын түсіндіру, әр баланың жұмысқа қатысуы жүйелі болуын қадағалау.<br>**Қимылды ойын:** «Көктемгі гүлдер».<br>**Мақсаты:** Екі топқа бөліне білу; гүлдердің атауын бекіту (ойыншылар өздеріне ат таңдайды-гүл атауын); ауызша белгіні сезіне білу (бірінші топтың балалары гүлдердің атауын атайды; аталған «гүлдер» жан-жаққа қашады); ойын шартын сақтау (барлық гүл атаулары аталғаннан кейін топтар орындарымен ауысады).<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ:**<br>Жасыл жіпте-ақ қоңыраушалар,<br>Жасыл түйінде-ақ бұршақтар. **(Інжугүл)**<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ыпты құнарландыруға үйрету; белгілі мөлшерде нәрлі ерітінділерді құю. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** Балалар таңдауымен.<br>**Мақсаты:** Қимыл әрекетін дамыту; бірлескен ойыннан қанағат алу.<br>**Жеке жұмыс: Болжам.**<br>Сәуірдің суы болса, көк көп болар,<br>Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар.<br>**Мақал-мәтел.**<br>Мал баққандықі, жер баптағандықі .<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | луін жетілдіру (тұқымды бармақтай шұңқырға арақашықтығын 3 см етіп қайта топырақпен көму, су құю. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қармақ».<br>**Мақсаты:** Шыр айналған жіптен секіре білуді бекіту, жіп ұшына құм салынған қап байланады. Зейінді дамыту.<br>**Жеке жұмыс: Тақпақ.**<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағынды қап балық<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | иетін қалыптастыруды үйрету (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза, ұқыпты ұстау).<br>**Қимылды ойын: «**Арқан тартыс».<br>**Мақсаты:** Күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту.<br>**Жеке жұмыс:** «Бауда не өседі, бақшада не өседі?».<br>**Мақсаты:** Өсімдікті өсу орнына байланысты топтастыру. Балалардың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | стрела деп аталады. Краншы кран машинасында отырып жұмыс басқарады. Ауыр жүкті қалың трос сымымен көтереді. Еңбекке деген құрметті тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Алаңдағы құм мен қоқысты жинау<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаны күнделікті мезгілмен жинап, жан-жағына пайдасын тигізу.<br>**Қимылды ойын:** «Бояушы мен бояулар».<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау (ойын барысында гимнастикалық орындықта тұру); жүгіру, тез қимылдау, оқу іс-әрекетінен алған дағдыларын жүзеге асыру. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс:** «Ауылға үй құраймыз».<br>**Мақсаты:** Балалардың құрастыру дағдыларын дамыту, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, қиялын, жұмыс барысында құмды қолдана білу, құрылыс жиынын, безендіру элементтерін еңгізу.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балаларды шешіндіріп, киімдерін шкафтарына ілгізіп үйрету. Аяқ киімдерін жинатқызу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дидактикалық ойын:** «Автобус». **Мақсаты:** Дөңгелек және төртбұрышты заттарды ажырата білу қабілетін дамытуға ықпал ету. **(Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды дамыту)** | **Баяу қимылды ойын:** «Күн шұғыласы». **Мақсаты:** Ойын ойнау барысында, ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Үстел үсті ойыны:** «Орнына қой». **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді танып атауға үйрету, негізгі түстерді бекіту. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** | **Кітаптардан ертегі оқу. Мақсаты:** Балалардың қиялын, зейінін дамытуға ықпал ету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Үстел үсті ойыны:** «Үлкен - кіші». **Мақсаты:** Үлкен және кіші заттарды ажырата білуге үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тәрбиешіден сұранып, үйлеріне қайтуы | Ата – аналарға балаларының бүгінгі әс – әрекеттері туралы айту. | Ата – аналарға балаларының бүгінгі жасаған жұмыстарын көрсетіп, үйлеріне беріп жіберу. | «Сау болыңдар, балалар!». | Балаларға сәтті демалыс күндерін тілеп, шығарып салу. |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Сәуір айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 15.04.2024 ж** | **Сейсенбі 16.04.2024 ж** | **Сәрсенбі 17.04.2024 ж** | **Бейсенбі 18.04.2024 ж** | **Жұма 19.04.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Тәрбиешінің балалармен қарым – қатынасы:** Ата – аналармен жеке әңгімелесу, жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен тазалығына қөңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Отбасындағы бала тәрбиесі» психологиялық кеңес беру.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Еркін ойын».**<br>**Мақсаты:** Өз бетінше еркін ойнауға мүмкіндік беру (секіру, жүгіру, ойыншықтармен ойнау, жүру).<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** | **«Бауырсақ» ертегісі.**<br>**Мақсаты:** Балалардың ертегіге деген қызығушылығын ояту. Достыққа баулу.<br>**(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Суреттерді құрастыр».<br>**Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.<br>**Шарты:** Балаларға кезкелген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер | **Дид/ойын:** «Отбасы мүшелерін орналастыр».<br>**Ойнаушылар саны:** 7-8 бала.<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атауға, оларды құрметтеуге үйрету. Есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру.<br>**Құрал-жабдықтары:** Отбасы мүшелерінің суреттері, ұяшықтар. | **Дид/ойын:** «Нан дастарханға қалай келеді?».<br>**Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайын, элеватор, диір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрастыру керектілігі түсіндіріледі.<br>**Көрнекілігі:** Әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері. **(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Ойынның барысы:** Балалар отбасы мүшелерінің аттарын, олардың жанұядағы орны мен атқаратын қызметін атаулары керек.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | мен.<br>**Көрнекіліктер:** Егін даласына қажетті суреттер **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Сәуір айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Қимылды ойындар:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>**Велосипед тебу:** Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға баулу. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Астарың дәмді болсын! Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты оң қолдарымен ұстауға дағдыландыру, тазалыққа баулу (қолды дұрыс таза жууға, құрғақ сүртуге үйрету). Ас қайыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Тілек тілеу».**<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту).<br>**Ойынның шарты:** Бір топ балаларды (4-6 адамды) жинап алып тәрбиеші оларға жалаушаны көрсетеді, онымен ойнауды ұсынады. Тәрбиеші кезекпен кімнің жалаушаға баратынын айтады да балалардың әрқайсысының кедергіден дұрыс ат- | **Дид/ойын:** Құстың даусын тап.<br>**Мақсаты:** Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** Үлкен, кіші құстардың суреті.<br>**Шарты:** Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку – ку деп құстар сияқты әндетеміз. Үлкен құстар – жуан әндете- | **Қ/ойын:** Күн мен жаңбыр.<br>**Ойынның шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.<br>**Тәрбиеші:** «Аспан аш- | **Дид/ойын:** «Сыңарын тап»<br>**Мақсаты:** Силуетті немесе контурлы бейнелерге сәйкес заттардың бейнесін табуға үйрету.<br>**Шарты:** Берілген түрлі пішіндегі заттардың таныс бейнелеріне сыңарын табу.<br>**(Сурет салу, сенсорика)** | **Қ/ойын:** Күн шұғыласы (сәулесі).<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де:<br>Қабырғаға елбеңдеп,<br>Ойнайды сәуле құбылып.<br>Ымдасаң болды«кел» деп<br>Жетеді демде жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. Балалардың барлығы жалаушамен оралғаннан кейін тәрбиеші жалаушаларды көтеріп, маршпен жүріп өтуді ұсынады (тәрбиеші ритммен қолын соғады немесе бір-екі, бір-екі деп дауыстап тұрады.) Одан кейін ойын балалардың басқа тобымен жүргізіледі. **(Дене шынықтыру, сенсорика)** | ді, кішкентай құстар – жіңішке дыбыста әндетеді. **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | ық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер! деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. **Тәрбиеші қайтадан:** «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады. **(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | | «Сәулені ұстаңдар» деген сигнал береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киіндіру. Киінудің реттілігін сақтауға, өз киімін тануға дағдыландыру, серуенге ойын материалдарын дайындау. Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райын бақылау **Мақсаты:** Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білу. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білу. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарымқатынасын дамыту. **Еңбек:** Топырақты тұқым салуға дайындау. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа баулу. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа баулу. | **Бақылау:** Күнді бақылау **Мақсаты:** Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. **Еңбек:** Гүл тұқымын топыраққа егу. **Мақсаты:** Гүлдерді егу жолын балаларға үйрету. **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт». **Мақсаты:** Ептілікке баулу. ***Жеке жұмыс:*** **Көркем сөз.** Кешкі күн Қонды тау басына. | **Бақылау:** Желді бақылау. **Мақсаты:** Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға, олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. **Еңбек:** Қажеттілік бойынша жұмыс. **Мақсаты:** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс | **Бақылау:** Аспанды бақылау. **Мақсаты:** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. **Еңбек:** Тұқымды қараширікке отырғызу. **Мақсаты:** Еңбектенуге баулу. **Қимылды ойын:** «Қазым, қазым қаңқылда!». **Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту. ***Жеке жұмыс:*** **Көркем сөз.** Балалар-ау, балалар! | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. **Еңбек:** Ауладағы құмды тазалау. **Мақсаты:** Күрекпен жұмыс істей білу, құмды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. **Қимылды ойын:** «Кілттер». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жеке жұмыс:** Көркем сөз Жауынмен жер көгереді, Батамен ел көгереді. **Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін сақтау. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Төкті нұр Құзар шың басына. **Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | атқара білуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Қақпақ пен таяқ». **Мақсаты:** Алғырлыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Көркем сөз.** Жел - тым тентек бір бала, Жан сүйгені - сар дала. **Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. **Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін дамыту. **Жеке жұмыс: Көркем сөз.** Көрген сайын аспанда Ала шарбы бұлтты, Әжем түткен ақшамда Елестетем түбітті. **Мақсаты:** Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, тазалыққа баулу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс әдептілік ережесін үйрету.<br>**Ас қайтару**<br>**Рахмет берген дәміңе,**<br>**Ризалық берсін бәріңе.**<br>**Аман болсын басыңыз,**<br>**Жүзге жетсін жасыңыз.**<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Музыка әуенімен ертегі оқып балаларды жатқызу, балалардың тыныш ұйықтауларына жағымды жағдай жасау. Тәтті ұйқы. **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Сергек оянамыз, керілу, созылу жаттығулары. Массажды жолдармен жүргізу. **(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару: ұқыпты тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Ас қайтару. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс -** | **Ертегі:** «Шалқан». **Мақсаты:** Балаларға ертегі тыңдауға үйрету. Бірігіп жасаған жұмыс жемісті болатынын ұғындыру. **(Көркем әдебиет,** | Балаларды музыка ырғағымен билетіп, қимыл – қозғалыстарын дамыту. **(Музыка, дене шынықтыру)** | **Дид/ойын:** "Сөйлемді аяқта". **Мақсаты:** Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Мысалы: Тәрбиеші өлеңнің сөй- | **Дид/ойын:** «Музыкалық моншақтар». **Ойын материалы:** Түрлі – түсті картоннан жасалынған моншақтар. **Ойын барысы:** Ойын ба- | **Дид/ойын:** Вагондарға дөңгелек таңдау. **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін да- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **сөйлеуді дамыту)** | | лемін оқиды, балалар жалғасын табады.<br>Мен барамын(бақшаға)<br>Апайымның....(қасына)<br>Ойнаймын мен .........(бақшада)<br>Ұйықтаймын(бақшада)<br>Қайтамын үйге .......(баптай)<br>Жан әжем екеуміз .........(асықпай)<br>**(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | лаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.**(Музыка, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | мыту.<br>**Қажетті құралдар:** Қағазға салынған вагондар, әр түрлі геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әр түрлі пішіндердің ішінен табады.<br>**(Құрастыру, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бердыбек Осман өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытуын: оларды жақсы көруін, сипауын дамыту. | Оралбай Нұриман заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. | Шохан Жасмин жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуын дамыту. | Темірбай Әбдінұр түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. | Сабденбек Хамза педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтуын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киіндіру. Киінудің реттілігін сақтауға, өз киімін тануға дағдыландыру, серуенге ойын материалдарын дайындау.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райын бақылау<br>**Мақсаты:** Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білу. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білу. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарымқатынасын дамыту. | **Бақылау:** Күнді бақылау<br>**Мақсаты:** Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Еңбек:** Гүл тұқымын топыраққа егу.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді егу жолын балаларға үйрету. | **Бақылау:** Желді бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға, олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>**Еңбек:** Қажеттілік бой- | **Бақылау:** Аспанды бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>**Еңбек:** Тұқымды қарашірікке отырғызу.<br>**Мақсаты:** Еңбектенуге | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**Еңбек:** Ауладағы құмды тазалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еңбек:** Топырақты тұқым салуға дайындау.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:** Көркем сөз<br>Жауынмен жер көгереді,<br>Батамен ел көгереді.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін сақтау.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт».<br>**Мақсаты:** Ептілікке баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Көркем сөз.**<br>Кешкі күн<br>Қонды тау басына.<br>Төкті нұр<br>Құзар шың басына.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | ынша жұмыс.<br>**Мақсаты:** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қақпақ пен таяқ».<br>**Мақсаты:** Алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Көркем сөз.**<br>Жел - тым тентек бір бала,<br>Жан сүйгені - сар дала.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Қазым, қазым қаңқылда!».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Көркем сөз.**<br>Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады далалар.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Күрекпен жұмыс істей білу, құмды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Кілттер».<br>**Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Көркем сөз.**<br>Көрген сайын аспанда<br>Ала шарбы бұлтты,<br>Әжем түткен ақшамда<br>Елестетем түбітті.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, тазалыққа баулу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Дидактикалық ойын «Менің отбасым»<br>Мақсаты: Фотосуреттер қарастыру<br>Фотосуреттегі бейнеленген отбасы мүшелерін атау<br>*(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды* | Дидактикалық ойын «Топтағы ойыншықтарды атап бер»<br>Мақсаты: топтағы ойыншықтарды дұрыс айтып беруін қадағалау.<br>*(коммуникативтік дағдыларды дамыту)* | Дидактикалық ойын «Атын атап бер»<br>Мақсаты: жиһаз аутауын атауға үйрету<br>*(танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту)* | Дидактикалық ойын: «Мен балабақшада не істеймін?»<br>Мақсаты: балалар балабақшада қандай і-әрекет жасайтының білуі тиіс *(коммуникативтік дағдыларды дамыту)* | Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері»<br>Мақсаты: саусақтарын бүгіп ертегілерді естеріне түсіру .Қуанышты көңіл-күй сыйлау.<br>*(коммуникативтік дағдыларды дамыту)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *дамыту)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Сау болыңыздар, балалар! | Балалар іс – әрекетін мадақтау. Балабақшадан себепсіз қалмауларын өтіну. | Балалар іс – әрекетін мадақтау. | Балаларды ата – аналарына тапсыру. Баласының балабақшада не үйренгенін сұрап, қадағалауларын тапсыру. | Ата – анаға балалардың таза болып келулерін тапсыру. Сау болыңдар балалар! |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Сәуір айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 22.04.2024 ж** | **Сейсенбі 23.04.2024 ж** | **Сәрсенбі 24.04.2024 ж** | **Бейсенбі 25.04.2024 ж** | **Жұма 26.04.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Сәлемдесу.**<br>Дене қызулары мен тазалығын тексеру.<br>Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналарға балаларын балабақшаға жеңіл киіндіріп әкелулерін айтып түсіндіру».<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ертегі:** «Менің сүйікті ертегім».<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.<br>**(Көркем әдебиет, сөй-** | **Балалармен санамақ айту.**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Анам, әкем, апам, атам және мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **Үстел-үсті ойыны:** «Тотықұстың әдемі үйі»<br>**Мақсаты:** Қол моторикасын дамыту.<br>**(Құрастыру, қоршаған ортамен танысу)** | **Дид/ойын:** Үй құрылысының ретін көрсет.<br>**Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.<br>**Қажетті құралдар:** Баланың саны бойынша әр түрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>**Ойын барысы:** Балаларға | **Дид/ойын:** «Құстарды ажырат».<br>**Мақсаты:** Дала құстары мен үй құстарын ажырата білуге үйрету, балалардың сөздік қорын құс атауларын білдіретін сөздермен толықтыру.<br>**Құрал-жабдықтары:** Құстардың суретері.<br>**Ойынның барысы:** Да- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **леуді дамыту)** | | | үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әр түрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. **(Құрастыру, сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | ла құстары мен үй құстары бейнеленген суретті екі топқа бөліп орналастырады, олардың қайсысы дала құсы, қайсысы үй құсы екенін айтады. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Сәуір айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Мәдени – гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:** Әр т үрлі ілгектерді қолдана білу.<br>**Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:** Тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>**Сауықтыру – шынықтыру шаралары:** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Мен Отанымды сүйемін».**<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан –Ана,<br>Отан –үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Мені қуып жетіңдер.<br>**Шарты:** Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе аланда отырады.<br>**Тәрбиеші:** «Мені қуып жетіңдер», - дейді де алаңның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы | **Дид/ойын:** Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс.<br>**Мақсаты:** Есту қабілетін дамытып, дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі.<br>**Шарты:** 1 – бала ду –у-у соза әндетеді, екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс.<br>**(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | **Қ/ойын:** Маған қарай жүгіріңдер.<br>**Шарты:** Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе аланды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын | **Дид/ойын:** Әдемі кілемшелер.<br>**Ойынның мақсаты:** Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелер- | **Қ/ойын:** Үрпек төбет.<br>**Шарты:** Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды.Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:<br>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,<br>Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық.<br>Белгісіз жатқаны ұйық- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | да: «Мені қуып жетің-дер», - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып дем алады. Одан кейін ойын қайта басталады.Ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс: балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы қарап тұрады, одан кейін балалар рөлдермен ауысады.<br>**(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | | жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады).<br>**(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | дің үстіне қойып, құрақ құрайды.<br>**(Сенсорика, сөйлеуді дамыту, жапсыру)** | тап, яки қалғып,<br>Момақан, сырт пішіні жуас салғырт.<br>Ояталық жақындап барайық та,<br>Қайтер екен содан соң – қарайық та.<br>Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.Ойын азғана балалар тобымен жүргізіледі.<br>**(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жылғалар мен шалшықтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үй- | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштар- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау.<br>**Еңбек:** Аула маңын қоқыстан тазарту.<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушы әпкейге көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Батылдар».<br>**Мақсаты:** Қайсарлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылт-жылт етеді.<br>Жылғадан өтеді. (Су)<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>**Мақсаты:** Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім шапшаң?».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | рету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Ширақ қимылдауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Адам көркі шүберек,<br>Ағаш көркі жапырақ.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын кеңейту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Орман дақтары».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді ырғатыла,<br>Сылаң қағып сай-сала.<br>Қызғалдақтар қырға тұна,<br>Құлпырды бар айнала.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | дың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.<br>**Еңбек:** Ағаш түбін әктеу.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келіп, қырда,<br>Құлпырады шалғын,<br>Қозы, лақпен бірге,<br>Ойнап, асыр салдым.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Асқа отырғызу. Балаларға ас ішу ережесін сақтауды дағдыландыру.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Баяу қарқынмен ертегі тыңдату.<br>**(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды** | **Бейнелеу әрекеті:** Ермексазбен жұмыс.<br>**Мақсаты:** Әтешке ермек- | **Дид/ойын:** «Симметриялы заттар».<br>**Мақсаты:** «Симметрия» | **Дид/ойын:** «Интервью»<br>**Мақсаты:** Балаларды | **Дид/ойын:** «Музыкалық үйшік».<br>**Ойын материалы:** Қатты | **Дид/ойын:** «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда».<br>**Мақсаты:** Түстер туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | саздан қоршау жасатып үйрету. **(Мүсіндеу, құрастыру)** | ұғымымен таныстыру. Симметриялы заттарды анықтау және ажырата білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. **Шарты:** Берілген кескіндерді симметриялы орналастыру, қағаз бетінде дұрыс қою. **(Сурет салу, сенсорика)** | "Менің қалам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, құрбыларымен сырласуға тәрбиелеу. **Шарты:** Тәрбиеші газет корреспонденті болып балаларға микрофонды ұсынып, "Менің қалам" қандай деп әң-гімеге тартады (кейін газет корреспондентін-ің ролін бала да атқара алады). **(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әр түрлі муз.аспаптардың суреттері. **Ойын барысы:** Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әр түрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үйшіктің әйнегіне апарып жабыстырады. **(Музыка, сенсорика)** | ұғымдарын кеңейту. **Барысы:** Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды полотноға орналастырып былай деп әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші-деп балаларды ойынға шақырады. **Көрнекілігі:** Картоннан қырқылып полотноға орналастырылған әр түсті кеселер мен тәрелкелер. **(Құрастыру, сурет салу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бердіқұл Жақсылық дәмі, сыртқы белгілері бойынша көкөністер мен жемістерді ажыратуын және атауын дамыту. | Гамера Арина бел-гілі бір ретпен киінуін және шешінуін дамыту. | Ергенбай Айзере ересектердің сөзін тыңдауын және түсінуін дамыту. | Рашид Балсезім үлгі мен ауызша нұсқауға сүй-еніп, тапсырмаларды орындауын дамыту. | Бисенбай Жанкелді өз бетінше құрасты-руға тырысуын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау. | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау. | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін ба- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау.<br>**Еңбек:** Аула маңын қоқыстан тазарту.<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушы әпкейге көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Батылдар».<br>**Мақсаты:** Қайсарлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылт-жылт етеді.<br>Жылғадан өтеді. (Су)<br>**Мақсаты:** Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>**Мақсаты:** Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім шапшаң?».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Ширақ қимылдауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Адам көркі шүберек,<br>Ағаш көркі жапырақ.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын кеңейту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Орман дақтары».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді ырғатыла,<br>Сылаң қағып сай-сала.<br>Қызғалдақтар қырға тұна,<br>Құлпырды бар айнала.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | қылау.<br>**Мақсаты:** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.<br>**Еңбек:** Ағаш түбін әктеу.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келіп, қырда,<br>Құлпырады шалғын,<br>Қозы, лақпен бірге,<br>Ойнап, асыр салдым.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс -** | Шаштараз қалай жұмыс істейді, қуыршаққа көрсетеміз. Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жаб- | **«Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап».**<br>**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін бекіту. | **Сюжетті-рөлдік ойын:** "Емхана".<br>**Мақсаты:** Емханаға қажетті құралдарымен | **Дидактикалық ойын:** «Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық».<br>**Мақсаты:** Негізгі түстерді меңгеруге, киім ат- | **«Бұл кімге керек?»** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Әр түрлі заттарды көрсетіп, аттарын ататып, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | дықтарын атауға үйрету Тарақ,ойыншық фен, қайшы. **(Әлеуметтік-эмоционалды дағды-ларды дамыту)** | **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | таныстыру. **(Коммуникативтік дағдыларды дамы-ту)** | ауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру. **Ойын құралдары:** 4 түсті пальто киген қыз-дар / панносы/көк, қоң-ыр, қызыл, жасыл/. **(Танымдық және зият-керлік дағды)** | еңбекте қолданылуы ту-ралы түсіндіру, маман-дықтармен таныстыру. Қайшы, тарақ, шприц, градусник, тарелка. Кілт, бұрылғыш. **(Танымдық және зи-яткерлік дағдыларын дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | **Психологтің кеңесі:** мы-салы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнат-қан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өз-дері не істей алатында-ры туралы әңгімелесу. | **Кеңес:** «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | «Үй құстары, дала құста-ры» тақырыбына сурет көрмесін ұйымдастыру. |

**Тексерілді:** 

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 29 сәуір – 3 мамыр аралығы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 29.04.2024 ж | Сейсенбі 30.04.2024 ж | Сәрсенбі 01.05.2024 ж | Бейсенбі 02.05.2024 ж | Жұма 03.05.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **«Сәлеметсің бе, балабақша!».** Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналармен балалырының үйдегі күн тәртібімен сөйлесу». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** «Өзім және отбасым». **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге отбасының бірлігін сақтап, | **Дид/ойын:** «Төлін тап». **Мақсаты:** Балалардың байқампаздық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшандыққа баулу. **Құрал-жабдықтары:** Үй жануарлары мен олардың төлдерінің суреттері. **Ойынның барысы:** Балалар үй жануарлары бейнеленген суреттердің бірін | **Қазақстан халқының бірлігі күні.** | **Қ/ойын:** Айдарлы-мекиен тауық. **Шарты:** Тәрбиеші мекиен тауықты, балалар балапандарды бейнелейді. Бір бала (сәл үлкендеу) – мысық. Мысық шеттеу тұрған орындыққа отырады. Тауық пен балапандар бөлмеде жүреді. **Тәрбиеші:** | **Дид/ойын:** Таныс пішіндер доминосы. **Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. **Ойынның құрал-жабдықтары:** Пішіндер бейнеленген суреттер. **Ойынның мазмұны:** Ба- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жан-ұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Суреттер бойынша әңгіме жүргізу.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екуміз<br>Бас бармағым атам.<br>Балан үйрек әжем<br>Ортан терек әкем<br>Шылдыр шүмек анам<br>Кішкентай бөбек мен<br>Балалар санамақты тыңдап, тәрбиешінің артынан қайталайды.<br>Саусақтарымен санап көрсету арқылы санамақты қайталайды.<br>**(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | таңдап, оның атын атап, төлін тауып сәйкестендіреді. Жануарлар мен төлдердің қорегі мен мекені туралы білгендерін айтады.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | Ертіп сары балапандарын,<br>Айдарлы әсем шықты тауық.<br>«Кетпеңдер ұзап, балақандарым,<br>Қыт-қыт», - дейді ауық ауық.<br>Мысыққа жақындап келіп тәрбиеші былай дейді:<br>Тұрған жолдың бойында<br>Орындыққа бүк түсіп.<br>Не бар, қайдам, ойында<br>Жатыр ұйықтап бір мысық.<br>Мысық көзін ашады,<br>Балапандар қашады.<br>Мысық көзін ашады, мияулайды да бөлменің белгілі бұрышына, - «үйіне», тауық-мамаға қашқан балапандарды қуа жөнеледі.<br>Тәрбиеші (тауық) қолын жан-жаққа бұлғап, балапандарын қорғайды да:<br>«Кет, мысық, балапандарымды саған бермеймін!», - дейді.Ойын қайталанғанда, мысықтың рөлі басқа балаға тапсырылады.<br>**(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | лаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**(Сенсорика, сурет салу)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Мамыр айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру:** Әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.<br>**Тепе – теңдік сақтау жаттығулары:** Орнында баяу айналу.<br>**Жүгіру:** 30 – 40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** Шектеулі жазықтың бойымен еңбектеу.<br>**Домалату, лақтыру:** Отырып және тұрып домалату.<br>**Секіру:** 10 – 15 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету. **(Дене шынықтыру)** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Ас ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға баулу.<br>(Мәдени – гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Шаттық шеңбер: «Сүйікті балабақшам».<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз!<br>(Мәдени – гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер</td><td>Дене шынықтыру</td><td>Музыка</td><td>Дене шынықтыру</td><td></td><td>Дене шынықтыру</td></tr>
<tr><td>Қ/ойын: Шарларды до-малату.<br>Шарты: Тәрбиеші бала-ларға бір топ түрлі түсті шарлар көрсетеді, бала-ларға тек көруге ғана ем-ес, тіпті ұстауға да мүм-кіндік беріледі, олардың түр-түсін айтуды сұрай-ды. Бұдан кейін тәрбие-ші шарды қалай домала-туды көрсетеді, одан соң балаларды біртіндеп ша-қырып, бір-екі шарды до-малатуды ұсынады. Шар-ды домалатып бара жат-қан бала өзі соның арты-нан жүгіреді және шарды кәрзеңкеге немесе жәшік-ке салады. Ойын қайта-ланған кезде тәрбиеші балалардың шардың түсі-не қалай назар аудараты-нын байқап алады. Мыса-лы, өзі қызыл шарды до-малатады да балаға да</td><td>Дид/ойын: Ән салған кім?<br>Мақсаты: Ән салған ба-ланы даусынан тану қабі-летін байқау, есту қабіл-етін дамыту.<br>Көрнекіліктер: Аспаптар<br>Шарты: Бір бала шым-ылдықтың артында тұра-ды, ал екінші бала ән ор-ындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып, есімін атап беруі керек.<br>(Музыка, сөйлеуді да-мыту)</td><td></td><td>Дид/ойын: «Мен бастай-мын, сен аяқта».<br>Мақсаты: Есте сақтау жә-не ойлау қабілеттерін дам-ыту.<br>Мысалы:Тәрбиеші өлеңнің сөйлемін оқиды, балалар жалғасын табады.<br>Сипап өткен ........,<br>Тербеледі ..............,<br>Шолып едім ..........,<br>Қауын біткен......... .<br>Көрінді ....................,<br>Бел-белестер...........<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</td><td>Қ/ойын: Допты ұста.<br>Шарты: Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға онымен ой-науды ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтыр-ып: «Ұста» - дейді. Бала-лар допты қайтадан тәр-биешіге лақтырады.<br>(Дене шынықтыру, сур-ет салу)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сондай шар ұсынады. Немесе бірінен кейін бірін 2-3 шарды домалатуда тапсырма береді де (қызыл, жасыл),әр жолы түсін айтады. Тапсырманы әр жағдайға қарай өзгертіп тұруға болады. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киіндіріп, далаға серуенге алып шығу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау. **Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен карауды тәрбиелеу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту. **Мақсаты:** Гүлдерді аялауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Гүлдер». **Мақсаты:** Жанашырлыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:**<br>Күн нұрымен қосылып,<br>Көктем үйге енеді.<br>Араласып көктеммен<br>Шаттық , қуаныш келеді<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтар-ын дамыту. **Еркін ойындар.** | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. **Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту.Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету7 **Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау. **Мақсаты:** Тазалыққа баулу. **Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей». **Мақсаты:** Қырағылыққа баулу. **Жеке жұмыс:**<br>Көктем кеп,<br>Көкпеңбек жер беті.<br>Нұрланды<br>Гүлзарлы келбеті.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін дамыту. **Еркін ойындар.** | | **Бақылау:** Бұталарды бақылау. **Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту, қолайлы шарттармен байланысын көрсету. **Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту. **Мақсаты:** Ағаштарды күтіп, баптауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Шегірткe». **Мақсаты:** Жылдам қимылдауға баулу. **Жеке жұмыс:**<br>Қыз көктем бойын түзеген,<br>Иісі жұпар бар алап.<br>Шалғынды кешіп тізеден,<br>Келеміз қырды аралап.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларына жаңа сөздер енгізу. **Еркін ойындар.** **(Қоршаған ортамен тан-** | **Бақылау:** Шырша және қарағайды салыстыра бақылау. **Мақсаты:** Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру: ұқсастығы мен айырмашылығын. **Еңбек:** Қылқан жапырақты ағаштарды күту. **Мақсаты:** Табиғатты аялауға баулу. **Қимылды ойын:** «Бүршіктен атта». **Мақсаты:** Алғырлыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:**<br>Көктем болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады<br>Бақшаға гүлдер толады.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Еркін ойындар.** **(Қоршаған ортамен тан-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың серуеннен кейін қолдарын сабындап жуу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру. Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Астан кейін ауыз қуыстарын шайғызу, беті-қолдарын жуғыздыру; ұйқыға жатқызу, жағымды әуен қою. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу.<br>«Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау.<br>«Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. **(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Асқа отырғызу, ұқыпты жеуге дағдыландыру. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Ойлан, асықпа».** Тәрбиеші тапсырмасы бойынша сөз табу. «Күннің көзі» сөзіне- айқын, ыстық, жарық...; «аспан» сөзіне- бұлт, көгілдір, жаңбыр сәйкес келетін сөз табу. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Сергіту жаттығуы:**<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз.<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** | | **«Не өседі, гүлденеді, толықсиды?».** Аталмыш жерде кең таралған өсімдіктер жайлы түсіндіру. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Өз аспабыңды тап». **Ойын материалы:** Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта және балаларға арналған муз аспаптар, ширма. **Ойын барысы:** Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағы да бір рет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді. **(Музыка, сурет салу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Құралбай Ұлдана есімін атағанда жауап беру-ін, өзін айнадан және фотосуреттерден тануын дамыту. | Еркінбек Парасат заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. | | Аманбек Ақсезім ересектердің сөзін тыңдауын және түсінуін дамыту. | Сержан Томирис түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгімелесу.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Гүлдер».<br>**Мақсаты:** Жанашырлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Күн нұрымен қосылып,<br>Көктем үйге енеді. | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау.<br>**Мақсаты:** Тазалыққа баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей».<br>**Мақсаты:** Қырағылыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем кеп,<br>Көкпеңбек жер беті. | | **Бақылау:** Бұталарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту, қолайлы шарттармен байланысын көрсету.<br>**Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаштарды күтіп, баптауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Шегірткe».<br>**Мақсаты:** Жылдам қимылдауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Қыз көктем бойын түзеген,<br>Иісі жұпар бар алап.<br>Шалғынды кешіп тізеден, | **Бақылау:** Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай білу. Қарағай мен шыршаны салыстыру: ұқсастығы мен айырмашылығын.<br>**Еңбек:** Қылқан жапырақты ағаштарды күту.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға баулу.<br>**Қимылды ойын:** «Бүршіктен атта».<br>**Мақсаты:** Алғырлыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем болды алақай,<br>Қуанар барлық балақай.<br>Көктемде жаңбыр болады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Араласып көктеммен Шаттық , қуаныш келеді **Мақсаты:** Тіл байлықтар-ын дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен та-нысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Нұрланды Гүлзарлы келбеті. **Мақсаты:** Сөйлеу мәден-иетін дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | Келеміз қырды аралап. **Мақсаты:** Сөздік қорлар-ына жаңа сөздер енгізу. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | Бақшаға гүлдер толады. **Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен тан-ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың серуеннен кейін қолдарын сабындап жуу. **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Баяу қимылды ойын:** «Алақан мен хлоп хлоп **Мақсаты:** Балалардың эмоционалдық көңіл кү-йін қалыптастыру. **(Танымдық және зият-керлік дағдыларын дамыту)** | **Кітаптардан ертегі оқу Мақсаты:** Балалардың қиялын ойлау қабілетін арттыру. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | **Үстел үсті ойыны:** «Допты жина». **Мақсаты:** Екі бөліктен бүтін құрастыруға үйре-ту. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Сөздік ойындар:** «Көжек». **Мақсаты:** Балалардың ауызша сөйлеуін дамы-ту. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата – аналарға балалар-ын азанда балабақшаға кешіктірмей әкелулерін сұрау. | Балалардың сұранып үй-леріне қайтуы. | | **Еркін ойындар.** Ата-анамен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу. | «Демалыстарың сәтті өт-сін, балалар!». |

**Тексерілді:**

## Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы

| **Күн<br>Тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі<br>06.05.2024 ж** | **Сейсенбі<br>07.05.2024 ж** | **Сәрсенбі<br>08.05.2024 ж** | **Бейсенбі<br>09.05.2024 ж** | **Жұма<br>10.05.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Саламатсыздар ма, балалар! Қал – жағдайларың қалай? Балабақшаға кіммен келдіңдер? **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналармен бала денсаулығы жөнінде сөйлесу». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Саусақ ойыны:** «Бас бармақтай балақай». **Мақсаты:** Балалардың саусақ икемділігін жетілдіру, қызығушылық сезімдерін арттыру. **(Сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Отан қорғаушылар күні.** | **Үстел үсті ойыны пазл:** «Бәйтерек құрастыр». **Мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. **(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Ұлы Жеңіс күні.** | **Дид/ойын:** «Әркімге өз үйі». **Мақсаты:** Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті дамыту. **Барысы:** Балаларға аңдардың суретін көрсетіп сұрау: -Сендер мына аңдарды білесіңдер ме? -Аңдарға үйлерін табуға көмектесеміз бе?- деп дайын үйлер терезесіне бейнеленген аңдарды орналастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Көрнекілігі:** 6-түсті (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр, қызылсары) үй және аңдардың (қоян, қасқыр, аю, түлкі, кірпі, тышқан) суреттері. **(Құрастыру, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Мамыр айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>**Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.<br>**Арқаның бұлшықеттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.<br>**Іштің және аяқтың бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар:** Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Өзін-өзі тану әлеміне».**<br>Ризамын саған,<br>«Өзін-өзі тану әлемі»<br>Ризамын саған,<br>Дәптерім менің әдемі,<br>Ризамын саған,<br>«Өзін-өзі тану әлемі».<br>Сүйеміз біз қоршаған бар әлемді.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Допты ұста.<br>**Шарты:** Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға онымен ойнауды ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтыр- | | **Қ/ойын:** Доп шеңберде.<br>**Шарты:** Балалар жерге дөңгеленіп отырады да допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолымен қалай және қай бағытқа қарай итеруді үйретеді.8-10 баладан құрылған | | **Қ/ойын:** Допты қақпаға түсіру.<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларды доп (немесе әр түрлі шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүр- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ып: «Ұста» - дейді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. **(Дене шынықтыру, сурет салу)** | | топта ойын қызықты да ширақ өтеді. **(Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | гізеді. Сызықтан 1- 1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір-бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. бала допты домалатып, қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға тәрбиеші енді дем алуды, басқалардың қалай өткізетінін көруді ұсынады. Қақпаны ірі құрылыс материалынан жасауға немесе оның орнына балалардың орындығын пайдалануға болады. Олардың аяғының арасынан балалар доп өткізеді. **(Дене шынықтыру, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге дайындық. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Қараторғайларды бақылау. **Мақсаты:** Қараторғай туралы білу. Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. **Еңбек:** Гүлзардағы топы- | | **Бақылау:** Құстардың ұшып келуін бақылау. **Мақсаты:** Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. **Еңбек:** Алаңдағы құс- | | **Бақылау:** Ұяларды бақылау. **Мақсаты:** Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың байқағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рақты қопсыту.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді күтіп баптаудың жолдарын үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Қарлығаш».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді, көктем келді<br>Жадыраған жайнаған.<br>Шашыраған сәулесімен,<br>Жасыл көктем сайраған.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | тарды тамақтандыру.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық көрсету.<br>**Қимылды ойын:** «Лашын мен ұябасар».<br>**Мақсаты:** Қырағылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді, күн шығып,<br>Айлар,күндер тұр күліп.<br>Тура анам секілді,<br>Мейрімді боп тұр күліп.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын жаңа сөздеремен байыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | **Еңбек:** Құстарға ұя жасауға көмектесу.<br>**Мақсаты:** Жанашырлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшу»<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді жеріме,<br>Бақ әкелсін еліме.<br>Күн күлімдеп көгімде,<br>Шуақ шашсын төгіле.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.<br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балаларға «Бауырсақ» ертегісін айтып беріп, ұйықтату.<br>**(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіру.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау** | **Қ/ойын:** Допты кәрзеңкеге түсір (дәл көзде).<br>**Шарты:** Балалар дөңгеленіп тұрады. Әр баланың қолында бір-бір кішкентай доп. Шеңбердің ортасында жәшік немесе үл- | | **Дид/ойын:** «Әдептілік».<br>**Мақсаты:** Балаларды «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала | | **Дид/ойын:** Гараждар.<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалар)** | кен кәрзеңке. (Балалар мен меженің арасы бір жарым-екі метрден аспайды.) Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар допты жәшікке лақтырады, одан кейін ол доптарды қайтадан алады да өз орындарына барып отырады. Егер бала межені дәл көздемесе, допты жерден (еденнен) көтереді де басқалар сияқты шеңберге тұрады. Ойын қайтадан басталады. Ойында бір мезгілде 8 -10 бала қатысады. **(Дене шынықтыру, сенсорика)** | | бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. **Ойын шарты:** Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып, «жақсы» немесе «жаман» іс – әрекетін ажыратып айтады. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | | **Ойынның құрал-жабдықтары:** Бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар. **Ойынның мазмұны:** Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айдар Айғаным музыкалық аспаптарды ажыратуын (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ) дамыту. | | Нұржігіт Ерқанат заттарды және олармен әрекет ете білуін, оларды суреттен тануын дамыту. | | Бисен Әмір заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киімдерін кигізіп, серуенге шығару. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Қараторғайларды бақылау. **Мақсаты:** Қараторғай туралы білу. Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру. **Еңбек:** Гүлзардағы топырақты қопсыту. **Мақсаты:** Гүлдерді күтіп | | **Бақылау:** Құстардың ұшып келуін бақылау. **Мақсаты:** Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету. **Еңбек:** Алаңдағы құстарды тамақтандыру. | | **Бақылау:** Ұяларды бақылау. **Мақсаты:** Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың байқағыштығын және білуге құмарлықтарын дамыту. **Еңбек:** Құстарға ұя жасауға көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баптаудың жолдарын үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Қарлығаш».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді, көктем келді<br>Жадыраған жайнаған.<br>Шашыраған сәулесімен,<br>Жасыл көктем сайраған.<br>**Мақсаты:** Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық көрсету.<br>**Қимылды ойын:** «Лашын мен ұябасар».<br>**Мақсаты:** Қырағылыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді, күн шығып,<br>Айлар,күндер тұр күліп.<br>Тура анам секілді,<br>Мейрімді боп тұр күліп.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын жаңа сөздеремен байыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | **Мақсаты:** Жанашырлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшу»<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді жеріме,<br>Бақ әкелсін еліме.<br>Күн күлімдеп көгімде,<br>Шуақ шашсын төгіле.<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.<br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Үстел-үсті ойыны:** «Пирамида жина».<br>**Мақсаты:** Балаларды пирамида құрастыруға өзара әрекеттесуге үйрету. **(Танымдық, шығармашылық)** | | **Дидактикалық ойын:** «Марғаулар».<br>**Мақсаты:** Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Фото суреттер көру.<br>**(Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | **«Санамақ».**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұжымдық жұмысты орындауға үйрету, санамақ айтуға үйрету.<br>**(Коммуникативтік, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Еркін ойындар.**<br>Балаларға ойыншықтарды орындарына қоюды үйрету<br>**Қоштасу:** Сау болыңыз! До свидания! | | **Еркін ойындар.**<br>Балалардың балабақшадан алған әсерлерін сұрау.<br>**Қоштасу:** Сау болыңыз! До свидания! | | **Еркін ойындар.**<br>Ата-анамен балаларының тәртібі жөнінде сөйлесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Тексерілді:**

## Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 13.05.2024 ж** | **Сейсенбі 14.05.2024 ж** | **Сәрсенбі 15.05.2024 ж** | **Бейсенбі 16.05.2024 ж** | **Жұма 17.05.2024 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Амандасу:** Сәлеметсізбе! Здраствуйте!<br>**Әңгіме:** «Үй». Үй туралы әңгімелесу.<br>Ата-аналармен баланың тазалығы жөнінде әңгімелесу. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналармен балаларға күн терапиясының көбірек қажет екенін айтып түсіндіру». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Саусақ ойыны:** «Әжемнің ертегілері».<br>**Мақсаты:** Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Үстел үсті ойыны пазл:** «Үйшік құрастыр».<br>**Мақсаты:** Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Суретті жалғастыр».<br>**Мақсаты:** Суреттегі аяқталмаған үлгіні өз қиялы бойынша аяқтауға үйрету. Балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту.<br>**(Сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Жыл мезгілі» (Көктем).<br>**Мақсаты:** Жыл мезгіліне тән құбылыстар мен заттарды атап үйрету. Көктем мезгілінің ерекшелігін ажыратуға үйрету.<br>**Шарты:** Балаларға көктем мезгіліне байланысты сюжетті суреттер таратылады. Артық суреттерді анықтайды себебін түсіндіреді, көктем мезгіліне байланы- | **Дид/ойын:** «Соқыр теке»<br>**Ойын барысы:** Балалар бір – бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада «Соқыр теке». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сы бар суреттерді алып себебін айтады. Шығармашылық орталығына барып балалардың жұмыстарын талдайды. Қапшықтар ұнатады рахмет деп айтады. Балалар мына жұмыстарыңды қапшықтарға сыйлаңдар. Өлең жолдарын қайта сурет арқылы қайталап бекітеді. **(Көркем әдебиет, мүсіндеу, музыка, қоршаған ортамен танысу)** | қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.<br>Соқыр теке, бақ, бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң қанекей,<br>Бірімізді тап, тап.<br>**(Музыка, дене шынықтыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Мамыр айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Қимылды ойындар**: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>**Велосипед тебу:** Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларды таңғы асқа отырғызу: «Астарың дәмді болсын, балалар!».<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Жүректен жүрекке».**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Бақшадағы тау- | **Дид/ойын:** Біз қайда бар- | **Қ/ойын:** Сылдырауық- | **Дид/ойын:** «Мекенін тап». | **Қ/ойын:** Маймылдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ықтар.<br>**Шарты:** Рейканы немесе жіптің көмегімен аздаған жер қоршалады. Ол–бау-бақша. Одан қашық емес жерге орындық қойылады, бұл күзетшінің күркесі. Күзетшінің ролін алғашқыда тәрбиеші орындайды, ал кейін тәрбиешінің белгілеуімен белсенді балалар атқарады. Қалған балалар тауықтар. Күзетші орындыққа отырған бойда тауықтар бақшаға түседі, қорғанның астынан өтіп, бақшада жүреді, жерді шұқиды, қытқылайды. Күзетші тауықтарды байқап оларды бақшадан қуа бастайды – алақанын шапалақтайды, «Қыш – қыш» деп дауыстайды. Тауықтар қашып кетеді. Қорықшы бақшаны бір айналып шығады да қайтадан отырады. Ойын қайта басталады. Одан кейін басқа күзетші тағайындалады. Ойын осылайша 4-5 рет қайталанады.<br>**(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | дық, не көрдік?<br>**Мақсаты:** Буындап әуендету ерекшеліктеріне үйрету.<br>**Шарты:** Жетекші әнмен сұрақ қояды. Балалар әнмен жауап береді.<br>-Біз орманға бардық, не көрдік?<br>–Аю, қоян, түлкі, қасқыр, т.б.<br>-Біз циркке бардық, не көрдік? **(Музыка, сөйлеуді дамыту)** | ты сылдырат(сылдырауыққа дейін еңбектеп жет).<br>**Шарты:** Балалар орындыққа отырады; олардан 2,5-3 м жерде сылдырау-ық жатыр. Тәрбиеші балаларды кезекпе-кезек атап, сылдырауықпен ойнауды ұсынады. Ол үшін сылдырауыққа еңбектеп барып, оны алады, орнынан тұрады, сылдыратады қайтадан орнына қояды, сөйтіп өз орнына келеді. Балалар еңбектеуді үйренген кезде 3-4 сылдырауық қою ұсынылады, сонда қанша сылдырауық болса, сонша бала ойнай алады.<br>**(Дене шынықтыру, музыка)** | **Ойнаушылар саны:** 7-8 бала.<br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін тереңдету. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс атауға үйрету. Олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.<br>**Құрал-жабдықтары:** Жабайы аңдардың суреттері<br>**Ойынның барысы:** Аңдардың атын атап, оларды тіршілік ету ортасына сай сәйкестендіреді.<br>**(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Шарты:** Ойында гимнастикалық қабырға немесе (учаскеде) үш қырлы кішкене дуал пайдаланады. Тәрбиеші бүгін балалар маймылдарша өрмелеуге үйренетінін айтады да екі-үш балаға сатының қарсы алдында тұруды, сөйтіп, бірнеше баспалдаққа көтерілуді ұсынады. Балалар 5-6 баспалдақ көтерілгенде тәрбиеші: «Міне, көрдіңдер ме, маймылдар қалай ағашқа өрмелеп кетті! Ал енді қайтадан төмен түсіңдер», - дейді. Балалар жоғары қарай өрмелеп және төмен қарай түскенде әрбір баспалдақты басуын міндетті түрде қадағалау керек.<br>**(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың бас киімдерін кигізіп, далаға серуенге шығару.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райына | **Бақылау:** Күнге бақылау | **Бақылау:** Желге бақыл- | **Бақылау:** Аспанға бақыл- | **Бақылау:** Шоғырланған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.<br>**Еңбек:** Топырақты тұқым салуға дайындау.<br>**Мақсаты:** Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар».<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Ауа райын сипатта!». | жасау.<br>**Мақсаты:** Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсың). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Еңбек:** Гүл тұқымын топыраққа егу.<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт».<br>**Мақсаты:** Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br>**Жеке жұмыс:** Сары түсті қағаздан күнді қиып, картон қағазға жабыстырып үйрету.<br>**Мақсаты:** Жабыстыру технологиясын меңгерту. | ау жасау.<br>**Мақсаты:** Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>**Еңбек:** Қажеттілік бойынша жұмыс.<br>**Мақсаты:** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қақпақ пен таяқ».<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** «Жақсы, жаман».<br>**Мақсаты:** Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қа- | ау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр, ал қазір –көкшіл). Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>**Еңбек:** Тұқымды қарашірікке отырғызу.<br>**Мақсаты:** Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Қазым, қазым қаңқылда!».<br>**Мақсаты:** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.<br>**Жеке жұмыс:** «Көктемге арнап бояу табайық».<br>**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен тан-** | бұлтқа бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**Еңбек:** Ауладағы шөпті тазалау.<br>Мақсаты: Айырмен жұмыс істей білу, шөпті үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Кілттер».<br>**Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды).<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаағн ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған тортамен танысу, дене шынықтыру, жапсыру)** | рама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну).<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** «Бұлт неге ұқсайды?».<br>**Мақсаты:** Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды ішке кіргізіп, беті - қолдарын жуып, түскі тамаққа дайындау<br>**(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларды түскі аспен таныстыру.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (Балаларды өз төсектеріне жатқызып, «Қызыл телпек» орыс халқының ертегісін оқып беру.<br>**((Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды орындарынан ретімен тұрғызып, «Денсаулық» жолымен жүргізу.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың қолдарын жуғызып, бесін асқа отырғызу.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Дид/ойын:** «Суретші қай жерде қателесті?».<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>**Ойынның мазмұны:** Тәрбиеші суретшінің | **Қ/ойын:** Дөңгелекті ұста.<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларға жіптің көмегімен ұзындығы 0,5 м таяққа ілінген жарқыраған дөңгелекті көрсетеді. 4-6 баладан топ жиналған кезде тәрбиеші дөңгелекті көте- | **Дид/ойын:** Өз үйіңді тап.<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. | **Дид/ойын:** «Өрнек құрастыр».<br>**Мақсаты:** Әр түрлі пішіндер мен элементтерден өз бетімен өрнек құрастыру. Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. | **Дид/ойын:** «Егер де ...».<br>**Мақсаты:** Балалардың сын тұрғыдан ойлауларын одан ары қарай жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. Егер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Көктем» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | ріп, балалардың басынан жоғары айналдырып әкеледі де: «Ұста», «ұста», - дейді. Балалар дөңгелекке тырмысады. Дөңгелекке жетуге онша құмартпай тұрған балаларға тәрбиеші дөңгелекті, олардың қолы тиюіне мүмкіндік беріп, таяқты сәл төмендетеді де, балалардың белсенділігін арттыру үшін, қайтадан тез көтере қояды. Дөңгелекті балалар төбесінен осылай 2-3 рет айналдырғаннан кейін тәрбиеші кімнің қолы жеткенін атап өтеді де олардың әрқайсысына бір-бір дөңгелектен береді. Бірте-бірте балалардың барлығы бір-бір дөңгелектен алады. Тәрбиеші дөңгелекті машинаның рулі ретінде ұстап, енді «шофер» болып ойнауды, бөлмеде жүгіруді ұсынады. **(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | **Ойынның құрал-жабдықтары:** Түрлі-түсті дөңгелектер. **Ойынның мазмұны:** Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады. **(Сенсорика, сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **Шарты:** Квадрат, тікбұрышты, дөңгелек ақ қағаз бетіне үлгіге қарап, өрнектерді түсіне, пішініне, көлеміне сәйкес симметриялы орналастыру. **(Сурет салу, сенсорика, жапсыру)** | орманда ағаштар болмаса онда басқа жан-жануарлармен не болмақ? **(Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сабденбек Хамза жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуын дамыту. | Бердіқұл Жақсылық түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. | Гамера Арина Викторовна бұрын естіген әндерін тануын дамыту. | Ергенбай Айзере заттарды және олармен әр-екет ете білуін, оларды су-реттен тануын дамыту. | Рашид Батырхан қарқынды өзгертіп жүруін, жүгіруін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды кешкі серуенге дайындап, серуенге шығару. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Ауа райына | **Бақылау:** Күнге бақылау | **Бақылау:** Желге бақы- | **Бақылау:** Аспанға бақыл- | **Бақылау:** Шоғырланған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.<br>**Еңбек:** Топырақты тұқым салуға дайындау.<br>**Мақсаты:** Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар».<br>**Мақсаты:** Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.<br>**Жеке жұмыс:** «Ауа райын сипатта!». | жасау.<br>**Мақсаты:** Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсың). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>**Еңбек:** Гүл тұқымын топыраққа егу.<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт».<br>**Мақсаты:** Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br>**Жеке жұмыс:** Сары түсті қағаздан күнді қиып, картон қағазға жабыстырып үйрету.<br>**Мақсаты:** Жабыстыру технологиясын меңгерту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған тортамен та-** | лау жасау.<br>**Мақсаты:** Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.<br>**Еңбек:** Қажеттілік бойынша жұмыс.<br>**Мақсаты:** Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қақпақ пен таяқ».<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** «Жақсы, жаман».<br>**Мақсаты:** Табиғатта | ау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр, ал қазір –көкшіл). Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>**Еңбек:** Тұқымды қарашірікке отырғызу.<br>**Мақсаты:** Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Қазым, қазым қаңқылда!».<br>**Мақсаты:** Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару.<br>**Жеке жұмыс:** «Көктемге арнап бояу табайық».<br>**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен тан-** | бұлтқа бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**Еңбек:** Ауладағы шөпті тазалау.<br>Мақсаты: Айырмен жұмыс істей білу, шөпті үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Кілттер».<br>**Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету (жылы, ашық, суық, құрғақ, желді, жаңбырлы, тұманды).<br>**Еркін ойындар. (Қоршаағн ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **нысу, дене шынықтыру, жапсыру)** | болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну).<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **ысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | орындарын ауыстырады. Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** «Бұлт неге ұқсайды?».<br>**Мақсаты:** Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды ішке кіргізіп, беті - қолдарын жуып, түскі тамаққа дайындау **(Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Адамның тұрмыстық заттары"** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Адам өмірін жеңілдететін заттар (жиһаз, электр аспаптары, ыдыс) туралы түсінікке ие. **(Танымдық, шығармашылық)** | **«Санамақ»** ойыны.<br>**Мақсаты:** Заттарды бір -бірімен беттестіру, салыстыру, үлкен-кіші ұғымдарды білу.<br>**(Коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік- эмоционалды дағдылар**) | **"Ғажайып қап"** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Заттың қасиеттерін атау және сипаттау.<br>**(Коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **"Түрлі – түсті себет"** дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** Балаларға көкөністер мен жемістердің түстерін ажыратуды үйрету. **(Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **Дидактикалық ойын:** "Гүлдің түсіне қарап пішіндерді топтастыр".<br>**Мақсаты:** Түстерді топтастыру бөліктерден геометриялық пішінді құру. **(Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың тәрбиешіден сұранып, үйге қайтуы. | Ата – аналарға балаларының бүгінгі жасаған жұмыстарын табыстау. | «Сау болыңыз, әпкей!». Балалардың қоштасып, үйлеріне қайтуы. | Ата – аналарға балаларын балабақшаға кешіктірмей әкелулерін сұрау. | «Демалыстарың жақсы өтсін, балалар!». |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 20.05.2024 ж | Сейсенбі 21.05.2024 ж | Сәрсенбі 22.05.2024 ж | Бейсенбі 23.05.2024 ж | Жұма 24.05.2024 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Таңертеңгілік қабылдау:** «Сәлеметсің бе, балабақша!». **Мақсаты:** Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналарға балаларының жаз мезгілінде көбірек жылы су ішіп, мұздай судан сақтанулары туралы кеңес беру». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу. **(Сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу; **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Ертегі:** «Менің сүйікті ертегім». **Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Балақан да алақан». **Шарты:** Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып та- | **Дид/ойын:** «Таныс пішіндер доминосы». **Мақсаты:** Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. **Ойынның мазмұны:** Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші біріншi суретті үстелдің ортасына қояды, қалған бала- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | былады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.<br>Кел балалар, шапалақтап<br>Алақанды ұрайық.<br>Жаңылғанды ортаға ап,<br>Бір өнерін сұрайық.<br>Қ – сы<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Балақан.<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Алақан.<br>Айып тартсақ саспайық,<br>Қысылмайық қиналып.<br>Кел ойынды бастайық,<br>Келді достар жиналып.<br>Қ – сы<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Балақан.<br>Ла – ла – ла – ла,<br>Алақан.<br>Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады. Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді.<br>Соғылғанда алақан,<br>Жаңылдың сен, балақан.<br>Шаю үшін кінәңді,<br>Көрсет бір өнеріңді.<br>**(Музыка, дене шынықтыру, көркем әдебиет)** | лар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Ойынның көрнекілігі:** Пішіндер бейнеленген суреттер. **(Құрастыру, сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | **Мамыр айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге баулу.<br>**Мәдени – гигиеналық дағдыларды қалыптастыру:** Ұйықтар алдында кімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Туған жерім».**<br>Жайлауымдай жазықпын.<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін.<br>Қуат алған өзіңнен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген,<br>Отанымның гүлімін.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Кішкентай және үлкен аяқтар.<br>**Шарты:** Балалар орын-дыққа жартылай дөңге-лене отырады. Тәрбиеші оларға қарама-қарсы оты-рып, балаларға аяқтарын көрсетуді сұрайды. Бала-лар аяқтарын алға созып, көтереді. Тәрбиеші көң-ілді түрде былай дейді: «Кішкентай аяқтар жол-мен жүгіріп кетті. Қараң-дар олардың қалай жүгір-генін». Осыны айтады да аяғымен бірнеше рет тез-тез жер тепкілеп: «тым-пыл, тымпыл, тымпыл!» -дейді. Балаларда соны іс-тейді. Одан кейін тәрбие-ші қимылын баяулатып | **Дид/ойын:** Кім қалай жү-реді?<br>**Ойын шарты:** Ән – күй жетекшісі күйсандықта балаларға әр түрлі жан-уарлар болмысына сай, әуенді ойнайды. Балалар әуенді тыңдап, әуенге сай қимыл – қозғалысты ор-ындаулары керек.<br>**(Музыка, қоршаған ор-тамен танысу)** | **Қ/ойын:** Күнім, күнім ... (Сәулем, сәулем...).<br>**Шарты:** Балалар өлең оқып, қимылдың бағыт-ын көрсетіп тұрған тәр-биешіні айнала қоршай тұрады. Балалар оның артынан қайталайды.<br>О, алтын күн, алтын күн Әйнектен қара, жарқын күн!<br>Балаларың жылауда,<br>Сүрініп тасқа құлауда.<br>Балалар әннің ырғағына қарай қолдарын соғады, тізе бүгіп жүресінен от-ырады (сөз екпіндерін-де). Қол соғуды тоқтат-пай, жалғастыра отыр-ып, бір орында секіреді. Қолдың буындары мен | **Дид/ойын:** Сиқырлы сур-еттер.<br>**Мақсаты:** Балалардың ло-гикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау проц-есстерін дамыту.<br>**Ойынның құрал-жаб-дықтары:** Әр түрлі сурет бөлінділері.<br>**Ойын барысы:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрай-ды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>**(Қоршаған ортамен тан-ысу, сөйлеуді дамыту, құ-растыру)** | **Қ/ойын:** Мұнара жасай-ық.<br>**Шарты:** Мұнарамен (шығыршықтармен, шар-иктермен) ойынға тәрбие-ші бір мезгілде 5-6 бала-ны қатыстырады. Бұл ба-лаларға уақтылы көмек көрсету үшін жасалады. Алғашқыда ойынның мә-ні мынада: балалар шығ-ыршық пен шарларды ал-ады да білекке (стержень) кигізеді: мұны істеу өте қиын, майда бұлшық ет-тердің қатты жұмыс істе-уіне тура келеді және та-бандылық керек. Балалар шығыршықты білекке ки-гізу процесін үйренгенде тәрбиеші олардың назар- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | былай дейді: «Үлкен аяқтар жолда тымпыл-тымпыл жүріп бара жатыр». Тәрбиеші алдымен кішкентай аяқтар, одан кейін үлкен аяқтар жөніндегі текcті осылайша бірнеше рет айтады. Балалар оның артынан тез және баяу қимылдарды алмастыра қайталайды. **(Дене шынықтыру, музыка)** | | саусақтары бұлшық еттерін жетілдіруге арналған ойындар. **(Дене шынықтыру, музыка)** | | ын құрастырылған мұнараның формасына аударады да («Ол түп түзу») әр жолы ең үлкен шығыршықтарды таңдай отырып, осындай мұнараны қалай жасау керек екенін көрсетеді. Одан әрі ойынды әртүрлі етіп құруға болады: мысалы; мұнараны бір размерлі шығыршықтардан құрастыруға («Бағандар жасаймыз») тапсырма беріледі немесе білекке бір түсті шарлар немесе белгілі бір сан мөлшерінде тізбектеледі. **(Дене шынықтыру, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. **Еңбек:** Аула маңын қоқыстан тазарту. **Мақсаты:** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспар- | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау. **Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту. **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. **Мақсаты:** Жинақылыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім шапшаң?». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау. **Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу. **Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. **Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту. **Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. **Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Еңбектенуге үйрету. **Қимылды ойын:** «Орман дақтары». | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. **Мақсаты:** Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. **Еңбек:** Ағаш түбін әктеу. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Батылдар».<br>**Мақсаты:** Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** «Қайық қайда жүзіп барады?».<br>**Мақсаты:** Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп, оның қайда жүзетінін бақылау.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, жапсыру)** | Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Ширақ қимылдауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Адам көркі шүберек,<br>Ағаш көркі жапырақ.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын кеңейту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді ырғатыла,<br>Сылаң қағып сай-сала.<br>Қызғалдақтар қырға тұна,<br>Құлпырды бар айнала.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келіп, қырда,<br>Құлпырады шалғын,<br>Қозы, лақпен бірге,<br>Ойнап, асыр салдым.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**(Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Баяу қарқынмен ертегі тыңдату. **(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Асқа отырғызу. Асты ұқыпты жеуге дағдыландыру.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс -** | **Балаларға өлең оқып беру.**<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын байыту.<br>Қарға біздің қар, қар, | **Қ/ойын:** Моншақ.<br>**Шарты:** Бұл ойын үшін балаларға жақсы есілген жіп және әр түсті шариктер, ағаштан, пластмасса- | **Дид/ойын:** Зейінді бол<br>**Мақсаты:** Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсе- | **Дид/ойын:** «Негізгі және қосымша түсті тап».<br>**Мақсаты:** Түстер мен олардың реңктерін анықтауға, негізгі және қосымша | **Дид/ойын:** «Шынжырға ертегілерді жинайық».<br>**Мақсаты:** Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Сауысқаны саңқ, саңқ. Торғайларым шиқ, шиқ Жапалағым ух, ух. Көкек көкек, көкек деп, Ұшады екен желпілдеп. **(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | дан жасалған тесіктері бар цилиндр беріледі. Балаларға сол формаларды жіпке тізіп, ұзын моншақ жасау ұсынылады. Балалар бұл қимыл әдісті меңгергеннен кейін, бір жіпке екі бала бірігіп тізуге болады деген ұсыныс жасалады (екі жағынан). Тек балаларға тізу кезінде моншақтарды формасы және түр-түсіне қарай алмастырып отыру ұсынылады. **(Дене шынықтыру, сурет салу, құрастыру)** | те білу. **Көрнекілік:** Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер. **Барысы:** Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады. **(Сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | түстерді ажыратуға үйрету. Суық және жылы түстерді ажырату дағдыларын бекіту. **Шарты:** 1 вариант: Суық және жылы түстерді жеке орналастыру. 2 вариант: Арифметикалық амалдар арқылы негізгі түстерден «қосу, азайту» көмегімен қосымша түстерді шығару. **(Сурет салу, сенсорика)** | **Шарты:** Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенін айтады. Мысалы:"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарта алмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан "). Ертегіні үш сөзден тауып ал: 1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық") 2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр. ("Қасқыр мен жеті лақ"). **(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бисенбай Жанкелді қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуды дамыту. | Құралбай Ұлдана үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауын дамыту. | Еркінбек Парасат кесе, тостаған, табақ-ты мүсіндеуде пішін-нің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуін дамыту. | Аманбек Ақсезім өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытуын: оларды жақсы көруін, сипауын дамыту. | Темірбай Айсезім заттардың бойымен, астымен еңбектеуін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау. **(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қардың еруінен пайда бо- | **Бақылау:** Сүңгілерді бақылау. **Мақсаты:** Балалармен бірге сүңгілерді қарау. | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау. **Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. **Мақсаты:** Балалардың на- | **Бақылау:** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. **Мақсаты:** Ағаштарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | латын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау.<br>**Еңбек:** Аула маңын қоқыстан тазарту.<br>**Мақсаты:** Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Батылдар».<br>**Мақсаты:** Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** «Қайық қайда жүзіп барады?».<br>**Мақсаты:** Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп, оның қайда жүзетінін бақылау.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, жапсыру)** | Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау.<br>**Мақсаты:** Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім шапшаң?».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br>**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Ширақ қимылдауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Адам көркі шүберек,<br>Ағаш көркі жапырақ.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын кеңейту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | зарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Орман дақтары».<br>**Мақсаты:** Дене бұлшықеттерін дамыту.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келді ырғатыла,<br>Сылаң қағып сай-сала.<br>Қызғалдақтар қырға тұна,<br>Құлпырды бар айнала.<br>**Мақсаты:** Сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.<br>**Еңбек:** Ағаш түбін әктеу.<br>**Мақсаты:** Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Секіргіш бақалар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Көктем келіп, қырда,<br>Құлпырады шалғын,<br>Қозы, лақпен бірге,<br>Ойнап, асыр салдым.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорларын дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**(Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (Гигиеналық шаралар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Кітаптардан ертегі оқу Мақсаты:** | **Үстел үсті ойыны:** «Түйме». | **Қимылды ойын:** "Күн мен жаңбыр". | **Үстел үсті ойыны:** «Бауырсақ». | **Дидактикалық ойын:** «Жартылай суреттер». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Балалардың қиялын, зейінін дамы- туға ықпал ету. **(қоршаған ортамен та- нысу, сөйлеуді дамыту – ойын, коммуника- тивтік қызмет)** | **Мақсаты:** Түстерді ат- ауға үйрету, негізгі түс- терді бекіту. **(Коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, епті- лікке баулу. **(Коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Мақсаты:** Балаларға ер- тегі әлеміне қызығушы- лығын қалыптастыру. ***(*Қоршаған ортамен та- нысу, сөйлеуді дамыту – ойын, коммуникатив- тік қызмет)** | **Мақсаты:** Екі бөліктен тұратын заттарды тұтас жасауға зейінін, тап- қырлығын дамыту. Ұқ- сас суреттерді тауып, бір – бірімен салыстыра білуге жаттықтыру. **(Құрастыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | **Психологтің кеңесі:** Мы- салы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнат- қан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет». | Балалар отбасында өз- дері не істей алатында- ры туралы әңгімелесу. | **Кеңес:** «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | «Үй жануарлары және жабайы жануарлар» та- қырыбына сурет көрме- сін ұйымдастыру. **(Сурет салу)** |

**Тексерілді:**

**Тәрбиелеу–білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Жаңа-Теріс» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Мамыр айы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 27.05.2024 ж | Сейсенбі 28.05.2024 ж | Сәрсенбі 29.05.2024 ж | Бейсенбі 30.05.2024 ж | Жұма 31.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Әңгімелесу:** «Өзіне-өзі қызмет ету».<br>Балаларға киімдерін кигізіп, шешуге үйрету.<br>Ата-аналармен балалардың өзі киініп шешуін үйден де қадағалап бақылауы туралы әңгімелесу.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата – аналармен әңгімелесу:** «Ата – аналарға балаларын жаз айларындағы балабақшадағы орны сақталып, кезекпен бір айлық демалыс алуларына болатынын айтып түсіндіру.». **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Саусақ ойыны:** «Әжемнің ертегілері».<br>**Мақсаты:** Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Үстел үсті ойыны пазл:** «Үйшік құрастыр».<br>**Мақсаты:** Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**(Құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | **Дид/ойын:** «Ән салған кім?».<br>**Шарты:** Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады (тембрді айыру | **Дид/ойын:** «Пішіндерден шырша құрастыру».<br>**Мақсаты:** Балаларды пішіндерді ажыратып, атауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту<br>**Ойнаушылар саны:** 10 -15 бала.<br>**Құрал-жабдықтары:** Геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның барысы:** Үстел үстінде көлемі әр түрлі пі- | **Дид/ойын:** Алыста ма, жақында ма?<br>**Мақсыты:** Затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қарандар, біздің иттер біреулерді көріп қалыпты. Балалардың назары пингвинге (үйрекке, бақаға, т.б. ойыншыққа ауады.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үшін арналған ойын).<br>Көп бала бар бөлмеде,<br>Бірі ғана ән салады.<br>Ал сырттағы<br>Кім екен деп тамсанады<br>Бір бала былай деп ән-<br>детеді:<br>Мен бақытты бөбекпін,<br>Таудай биік талабым,<br>Ән мен күйге зерекпін,<br>Бірден қағып аламын.<br>**(Музыка, дене шын-ықтыру)** | шіндер қойылған. Балалар сол пішіндердің арасынан үшбұрыштарды тауып, шырша құрастырады. Пішіндердің атын атайды. Геометриялық пішіндерді салыстырады.<br>**(Құрастыру, сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | Бір пингвин келе жатыр. Өзінің кеудесі ақ, денесі қара көргілерің келе ме? Онда жақынырақ келсін деп айтыңдар.<br>«Жақынырақ келші» пингвин келе жатып тоқтап қалады.<br>Енді пингвинді орындықтарында отырып алып көріндерші. Ала-алдын-дар ма?<br>Неге? Өйткені алыста тұр. Онда алыста тұрсын деп айтыңдар! т.с.с. **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Мамыр айына арналған таңғы жаттығу кешені.**<br>**Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:** Үстел басында дұрыс отыру.<br>**Сауықтыру – шынықтыру шаралары:** Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс;<br>әдеп ережесі. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық** | **Шаттық шеңбер: «Ізгі сөздер».**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>Ертемен, ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!» - тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | | **Дене шынықтыру** |
| | **Қ/ойын:** Қазық қақ.<br>**Шарты:** Ойын үшін қазықтармен бірге станок | **Дид/ойын:** Қатты және ақырын ән.<br>**Ойын шарты:** Топтан | **Қ/ойын:** Жалаушаны тап.<br>**Шарты:** Балалар (6-8 | **Дид/ойын:** «Әдемі гүл».<br>**Ойынның мақсаты:** Түстер туралы ұғымын | **Қ/ойын:** «Қарлығаш».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа әрі шыдам- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және балға беріледі. Балаларға кішкентай балғаның көмегімен қазықты қалай қағуды көрсету керек. Бір қазықты қаққаннан кейін бала екіншісін қағады т.б. Бұдан кейін станокты аударады. Қазықтар тағы үстінен көрінеді. Бұған бала таңданып қалады, қуаныш пайда болып, оның жаңағы қимылды қайталағысы келеді.Тәрбиеші баланың ретсіз кез келген қазықты ұра бермей, оларды кезекпен ұруын бақылауы керек.<br>**(Дене шынықтыру, құрастыру)** | бір бала ортаға шығады. Қалған балалар ойыншықты залдың бір жеріне тығып қоюға кіріседі. Таңдалған бала шығып ойыншықты іздей бастайды, балалар егерде қатты әндетсе, соғұрлым ойыншық жақын жерде, ал егер балалар ақырын әндетсе ойыншық алыста дегенді білдіреді. Таңдалған бала осыны пайдалана отырып, ойыншықты тауып алуы керек. **(Музыка** | адам) орындықтарда немесе көгалда отырады. Тәрбиешінің сигналы бойынша балалар көзін жұмады, осы кезде тәрбиеші жалаушаларды (балалардың санына қарай) әр жерге тығып қояды. Жалаушаларды іздейтін уақыт жетті», - дейді тәрбиеші. Балалар көздерін ашып, іздеуге кетеді. Жалаушаны тапқан бала өз орнына қайта келеді. Балалардың барлығы да жалаушаларды тапқаннан кейін, бірінің артына бірі тізіліп, аланды жағалай жүреді. Колоннаның алдында жалаушаны бірінші тапқан бала жүреді. «Орындарыңа барыңдар!» деген сигнал естілгенде, балалар өз орындықтарына барып отырады, ойын қайта басталады.Тәрбиеші балалардың бір жалаушадан ғана алуына бақылау жасауы керек. Бұл ойынды орман ішінде, алаңда өткізген жақсы болады: жалаушаларды шөптің арасына, бұталарда, ағаштардың артына жасыруға болады.<br>**(Дене шынықтыру,** | бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту.<br>**Ойынның мазмұны:** Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» -деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады.<br>**Көрнекілігі:** Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер.<br>**(Құрастыру, сурет салу)** | дылыққа, ұйымшылдыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет. Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға тырысады. Егер ол тырысып, ойыншының біреуін ұстап алса, ол «күзетші» атанады.<br>**(Дене шынықтыру, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **қоршаған ортамен танысу)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге дайындық.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау.<br>**Мақсаты:** Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей».<br>**Мақсаты:** Хоккей таяғы- | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Гүлдер».<br>**Мақсаты:** Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Аланда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүлойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін | **Бақылау:** Бұталарды бақылау (итмұрын, көгіс, қаражеміс, шетен, қызыл мойыл).<br>**Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту (көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс, екеуі бірге өседі) қолайлы шарттармен байланысын көрсету (көп жарық, жылу, ылғал). Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту, қорғауға ұмтылдыру.<br>**Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Қураған бұтақтарды кесу үшін балаларды қатыстыру (қураған бұтақтарды белгісі бойынша анықтау), өз еңбегінің мәнін түсіну. Үлкендерге көмектесу ықыластарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Шегіртке».<br>**Мақсаты:** Алға қарай екі аяқтап секіруді беки- | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі). Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін, қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.<br>**Қимылды ойын**: «Ағаш- | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызығушылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**«Орман дақтары».<br>**Мақсаты:** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).<br>**Жеке жұмыс:** «Тұқымның саяхаты».<br>**Мақсаты:** Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады).<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | ту. Шапшаңдықты дамыту, тепе-теңдікті сақтауды үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ:** Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту (кімде-кім аз секірсе сол жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу.<br>**Жеке жұмыс:** «Біздің үй қайсы, тап?».<br>**Мақсаты:** Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау.<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.<br>**Еркін ойындар.**<br>**(Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. **(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Тышқан мен мысық» ертегісін балаларға айтып, ұйықтату.<br>**(Көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіру.<br>**(Дене белсенділігі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау** | **Дид/ойын**: «Мамандықты ата».<br>**Ойнаушылар саны:** 7-8 бала.<br>**Мақсаты:** Мамандық иелерімен таныстыру, олардың атқаратын қызметі | **Дид/ойын:** Бақша да ма, бау да ма?<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру | **Қ/ойын:** Қыдыруға барайық.<br>**Шарты:** Балалар алаңның (бөлменің) жан-жағына қойылған орындықтарда отырады. Тәрбиеші балалардың | **Дид/ойын:** «Су асты патшалығы».<br>**Мақсаты:** Пішіндерден үлкен компазиция құрай білуге үйрету.<br>**Ойнаушылар саны:** 5-6 бала. | **Дид/ойын:** Сиқырлы қап.<br>**Мақсаты:** Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және басқалар)** | туралы әңгімелей білуге үйрету.<br>**Құрал-жабдықтар:** Маман иелерінің суреттері, құрал-жабдықтардың суреттері.<br>**Ойынның барысы:** Сурет бойынша мамандықтардың аттарын, қызметін атау. (Бұл – аспазшы. Ол тамақ пісіреді. Бұл – құрылысшы. Ол үй тұрғызады . **(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** | **Ойынның барысы:** Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балаларды ойынға қызығушылықпен қатыстырады<br>**Көрнекілігі:** Жемістер мен көкөністердің суреттері. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | біреуіне жақындап келеді де оны өзімен бірге қыдыруға шақырады. Ол бала тәрбиешінің артына тұрады. Ендігі бала одан кейін тұрады да, тағы сондай. Тәрбиеші осылайша 6-8 баланы жинайды да, олармен бірге алаңды бір-екі айналып өтеді. «Үйге, үйге!» деген сигнал бойынша балалар өз орындарына жүгіреді. Тәрбиеші басқа балаларға келеді, ойын одан әрі жалғастырылады.<br>**(Дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | **Құрал-жабдықтары:** Әр түрлі пішіндер. Су асты патшалығының суреті .<br>**Ойынның барысы:** Балаларға әр түрлі пішіндерден балықтарды құрастырып «су асты патшалығына» орналастыру керек.<br>**(Құрастыру, сенсорика)** | таныс ойын-шықтар мен заттарды жә-шікке жинайды. Балалар-ға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен дейді. Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады.<br>**(Сөйлеуді дамыту, сурет салу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ахылбек Томирис жеке дауысты және дау-ыссыз дыбыстарды, елік-теу сөздерін айта алуын дамыту. | Нұрлан Гүлім түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуін және салыстыруын дамыту. | Мият Айкөркем педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтуын дамыту. | Мейірбек Әмір дәмі, сыртқы белгілері бойынша көкөністер мен жемістерді ажыратуын және атауын дамыту. | Рашит Балсезім бел-гілі бір ретпен киінуін және шешінуін дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды кешкі серуенге дайындап, серуенге шығару.<br>**(Мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп тү- | **Бақылау:** Бақбақтың өсуін бақылау.<br>**Мақсаты:** Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу | **Бақылау:** Бұталарды бақылау (итмұрын, көгіс, қаражеміс, шетен, қызыл мойыл).<br>**Мақсаты:** Бұталарды бұтақтарына және бүр- | **Бақылау:** Ағаштарға бақылау жасау.<br>**Мақсаты:** Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өс- | **Бақылау:** Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағ- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету.<br>**Еңбек:** Ауладағы қураған шөпті жинау.<br>**Мақсаты:** Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Көк шөптегі хоккей».<br>**Мақсаты:** Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үй- | реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту.<br>**Мақсаты:** Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Гүлдер».<br>**Мақсаты:** Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады);ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).<br>**Жеке жұмыс:** «Тұқымның саяхаты».<br>**Мақсаты:** Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту (тұқым-су, топырақ, жылы, сабақ, жапырақтар, гүл, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды | шіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту (көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс, екеуі бірге өседі) қолайлы шарттармен байланысын көрсету (көп жарық, жылу, ылғал).<br>**Еңбек:** Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Қураған бұтақтарды кесу үшін балаларды қатыстыру (қураған бұтақтарды белгісі бойынша анықтау), өз еңбегінің мәнін түсіну. Үлкендерге көмектесу ықыластарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Шегіртке».<br>**Мақсаты:** Алға қарай екі аяқтап секіруді бекіту. Шапшаңдықты дамыту, тепе-теңдікті сақтауды үйрету.<br>**Жеке жұмыс: Жұмбақ:** Бір халық аспанда ұшқан аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Логикалық | кіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру (аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі). Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін, қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>**Еңбек:** Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.<br>**Мақсаты:** Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.<br>**Қимылды ойын**: «Ағаштан ағашқа».<br>**Мақсаты:** Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту (кімде-кім аз секірсе сол жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу.<br>**Жеке жұмыс:** «Біздің үй қайсы, тап?». | аштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызығушылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Еңбек:** Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту.<br>**Мақсаты:** Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**«Орман дақтары».<br>**Мақсаты:** Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Жеке жұмыс:** Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау.<br>**Мақсаты:** Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рету. Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** | жел ұшырады).<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** | ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Мақсаты:** Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>**Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | **Еркін ойындар. (Қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.<br>**(Мәдени – гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс - әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Баяу қимылды ойын:** «Күн мен бұлт».<br>**Мақсаты:** Балалардың эмоционалдық көңіл күйін қалыптастыру **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту – ойын, коммуникативтік қызмет)** | **Кітаптардан ертегі оқу**<br>**Мақсаты:** Балалардың қиялын, ойлау қабілетін арттыру.<br>**(Коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Қимылды ойын:** «Сұр қоян».<br>**Мақсаты:** Балалардың ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. **(Қоршаған ортамен танысу, сөй-леуді дамыту – ой-ын, коммуникатив-тік қызмет)** | **Үстел үсті ойыны:** «Атын тап».<br>**Мақсаты:** Балалардың есту қабілетін дамыту.<br>**(Коммуникативтік, танымдық қызмет)** | **Сөздік ойындар:** «Сиқырлы сандық».<br>**Мақсаты:** Балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. **(Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту – ойын, коммуникативтік қызмет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларға ойыншықтарды орындарына қоюды үйрету.<br>**Қоштасу:** Сау болыңыз! До свидания! | Ата-анамен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу. | Балаларға жазғы демалыстарын жақсы өткізулеріне тілек білдіру. | Ата – аналарға балаларына әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Тексерілді:**